

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор PhD

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор PhD

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Российская Федерация)
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор
Трушев А. К., д.ф.н., профессор
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия)
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Российская Федерация)
Баратова М. Н., д.ф.н., профессор
Аймухамбет Ж. А., д.ф.н., профессор
Шапауов Ә. Қ., к.ф.н., профессор
Шокубаева З. Ж., технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

МАЗМҰНЫ

Абылкасимова Г. А., Тулебаева К. Т.

Олжас Сүлейменов поэзиясындағы эстетикалық категориялар
мен эстетикалық көзқарастар9

Ақбаева М. О.

Медиадискурс лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде22

Ереалиева С. Ж., Асанбаева Е. Б., Сарыбаева Б. Ж.

Әлемнің ұлттық құндылық бейнесі және интернет дискурс:
өзара әрекеттесу мәселелері32

Жанұзақова Қ. Т., Байбатшаева Ж. А.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасындағы
постмодернистік тенденциялар43

Жұмажанова Ф. Т., Кулахметова М. С.

«Тәржұмандағы» туыстық атаулардың қазіргі түркі тілдерімен лексикалық
сабақтастығы және прагматикалық ерекшеліктері жайында54

Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Жумабекова Б. Б.

Ахмет Байтұрсынұлы – фольклортанушы ғалым66

Кадырова Б. М., Ағалиева Н. Б., Жуманбаева Р. О.

Қазақ тіліндегі әскери терминдердің лингвистикалық сипаты75

Килыбаев Т. Б., Молдағали Б., Акимбекова Ш. А.

Қазақстан білім беру жүйесі мәнісінде академиялық
жазылым дағдыларының қалыптасу ерекшеліктері86

Кожамбетова К. Е., Кожамбетова Б. Р., Зейнулина А. Ф.,

Тілеуберді Г. Қ.

Қазақ саясаткері сөйлеу портретіндегі пресуппозициялар
мен импликациялар98

Кудайбергенова Л. Е.

Көрнекті ғалым М. С. Сильченко туралы108

Кузембаева Г. А., Жумаханова А. Ж., Анесова А. Ж.

Ағылшын тіліндегі әндердегі қателіктер мен айырмашылықтардың
тіл үйренушілерге әсері116

Кумарова К. А., Исмаилова Д. Б., Сейдалиева Г. О.

Шетілдік білім беруде коммуникативтік құзыреттің компоненттері124

Машрапова З. С., Қопеева А., Тұрышев А. Қ.

Когнитивті нейролингвистиканың дамуы138

Муратова А. Н., Мажитаева Ш.

Құпия тілдесім және ұлттық өрнек148

Новосёлова Е. А.

Павлодар Ертісінің өңірінің қазіргі әйел поэзиясы159

Олизко Н. С., Хамитова Ш. А., Адилова А. С.,

А. Г. Ибраева

Үнді-еуропа тілдерінде ұшырасатын түркі сөздері туралы171

Оразбек М. С., Аманғазықызы М., Секей Ж. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы «Абай» архетипі	183
Сарбасова А. Н. Медиаментінді шығармашылық-ізденіс технологиясымен талдаудың жолдары	196
Сүйерқұл Б. М., Уайханова М. А. «Тәржұмандағы» соматизмдер және олардың қазіргі фразеологиялық қорымыздағы көрінісі	210
Ташекова А. Т., Мингазова Л. И. Бекмұрат Уахатов – фольклорлық мұралар генезисінің негізін салушы ғалым	223
Тілеумбетова Д. Б., Иванова С. А., Докучаева Н. В. IT саласы терминдерінің уәждемелілігі медицинада терминология контекстінде	237
Тулегенова М. К., Жүнісова Ж. Н. Орыс және ағылшын тілдеріндегі қазіргі тілдердің стратификациясы және стандарттық құрылымы	249
Цветкова А. Д., Остапенко Н. С., Толокольникова Н. И. Павлодар Ертістің өңірінің дуа поэзиясындағы «Су» концепті	261
Авторлар туралы ақпарат	274
Авторларға арналған ережелер	289
Жарияланым этикасы	313

СОДЕРЖАНИЕ

Абылкасимова Г. А., Тулебаева К. Т. Эстетические категории и эстетические перспективы в поэзии олжаса сулейменова	9
Акабаева М. О. Медиадискурс как объект лингвистического исследования	22
Ергалиева С. Ж., Асанбаева Е. Б., Сарыбаева Б. Ж. Национальная ценностная картина мира и интернет дискурс: проблемы взаимодействия	32
Жанузакова К. Т., Байбатшаев Ж. Постмодернистские тенденции в казахской прозе в период независимости	43
Жумажанова Ф. Т., Кулахметова М. С. О лексической преемственности и прагматических особенностях терминов родства в «Тарджуман» в сравнении с современными тюркскими языками	54
Жусупов Н. К., Баратова М. Н., Жумабекова Б. Б. Ахмет Байтұрсынов - фольклорист	66
Кадырова Б. М., Агалиева Н. Б., Жуманбаева Р. О. Лингвистический аспект военных терминов в казахском языке	75
Килыбаев Т. Б., Молдағали Б., Акимбекова Ш. А. Особенности формирования навыков академического письма в контексте системы образования Казахстана	86
Кожаметова К. Е., Кожаметова Б. Р., Зейнулина А. Ф., Тілеуберді Г. Қ. Пресуппозиции и импликации в речевом портрете казахского политика	98
Кудайбергенова Л. Е. Академик М. С. Сильченко	108
Кузембаева Г. А., Жумаханова А. Ж., Анесова А. Ж. Ошибки и отклонения в английских песнях и их влияние на изучающих язык	116
Кумарова К. А., Исмаилова Д. Б., Сейдалиева Г. О. Компоненты коммуникативной компетенции в иноязычном образовании	124
Машрапова З. С., Копеева А. К., Трушев А. К. Развитие когнитивной нейролингвистики	138
Муратова А. Н., Мажитаева Ш. Тайное общение и национальные орнаменты	148
Новосёлова Е. А. Современная женская поэзия Павлодарского Прииртышья	159
Олизько Н. С., Хамитова Ш. А., Адилова А. С., Ибраева А. Г. О тюркских словах, встречающихся в индоевропейских языках мира	171

Оразбек М. С., Амангазықызы М., Секей Ж.	
Архетип «Абай» в творчестве казахских поэтов	183
Сарбасова А. Н.	
Пути анализа медиатекста с помощью поисковой технологии	196
Суйеркул Б. М., Уайханова М. А.	
Соматизмы в «Тарджумане» и их отражение в нашем современном фразеологическом фонде	210
Ташекова А. Т., Мингазова Л. И.	
Бекмурат Уахатов – основоположник генезиса фольклорного наследия ..	223
Тлеумбетова Д. Б., Иванова С. А., Докучаева Н. В.	
Мотивированность терминов сферы IT в медицине в контексте терминообразования	237
Тулегенова М. К., Жунусова Ж. Н.	
Современная стратификация языка и структура субстандарта в русском и английском языках	249
Цветкова А. Д., Остапенко Н. С., Толокольникова Н. И.	
Концепт «Вода» в заговорно-заклинательной поэзии Павлодарского Прииртышья	261
Сведения об авторах	274
Правила для авторов	289
Публикационная этика	313

CONTENT

Abylkassimova G. A., Tulebyaeva K. T.	
Aesthetic categories and aesthetic perspectives in the poetry of Olzhas suleimenov	9
Akabaeva M. O.	
Media discourse as an object of linguistic research	22
Yergaliyeva S. Zh., Asanbaeva E. B., Sarybaeva B. Zh.	
National value picture of the world and the internet discourse: the problem of interaction	32
Zhanuzakova K. T., Baibatshaeva Zh.	
Postmodern tendencies in Kazakh prose in the period of independence	43
Zhumazhanova F., Kulakhmetova M.	
On lexical continuity and pragmatic features of relationship terms in "Tarjuman" in comparison with modern Turkic languages	54
Zhussupov N. K., Baratova M. N., Zhumabekova B. B.	
Akhmet Baitursynov – folklorist	66
Kadyrova B. M., Agaliyeva N. B., Zhumanbayeva R. O.	
Linguistic aspect of military terms In the Kazakh language	75
Kilybaev T. B., Moldagali B., Akimbekova Sh. A.	
The formation features of academic writing skills in the context of the education system of Kazakhstan	86
Kozhakhmetova K. E., Kozhakhmetova B. R., Zeinulina A. F., Tileuberdy G. K.	
Presuppositions and implications in the speech portrait of Kazakh politicians...	98
Kudaibergenova L. E.	
Academician M. S. Silchenko	108
Kuzembayeva G. A., Zhumakhanova Zh. A., Anessova A. Zh.	
Errors and deviations in English songs and their impact on language learners	116
Kumarova K. A., Ismailova D. B., Seidalieva G. O.	
Components of communicative competence in foreign language education ...	124
Mashrapova Z. S., Kopaeva A. K., Trushev A. K.	
Development of cognitive neuro-linguistics	138
Muratova A. N., Mazhitayeva Sh.	
Secret communication and national ornaments	148
Novossyolova Ye.	
Modern women's poetry of the Pavlodar Irtysh region	159
Olizko N. S., Khamitova Sh. A., Adilova A. S., Ibrayeva A. G.	
On turkic words found in Indo-European languages of the world	171
Orazbek M. S., Amangazykyzy M., Sekey Zh.	
The archetype «Abay» in the works of Kazakh poets	183
Sarbassova A. N.	
Methods of media text analysis by creative search technology	196

Suiyerkul B., Uaikhanova M.

Somatisms in «Tarjuman» and their reflection In our modern phraseological fund210

Tashekov A. T., Mingazova I. I.

Bekmurat Uakhov – the founder of the genesis of folklore heritage.....223

Tleumbetova D. B., Ivanova, S. A., Dokuchaeva N. V.

Motivation of IT terms in medicine in the context of term formation237

Tulegenova M., Zhunussova Zh.

Modern language stratification and substandard structure in Russian and English249

Tsvetkova A. D., Ostapenko N. S., Tolokolnikova N. I.

The concept of “Water” in the spell poetry of the Pavlodar pri-Irtysh region261

Information about the authors.....274

Rules for authors289

Publication ethics.....313

FTAMP 17.82.10

<https://doi.org/10.48081/KYMA8167>***Г. А. Абылкасимова¹, К. Т. Тулебаева²**^{1,2}Әлихан Бөкейхан университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.**ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
ЭСТЕТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР
МЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР**

Мақалада өз шығармаларын орыс тілінде жазатын қазақ ақыны Олжас Сүлейменовтің эстетикалық көзқарастары мен өлеңдеріндегі эстетикалық категориялар ұғымы туралы айтылады. Ақын поэзияларынан аңғарылатын эстетикалық көріністерді сұлулық жайлы қалыптасқан ғылыми түсініктермен салыстыра зерттеу негізгі міндет болып табылады. Зерттеу нысаны ретінде ақынның өлеңдері алынған.

Сан қырлы ақын өлеңдерінде әсемдік әлеміне деген ұлттық және интернационалдық көзқарас байқалады. Бұған ақынның ұлттық және еуропалық эстетикалық мәдениеттен жақын таныс болуы ықпал етсе керек. Автор ақынның эстетикалық көзқарастарын саралап, оның әлемдік әдебиеттегі ролін айқындайды. Эстетикалық категориялардың поэзиядағы қолданылу жүйесі мен ерекшелігін ашуға тырысады.

Зерттеу жұмысында баяндау, анализдеу және индукция әдісі қолданылған. Индукция әдісі ақынның эстетикалық жеке қорытулары негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Автор ақынның ішкі сезімдері, талғамы, бағалауы, күйзелісі, идеялары мен армандарына терең үңілуге тырысқан. Олжас Сүлейменов поэзиясынан сұлулық, асқақтық сынды негізгі эстетикалық категорияларды ақын поэзиясынан тауып, мысалдармен дәлелдеген.

Ақын шығармашылығының сұлулық әлемін тануда ғылыми зерттеу жұмысы төмендегі мәселелерді негізгі мақсат етіп қояды. Сұлулық әлемін танытар өлең жанрына қойылатын қалыптасқан пікірлерді саралау. Сұлулық әлеміне қояр ақынның өз талабы мен өлең жолдарынан қорытылып алынған негізгі эстетикалық ойларды

анықтау. Ақын поэзиясындағы эстетикалық категорияларды тауып, нақты мысалдармен дәлелдеп көрсету.

Мақалада эстетика ғылымының тарихы, мәселесі мен міндеттері, категориялары және эстетиканың өнермен байланысы, сонымен қатар О. Сүлейменовтің поэзиясын ғылыми тұрғыда зерттеп келе жатқан ғалымдар пікірі басты назарға алынған. Автор талас тудырған пікірлерге тоқталып, ақын өлеңдеріне жаңаша көзқараспен қорытынды жасайды.

Кілтті сөздер: көп қырлы ақын, поэзия, индукция, аргымақ, эстетика, эстетикалық көзқарас, эстетикалық категориялар, асқақтық, сұлулық

Кіріспе

XVIII ғасырда Баумгартен «Эстетика» деп атау берген сұлулық туралы ғылымның түп тамыры өнер тарихының тереңінде жатыр [1]. Көне «Илиада» мен «Одиссея», «Махабхарата» мен «Рамаяна», «Ригведа» дастандарынан бастау алған эстетикалық байыптау мен жүйелеу – поэзиядағы ең алғашқы әдемілік туралы талғамдарды қалыптастырды. Поэзиядағы эстетика бірден мектепке айналып, қалыптаса қойған жоқ. Ойшылдар ғасырлар бойы эстетикалық принципке диалектикалық түсініктер беріп келді. Бірі әдеміліктің өлшемі мөлшерінде десе, бірі – жарамдылығында, ал енді бірі – ақиқатты тану немесе пішіннің бүтіндігі мен бірлігі деп қорытты. Рим ақыны К.Ф. Горацкий «Поэзия ғылымы» деген еңбегінде поэзиядағы эстетикалық жүйеге алғашқы рет теориялық тұжырым жасап, ең бірінші көркемдік сапаның жоғары болуын талап етіп қойды. Бұл қатарға Әбу Насыр әл-Фарабидің «Поэзия өнері жайлы» трактатын қазақ топырағындағы ең алғашқы ғылыми еңбек ретінде жатқызуға болады. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы эстетикалық категорияларға санамалап түсініктеме бермегенімен, олардың еңбектерінен әсемдікті сипаттайтын ұғымдарды аңғару қиын емес. Мысалы, Абай өлеңнің «іші – алтын, сырты – күміс» болуы қажет екенін айтып, ақындықтағы эстетикалық талғамның өлшемін көрсетті.

Сан қырлы тұлға Олжас Сүлейменов поэзиясынан эстетикалық категорияларды тарихи, ұлттық, түрлі мәдени көзқарастар аясынан зерделеудің өзектілігі аса жоғары болмақ. Олжас Омарұлы Сүлейменовтің эстетикалық асқақ көзқарасы лирика, публицистика және ғылыми прозасында материалды терең зерделеуі және жан-жақты органикалық синтездеуі нәтижесінде айқын аңғарылып келеді. Ол Абай, Ыбырай, Әуезов және Дулатовтан кейін тек қазақ халқын ғана емес, бүкіл әлемді еркін ойлауға, білім игеруге шақырды. Олжас Сүлейменов «Арғымақ» өлеңдер жинағы

арқылы әлемдік поэзияға екпінді қадам басты. Әлемдік кеңістікке даланың таза, мөлдір лебін әкелді.

Олжас Сүлейменов поэзиясы оның дәл өзіндей батыл, асқақ, өр, өткір, кейде нәзік, өте сезімтал болып келеді. Ақынның мінезі оның шығармаларының табиғатында да көрініс тапқан. Ақын айналасынан сұлулық іздейді. Туған өлкесінен, Бетпақ даладан, сахара шөлінен, тіпті Ниагара сарқырамасынан, Париж түнінен әсемдікті көргісі келеді. Адам бойынан әділдікті, адамгершілікті, асыл қасиеттерді тауып, оны жырға қосады. Ұлтының ең әсем қасиеттерін зерделейді. Күшті рухын, терең тарихын бүкіл әлемге паш етеді. Ақын айналасындағы сұлулық әлемін зор эстетикалық талғаммен қабылдап, көңіл сүзгісінен өткізе отырып, айналасына сұлу формада жеткізе білді. Бұл ерекшелікке ақынның көпмәдениетті гибридтілігі мен қарым-қатынас тіліндегі өзгеше стилін қосыңыз. О. Сүлейменов поэзияның ішкі және сыртқы өлшемдеріне, көркемдегіш құралдарға, мазмұн мен идеялық үндестікке зор мән берді. Жаңа көркемдік құралдар және ең алдымен органикалық поэтикалық метафораларды қолдану О. Сүлейменовтің өлең техникасына тән. Оның верлибрлері, акценттік нысандары, өлшемдерінің рифмалары, фонетикалық және грамматикалық қайталануы және ақ өлең ырғағындағы қазақ әдебиетінде мүлдем өзгеше көркем-эстетикалық бағыт әкелді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында баяндау, анализдеу әдістерімен қоса, индукция әдісі қолданылды. Индукция әдісі техникалық ғылымдарда кеңінен қолданылады. Индукция әдісін қолданып поэзия жанрын аталмыш тақырып аясында зерттеудің маңыздылығы ақынның эстетикалық жеке қорытулары негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу кезеңдерінде сұлулық ілімінің тарихы, мәселесі мен міндеттері, категориялары және эстетиканың өнермен байланысы зерттелді. О. Сүлейменовтің поэзиясын ғылыми тұрғыда зерттеп келе жатқан ғалымдар пікірі басты назарға алынды.

Бүгінгі таңда ақын поэзиясын жаңаша көзқараспен талдау – эстетика ұғымын заманауи қажеттіліктер арқылы танып, рухани құндылықтың өміршендігін тереңірек сезінуде өзекті мәселеге айналып отыр. О. Сүлейменов поэзиясының өн бойындағы эстетикалық көзқарастар құндылығын тұжырымдай жеткізу және эстетикалық категорияларды мысалдар арқылы дәлелдей көрсетудің маңыздылығы зор.

Олжас Сүлейменовтің поэтикалық мұрасын зерделеуде В. Т. Абишева, Н. М. Джусупов, М. М. Әуезов, Л. Вознесенский, А. С. Нурахинова, Л. Мартынов, Р. И. Утепова, Н. Ю. Вербовский, Э. Т. Какильбаева, Б. Г. Каирбеков, Н. Т. Какишева, А. М. Мусаев, Л. Аннинский, С. Марков, Б. Слуцкий, М. Б. Амалбекова, У. К. Калижанов, С. Н. Машкова сынды

Отандық және шет елдік ғалымдар нәтижелі еңбектер ұсынып келеді. Ғалымдар зерттеуі ақын поэзиясының көпқырлылығы, стилистикалық және көркемдік ерекшелігі, еңбектерінің тарихи ерекшелігі, өлеңдердердегі ұлттық идея, ақынның шығармашылық портреті, идеясы мен мазмұны, көпмәдениеттілік, шет елдік ақындармен шығармашылық үндестігі сияқты өзекті бағыттарды қамтиды. О. Сүлейменовтің өлеңдері Францияда «La Nouvelle critique», «Les lettres françaises» атты француз әдеби журналдары мен газеттерінің беттерінде жарық көрді. 1972 жылы «Change» журналында «Маймыл жылы» поэтикалық жинағынан алынған өлең топтамалары А. Вознесенский және Р. Рождественскийдің «Бірақ, поэзия...» атты антологиясымен қатар жарық көрді. Құрастырушы және аудармашы Л. Шнитцер үш ақынның шығармашылық үндестігін атап өтіп, кітаптың алғы сөзінде «О. Сүлейменовтің әсерлі поэзиясының түпнұсқасына поэзиялық тұжырымдаманың өткір модернизмді мен ежелгі шығыс даналығы, сезімнің мөлдірлігі, ойлардың тереңдігін қоршайтын парадокстардың сұлулығы және ирония астарлы адамгершілік тән...» деп атап өтті [2, 54]. Ақын бұл басылымнан кейін француз әдебиетінде зор танымалдылыққа ие болды. Шығармалары баспасөз беттерінің қызығушылығын тудырып, 1973 жылы «Monde» газетінде француз журналисі Анн Филипптің О. Сүлейменовпен сұхбаты жарияланды. Сұхбатты ақын: «Менің ұраным, яғни, біздің ұранымыз өткеннің тереңдігі, болашақтың биіктігі. Осы векторлардың идеалды қиылысу нүктесіне жеткенде, біз мәдениеттің идеалды күйіне жетеміз» деген асқақ ақындық пікірімен қорытылады [3, 74].

Қазақ ақыны поэзиясының эстетикалық және философиялық мәнін зерттеуге ден қойған АҚШ зерттеушісі Р. Абазов өзінің «Green Desert. The Life and Poetry of Olzhas Suleimenov» атты еңбегінде: «Ақын – әрдайым қоғам қайраткері, оның посткеңестік мәдениеттегі орны өлең мотивтеріндегі адамның көңіл-күйі мен адам тәжірибесін білдіруге қабілеттілігімен айқындалады. Ол ауқымды әдебиетші» деп көрсетті [4, 66].

Осы тұста Олжас Сүлейменовтің шығармаларының қазақ тіліне аудару мәселесі жайлы айта кету орынды. Ақын өлеңдерінің алғашқы аудармалы жинағы 1972 жылы жарық көрді. С. Ақатаевтың аудармасында «Атамекен», «Арғымақтар», «Аз и Я» туындылары қазақ оқырмандарына жол тартты. Прозалық және ғылыми аудармалар сапалы жасалған, түпнұсқамен барабар жеткізілген. 2006 жылы А.Егеубайдың алғы сөзімен «Дайк-пресс» баспасынан шыққан «Қыш кітабы» және Қадыр Мырзалиев аударған екі томдық «Таңдамалы өлеңдер жинағы» орыс тіліндегі үш буынды: анапест, амфибрахий, дактиль немесе бес-алты тармақты иамбус, хореймен жазылған өлеңдер қазақ тіліне сәтті аударылған. Олар қазақтың классикалық он бір және Абай енгізген сегіз аяқты жолымен ырғақты, дыбыстық және

монотониясымен үндесе жеткізілген. Аудармашылардың түпнұсқа мәтіндерімен мұқият жұмыс істегені сезіліп, поэтикалық өлшемдерді қатаң сақтағаны аңғарылады. Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы қазақ тілді оқырманға жетіп, ақынның күрделі дүниетанымы мен эстетикалық талғамын тереңірек тануға ықпал етті. Бұл тұста аудармашы-ақындар Әбіш Кекілбаев, Қадыр Мырза Әлі, Асқар Сүлейменов, Асқар Егеубаев, Ұлықбек Есдәулетов, Советқазы Ақатаев, Тасқара Азамат, Иса Әділ Алмат, Ерлан Жүніс, Қуаныш Жұмабек сынды ақындар еңбегін атап өту қажет.

Әлемнің жеке бейнесінде, сұлулық тезаурусында эстетикалық категориялар мен сұлулық құндылықтарының иерархиясын анықтау жүреді. Біз индукциялық әдіске сүйенеміз, оған сәйкес өлең мәтіні тұтас құрылым ретінде қарастырылып, талдау негізінде ақынның көркемдік таным ақиқатына жету жолындағы эстетикалық дүниетанымын: талғамы мен бағалауын, күйзелісі мен қуанышын, идеяларын, жеке ойдан жалпы қорытынды тұжырымға келу қажет.

Нәтижелер мен талқылау

Олжас Сүлейменов поэзиясы – бұл ХХ ғасырдағы ақындар шығармашылығының интернационалдық сипатының жарқын үлгісі, сондай-ақ әлемдік әдебиетте өзіндік орын алған бірегей ақын. Ақынның поэзиясы да оның өз тұлғасы сияқты көп қырлы. Өлеңдері философиялық және өзіндік жаңалыққа толы. Әр тіркестің астарында күрделі сезім, терең эстетикалық толғам жатыр.

Эстетика – сұлулықты зерттейтін ғылым. Сұлулықты тану оның категориялары арқылы, ал таныту – өнер арқылы жүзеге асады. Эстетикалық категория – адамның жан әлемі үшін қажеттіліктен туындайтын зат пен құбылыстың материалдық өлшемі.

Олжас Сүлейменовтің болмысты зор эстетикалық талғаммен қабылдауы – эстетикалық категориялардың оның шығармаларында теориялық мағынада көрініс табуына ықпал етті. Мысалы, сұлулық, асқақтық, тәкаппарлық, биіктік, нәзіктік, үйлесімдік, әділеттілік сынды объективтілік түсінік қалыптасты. Кеңес дәуірінің әдебиет сыншысы Николай Ровенскийдің пікірінше, О. Сүлейменов поэзиясы екі эстетикалық мәдениеттің, орыс және қазақтың тоғысқан тұсында дүниеге келген [5, 91]. Әлемнің әр түкпірінде қолжетімді және түсінікті бола түскен ақын шығармашылығы саяси сенімдері мен этникалық тегіне қарамастан әр адамның жүректеріне еніп, ортақ мәдени қазынаға айналды. Оның поэзиясы әлем әдебиетінің халықаралық сипатының жарқын мысалы болып табылады. Сол себепті де О. Сүлейменов есімін К. Кулиев, Р. Гамзатов, М. Кәрім, Д. Кугульдинов сияқты әр ұлттың саңлақтарымен қатар атауға болады. О. Сүлейменовтің өлеңдері мен поэмалары ағылшын, француз, неміс, испан, чех, поляк,

словак, болгар, венгр, моңғол және түрік тілдеріне аударылған. Шет ел баспагерлері мен әдебиеттанушылары О. Сүлейменовтің өлеңдері мен поэмаларын, кітаптары мен ғылыми еңбектеріне жаңаша баға берді, қазақ ақынының әдебиет пен ғылымдағы ізашарларымен параллельді қарастырып, оның зерттеулерін кең ғылыми контекстке енгізді. Ақын поэзиясындағы терең эстетикалық талғам мен көзқарастың тек ұлттық бағытта ғана емес, әлемдік деңгейде қалыптасуында оның шет елдік әдебиетпен терең сусындап, мәдениетімен етене жақын болуының ықпалы зор. О. Сүлейменов шығармаларын орыс тілінде жазғанымен, тәкаппар, намысшыл, өр халықтың ұлы, қазақтың ақыны болып қала береді. Оның шығармалары халықтық бейнелері мен идеялар рухын қамтитын поэтикалық сөз дәстүрімен терең байланыста. Көшпенді бабалардың рухани негіздерін поэтикаландыру, туған жердің тарихына деген ұлы сүйіспеншілік, өткеннің энергетикалық ағымына ену, рухани құндылықтар мен қазіргі адамның ойлау шекарасын ажырату – осының бәрі О. Сүлейменовті халықтық тамыры ақын ретінде сипаттайды. Поляк ғалымы Евгениуш Чаплевич О. Сүлейменов шығармашылығының осындай ерекшелігін: «Өз туындыларын тек орыс тілінде жазса да, О. Сүлейменов қазақ болып қала береді. Уақыттың шекарасының қазіргі және посткеңестік кезеңінде дәстүрлі өлшемді, өз халқының асыл дәстүрін халықаралық және континентаралық жалпыадамзаттық деңгейге көтеру міндеттемелерін алып, оны ешкім ойламаған жомарттықпен орындады» [6, 54] деп бағалады. Ақын қазақ халқының келбеті мен мінезіндегі, өнері мен өн бойындағы сұлулық пен әсемдікті бойына жинап алған ерекше тұлға. Оның поэзия әлемі – тұнып тұрған сұлулықтың әлемі. Ақынның асқақ үні, ұтымды эстетикалық көзқарасы қалай аңғарылады? Ықшам, сезімтал, сергек болып келетін жырларының астарында қандай эстетикалық тұжырым жатыр? Ақын поэзиясы несімен сұлу? Несімен ерекше? Жауап іздеп көрейік. Алмастай өткірлігімен, кіршіксіз тазалығымен сұлу. Еркіндігімен, шынайылығымен сұлу. Ықшамдылығымен, өлшемділігімен, біртұтастығымен сұлу. Ақын поэзиясы – асқақ сезімдердің жиынтығы. Өлеңнің тақырыбынан бастап асқақтық байқалады. «Земля, поклонись, человеку!» (Адамға табын, жер енді!) Міне, нағыз пафос! Міне, нағыз асқақтық! Батылдық! Бір өлеңімен-ақ ақынның қоғамдық-әлеуметтік идеалы анықталып, әлемдік поэзиядан ойып тұрып орын алды. Бұл өлең бүкіл адамзаттың әнұранына айналды. Өлеңнің «Нет Востока и Запада нет, есть Восход и Закат» атты жолдары ғарыш аппараттарын дәл осылай қайтадан атау алуына қызмет етті.

«Қыш кітабындағы» келесі жолдар бейне ақынның өзін бейнелейтіндей. «...Әр адамның өз жұлдызы тұр пісіп, / Сол үзілмек, / Солай тағдыр құрылысы. / Қалғиды әлем, / Қорылдаған тобырдан / Ғасыр сайын / Бас көтерер бір кісі.» (ауд. Қадыр Мырза Әли) Оның көзқарастары әрқашан радикалды. Ол тұрақты

пікір білдіруден қорықпады. Әрқашан өз көзқарасын қорғады. Егер ол сияқты адамдар болмаса, біздің қоғамды қандай күйде болатынын елестету қиын. Өйткені, Олжас Омарұлы зиялы қауымның Мемлекеттік үлгісі, ең алдымен өз халқына қамқорлық жасап, замандастарына планеталық сананы сіңіруге тырысатын мәртебелік және символдық тұлға [7, 32].

Олжас Омарұлы – ғасырлық құбылыс, ол өзінің озық сана-сезімі мен дарыны арқылы нағыз феномендік тұлғаға айналды. Ол арнайы эстетика ғылымына арналған еңбек жазбағаны белгілі. Әйтсе де, ақынның әсемдікке, сұлулыққа деген эстетикалық көзқарасы мен талап-талғамы өлеңдерінен айқын аңғарылады. Мысалы, «Кактус» поэмасын алайық. Өлеңнің басты қақтығысы екі кейіпкердің қарама-қайшылығынан тұрады. Әңгіме Аман және Жаппас атты екі кейіпкер атынан өрбиді. Д.М. Молдавскийдің 1966 жылы жарық көрген «Дала, өлеңдер және уақыт» мақаласында: «Сүлейменовтің «Кактус» өлеңінде кейіпкер жас жігіт өте сезімтал. Ол әділеттілікпен жеңіске жетуі керек екенін біледі. Этикалық нормалардан ауытқу оған апат сияқты көрінеді» деді [8, 43]. Ал, белгілі әдебиет зерттеушісі М. Қаратаев өзінің «Поэтикалық батыллықтың диалектикасы» атты мақаласында, екі ақын арасындағы тартысқа «жігерлі диалог» деп атау берді [9, 112]. Поэмадағы ақын кейіпкерлерінің тартысы – автордың ішкі арпалысы мен ойларының тартысынан туындағаны анық.

Олжас Сүлейменов өз шығармаларында эстетиканың негізгі категориясын, атап айтқанда әсемдік категориясын ашуға және оны негіздеуге үлкен назар аударады. Ақынның пікірінше, әсемдік – бұл адамның тәндік және рухани сұлулығының көрінісі. Оның эстетикасында әсемдік пен пайдалылық біртұтастықта көрсетілген. Олар үйлесімді қосылған, бір-бірінен ажырамайды.

Ғашықпын,

Сұлулыққа ғашықпын мен.

Сұлулық қымбат маған ашық күннен.

Сол үшін,

Өзім мақтап,

Өзім даттап,

Миын да жаратқанның ашыттым мен [10, 65]

Өлеңде автордың нәзік сезімі мен сұлулыққа құштарлығы анық байқалады. Ақынның табиғат алдындағы пәк перзенттік мінезі сезіледі. Біресе, «мақтап», біресе «даттап» табиғатқа деген адал махаббатын жеткізуге тырысқанын байқатады. Бұл – аударманың түпнұсқадан ерекшелігін байқатады. Өлеңнің табиғатына терең түсіну үшін екі нұсқаны да қатар оқыған абзал. Ақынның ой екі өлеңде де бір-бірімен астасып, толықтырылып, оқырманын терең қабылдауына жол ашады.

О. Сүлейменов іздеген эстетикалық категориялар шеңбері оның туған халқына, еліне, жеріне деген асқақ сезімінен бастау алады. Өлеңдердегі айналайын, домбыра, дала, тау, құз, көшпенділік, бөрілік, табын, арғымақ, рух, шабандоз т.б. халықтық түсінікті ассоциациялайтын сөздердің жиі кездесуі ақындағы эстетикалық ұғымның ең алғаш халықтық негізде қалыптасқанын көрсетеді.

*Степь не любила высоких гор,
Плоская степь
Не любила торчащих деревьев.
Я на десять столетий вперед
Вам бросаю укор,
О казахи мои, молодые и древние!..
Степь тянула к себе
Так, что ноги под тяжестью гнулись... [10, 213]*

Ақын туған даласын үлкен сүйіспеншілікпен, нәзіктікпен және перзенттік жауапкершілікпен жырлайды. Дархан даланың барлық әсемдігі оның тебіреніске толы өлеңдерінде көрініс тапты.

*Ой, какая женщина! Косы по земле!
В сторону смущенно
Смотрит старый конь.*

Солнечные пятна шириной в ладонь... [10, 218] деп жырлайды «Жара» атты өлеңінде. Сылдырап аққан арықты жағалай кешіп бара жатқан бозбалаға шаң басқан алма ағашы астында, құшағын айқара ашқан ұйқыдағы ару бейнесі ерекше әсерлі көрінеді. Оған арудың алақанына түскен күннің сәулесі де емес, оның жерде жатқан бұрымы әсерлі болып тұр. Ақын сұлулықты «бұрым» деталі арқылы сәтті жеткізе білген. Егер өлеңді «Алма ағашы астындағы бұрымды ару» деп қана елестетсек, сонда да, сұлулықты айшықтап тұрған бір ғана көрініс бұрым ғана екенін көреміз. Қазақ ұғымында өте қастерлі болып саналатын бұрым ұғымы ақын өлеңінде де сұлулықтың басты өлшеміне айналған. Сұлулықты әсерлі жеткізу үшін ақын қарама-қайшы категория қолданған. Мысалы, «Бұрымның» жанында бозбалаға иісі аңқыған алма ағашы да «шаң басқан» қалыпты көрініс болып көрінеді. Бұрымдының сұлулығынан тіпті жылқының да көзі тайып, *в сторону смущенно смотрит старый конь* деп суреттейді. Бұл өлеңде сұлулықтың символы бұрым болса, ұсқынсыздық категориясы *шаң басқан арық* және *кәрі жылқы* бейнесінде суреттелген.

Ақын өлеңдеріндегі *ана, әйел* образындағы сұлулық «*Помнишь, первые сказки мои*» атты өлеңінен көреміз. Ақын анасының сыйға тартқан ең алғашқы сыйлығы – кітабын аса құнды естелік ретінде сағынышпен еске алады. Кітаптағы ертегілерді құмарлана оқуға кіріскен бала тіпті түнде

де тығылып оқуға кіріскен. Перзентке деген махаббат, мейірім, жылулық, жанашырлық сезімдері өлеңдегі ана бейнесін айшықтап, сұлуландыра түскен. Ақын адам баласының бойында болатын алуан түрлі сезімді бір ғана өлеңге сыйдырып, «*Моя добрая мама, родная моя, / вспоминай – прозревал твой послушный, упрямый мальчишка*» [10, 146] деп асқақ сағынышпен, ақындық жүрекпен, нәзік сәбилік сезіммен жырлайды. Ақынның нәзік жандылықтың сұлулығын суреттейтін өлеңдері «*Детство, сады, зной*», «*Ты горда*», «*Женщина*», «*Из окна отеля*», «*Эхо сказки*», «*Слава, женщина, Вам!*» сынды өлеңдерінде байқалады.

Ақынның әр өлеңінен сұлу өлең өлшемін, сәтті ұйқас қолданысын, сұлу сөздерді және тәтті ойларды, ұтымды тұжырымдарды байқау қиын емес. Ақынның әр өлеңі сұлулық әлемінің бір бөлшегі. Сондықтан оның әрқайсысы әлі де мұқият зерттеуді қажет етеді.

Қорытынды

Олжас Сүлейменов поэзиясындағы эстетикалық көзқарастар мен эстетикалық категорияларды зерделеу барысында келесідей қорытындыға келеміз. Ақын бойындағы эстетикалық тәрбие, қалыптасқан эстетикалық болмыс, тума талант және білім кеңістігі оның әлемдік масштабтағы туындыларды дүниеге әкелуге себеп болды.

Ақынның шығармашылығымен жаңа ғасыр оқырмандары сусындап, оны талдауға және тануға әлі де тырысып келеді. Тәуелсіздіктің жас ұрпақтары және шет елдік зерттеушілер ақынның жаңа қырлары мен шығармаларындағы көзқарастарға заманауи баға беруде. Ақынның поэтикалық мұралары түбі жоқ терең қазына, жыл өткен сайын құндылығы арта түседі. Ақын шығармашылығының өміршеңдік құпиясы – оның шығармаларының эстетикалық құндылығының жоғарылығында.

Қорыта келгенде, О. Сүлейменов поэзиясы - тарихи және заманауи көзқарастағы сұлулық өлшеміне лайық және өз оқырмандарына заманауи көзқарастағы эстетикалық тұжырым жасауға ықпал ете алатын өміршең поэзия. Эстетикалық ойлары менталдық қайта жаңғыру кезеңінен өткен қазақ ақынының стихиялық поэтикасы әлем әдебиетіндегі эстетикалық поэзияның жарқын үлгісі болып қала бермек.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. [Мәтін] – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 776.

2 **Voznesenski, J. A., Rozdestvenski, R. I., Suleimenov, O.** Mais la poésie. [Мәтін] – Paris: Aged’homme, 1972. – 132 p.

3 **Anne Philipe**. Le pragmatisme gêne de la poésie «Le Monde». [Мәтін] – 1973, 29 Mars. – P. 18.

4 **Abazov, R.** Grenn Desert. The Life and Poetry of Olzhas Suleimenov [Мәтін]– N.Y.: Cognella Publishing, 2011. 269 б.

5 **Ровенский, С.** «Простор» 14 апреля 1978. № 7. С. 7–12.

6 Әл-Фараби атындағы ҚМУ-інің О. Сүлейменовтің ғылыми-зерттеу лингвистикалық орталығы. «О. Сүлейменовтің шығармашылығы және ұлттық сана-сезім мәселелері» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. 05–06 мамыр, 2016 ж. 5 б.

7 **Каратаев, М.** Дialectика поэтических дерзаний. Алма-Ата: Жазушы, 1987.

8 **Молдавский, Д.** Степь, стихи и время. Звезда. 1966. № 3. С. 179.

9 **Чаплевич, Е.** Современная казахская эпопея Олжаса Сулейменова. «Мир Олжаса Сулейменова». [Мәтін]– Караганда, 2015. – 21–28 б.

10 **Сулейменов, О.** Собрание сочинений в 7 томах. Сост. и вступ. ст. Сафара Абдулло. [Мәтін] – Алматы: «Атамұра», 2004. – 344 с.

References

1 **Kabdolov, Z.** Soz oneri. [The Art of Speech][Text]– Almaty: «Kazakh University», 1992. – P. 77.

2 **Voznesenski, J. A., Rozdestvenski, R. I., Suleimenov, O.** Mais la poésie. [Text]– Paris: Aged'homme, 1972. – P. 132.

3 **Anne Philipe**. Le pragmatisme gêne de la poésie «Le Monde». [Text]– 1973, 29 Mars. – P. 18.

4 **Abazov, R.** Grenn Desert. The Life and Poetry of Olzhas Suleimenov [Text] – N.Y.: Cognella Publishing, 2011.– P. 269

5 **Rovensky, S.** Prostor [Space] [Text] April 14, 1978. – No. 7. – P. 7–12.

6 Al-Farabi atyndagi KМУ-inin O. Suleimenovtin gylım-zertteu linguistikalyk ortalygy. «O. Suleimenovtin shygarmashylygy zhane ulttyk sana-sezim masseleri» atta Halykaralyk gylım conference materialdary. [Creativity of O. Suleymenov and issues of national consciousness] [Text] 05–06 мамыр, 2016. – P. 5.

7 **Karataev, M.** Dialectika poe'ticheskikh derzaniy [Dialectics of poetic daring]. [Text]. – Alma-Ata : Zhazushy, 1987.

8 **Moldavsky, D.** Step', stikhi i vremya [Steppe, poems and time] [Text] Star. – 1966. – No. 3. P. 179.

9 **Chaplevyevich, E.** Sovremennaya kazakhskaya e'popeya Olzhasa Sulejmenova. Mir Olzhasa Sulejmenova [The modern Kazakh epic of Olzhas

Suleimenov. The World of Olzhas Suleimenov]. [Text] – Karaganda, 2015. – P.21–28.

10 **Suleimenov, O.** Sbranie sochinenij v 7 tomakh [Collected works in 7 volumes] [Text] Comp. and the introductory article by Safar Abdullo.– Almaty: «Atamura», 2004. – P. 344.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*Г. А. Абылкасимова¹, К. Т. Тулебаева²

^{1,2}Алихан Бокеев университет,

Республика Казахстан, г. Семей

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

ЭСТЕТИЧЕСКИЕ КАТЕГОРИИ И ЭСТЕТИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ В ПОЭЗИИ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА

В статье рассматривается вопрос об эстетических взглядах и понятии эстетических категорий в стихах казахского поэта Олжаса Сулейменова, писавшего свои произведения на русском языке. Основная задача состоит в том, чтобы сопоставить эстетические взгляды поэзии поэта с устоявшимися научными представлениями о красоте. В качестве объекта исследования были взяты стихотворения поэта.

В стихах многогранного поэта проявляется национальный и интернациональный подход к миру прекрасного. Вероятно, этому способствует знакомство поэта с национальной и европейской эстетической культурой. Автор дифференцирует эстетические взгляды поэта и определяет его роль в мировой литературе. Он пытается раскрыть систему и особенности употребления эстетических категорий в поэзии.

В исследовательской работе использовался метод повествования, анализа и индукции. Метод индукции позволяет сделать общий вывод на основе индивидуальных эстетических выводов поэта. Автор пытался глубоко проникнуть во внутренние переживания, вкусы, оценки, мысли и мечты поэта. Автор нашел основные эстетические категории красоты и возвышенности в поэзии Олжаса Сулейменова и обосновал их примерами.

Научные исследования в познании мира красоты творчества поэта ставят своей основной целью следующие вопросы: дифференциация существующих взглядов на жанр стихов, раскрывающих мир прекрасного; определение основных эстетических идей, извлеченных из

собственных притязаний поэта на мир красоты и поэзии; нахождение эстетических категорий в поэзии поэта и доказательство их конкретными примерами.

В статье уделяется внимание истории преподавания красоты, его проблемам и задачам, категориям, связи эстетики с искусством, а также мнению ученых, изучающих поэзию О. Сүлейменова в научном плане. Автор акцентирует внимание на противоречивых мнениях и в заключение по-новому подходит к стихотворениям поэта.

Ключевые слова: многогранный поэт, поэзия, индукция, аргымак, эстетика, эстетический подход, эстетические категории, возвышенность, красота

*G. A. Abylkassimova¹, K. T. Tulebyaeva²

^{1,2}Alikhan Bokeikhan University,
Republic of Kazakhstan, Semey.

Material received on 08.09.22.

AESTHETIC CATEGORIES AND AESTHETIC PERSPECTIVES IN THE POETRY OF OLZHAS SULEIMENOV

The article talks about the aesthetic views and the concept of aesthetic categories in the poems of the Kazakh poet Olzhas Suleimenov, who wrote his works in Russian. The main task is to compare the aesthetic views of the poet's poetry with the established scientific concepts of beauty. The poet's poem were taken as the object of research.

The multifaceted poet's poems show a national and international approach to the world of beauty. The poet's familiarity with the national and European aesthetic culture probably contributes to this. The author differentiates the poet's aesthetic views and defines his role in world literature. He tries to reveal the system and features of the use of aesthetic categories in poetry.

The method of narration, analysis and induction was used in the research work. The method of induction makes it possible to make a general conclusion based on the poet's individual aesthetic conclusions. The author tried to delve deeply into the poet's inner feelings, tastes, evaluations, stress, ideas and dreams. The author found the main aesthetic categories of beauty and sublimity in Olzhas Suleimenov's poetry and proved them with examples.

Scientific research in recognizing the world of beauty of the poet's work sets the following issues as the main goal. Differentiation of existing

opinions on the genre of poems that reveal the world of beauty. Determining the poet's own claim to the world of beauty and the main aesthetic ideas extracted from the poems. Finding aesthetic categories in the poet's poetry and proving them with concrete examples.

The article focuses on the history of the teaching of beauty, its problems and tasks, categories, and the connection of aesthetics with art, as well as the opinion of scientists studying O. Suleimenov's poetry in a scientific sense. The author focuses on controversial opinions and concludes with a new approach to the poet's poems.

Keywords: multifaceted poet, poetry, induction, argymak, aesthetics, aesthetic approach, aesthetic categories, sublimity, beauty.

<https://doi.org/10.48081/PBTI6470>

***М. О. Ақабеева**

Әлихан Бөкейхан университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

МЕДИАДИСКУРС ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Мақалада лингвистикалық зерттеулердегі медиадискурс ұғымы, зерттелуі, медиадискурс түрлері қарастырылады. Медиадискурсты талдау мәселелері, жаңалықтар дискурсы, жарнама дискурсы, PR дискурстар; ақпараттық, аналитикалық, публицистикалық дискурстар, идеологиялық дискурстар және т.б. дискурс түрлері мен олардың бір-бірінен айырмашылықтары туралы сөз болады.

Зерттеуде медиадискурстық талдаудың ақиқатты баяндау, оны интерпретациялау, қабылдаушының санасына ықпал ету, оқиганы бағалау, болжау тәрізді сипаттары дәйектеледі.

Медиадискурстың мақсаты оның белгілі бір пәндік салаға қатысты белгілі бір модальділікте болуын білдіреді. Медиадискурс аясына оның тақырыптық және семантикалық «өзегін» құрайтын ұғымдар кіреді.

Медиадискурсты зерттеудегі негізгі мәселелер сараланып, оларға медиамәтін деңгейінде мағынаның құрылуы, шындыққа қатысты орындалатын дискурсивті әрекет, дискурсты ұйымдастырудағы коммуниканттардың адресат және адресант топтарының құрылуы т.б. мәселелерді жатқызады. Сонымен қатар мақалада медиадискурстың өмір сүру формасы болып табылатын медиамәтіндердің ерекшеліктері сипатталады. Мақала авторы медиадискурсты зерттеудің негізгі мәселелерін, медиадискурстың мақсаттарын саралай келе, медиадискурс - БАҚ саласындағы өнімдер мен процестердің жиынтығы болып табылатын дискурс нысандарының бірі деген тұжырым жасайды

Кілтті сөздер: медиа, медиакөшім, медиадискурс, медиамәтін, бұқаралық коммуникация, лингвистика, дискурсивті әрекет, коммуникативті жағдаят, адресант, адресат

Кіріспе

Медиадискурс – бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын дискурс. Зерттеушілер медиадискурсты дискурстың функционалды тұрғыда анықталған түрі деп есептейді.

М. Р. Желтухина медиадискурсты «бұқаралық ақпарат құралдары арқылы білдірілген прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа факторлармен біріктірілген, оқиға аспектісінде қабылданатын, әрекетті білдіретін, әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттестікке қатысатын және коммуниканттар санасының механизмін көрсететін вербалды немесе вербалды емес, ауызша немесе жазбаша мәтін» деп анықтайды» [1, 174].

Т. Г. Добросклонская «Медиалингвистика: БАҚ тілін зерттеудің жүйелі тәсілі: қазіргі ағылшын тіліндегі медиа» атты еңбегінде медиадискурсты БАҚ саласындағы сөйлеу әрекетінің өнімдері, олардың өзара әрекеттесуі мен процестерінің жиынтығы ретінде қарастырады [2, 42].

Бүгінгі таңда медиадискурс ұғымы екі түрлі көзқарас бойынша тұжырымдалады. Біріншісіне сәйкес, медиадискурс тек бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық саласына тән сөйлеу-ойлау әрекетінің ерекше түрі болып табылады. Екінші көзқарас бойынша, медиадискурс бұқаралық ақпарат кеңістігіндегі әлеуметтік-мәдени тақырыптарға бағытталған сөйлеу және ойлау әрекеті деп түсініледі.

Материалдар мен әдістер

Шетелдік және отандық зерттеулерде дискурсты анықтаудың құрылымдық, функционалды және тақырыптық деп аталатын негізгі үш тәсілі белгіленген. Медиалингвистика шеңберіндегі медиадискурстарды зерттеуде аталған үш тәсіл де қолданылады, бұл бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін жан-жақты айқындауға мүмкіндік береді. Біз медиадискурсты зерттеудің функционалды тәсілін қолдандық.

Зерттеушілер медиадискурстың саяси медиадискурс, діни медиадискурс, ғылыми медиадискурс тәрізді түрлерін ажыратады. «Медиадискурстың аталған түрлерінің бір-бірінен өзгешеліктері мен айырым белгілерін ажырату белгілі бір дискурс параметрлерінің модификацияларына сәйкес жүзеге асады – әртүрлі лингвистикалық тәсілдер мен оларды қолданудың түрліше коммуникативті жағдайлары дискурс түрлерін анықтауға өз әсерін тигізеді» [3, 246].

Медиадискурстың кез келген түрі, яғни ол саяси, діни, педагогикалық және басқа түрі болсын, олардың барлығы бұқаралық коммуникация саласында жүзеге асырылатындықтан, БАҚ шығаратын дискурс түрі деп танылады. «Институционалды дискурстың түрлері бұқаралық ақпаратты өндіру, беру және түсіндіру бойынша салыстырмалы түрде тұрақты тәжірибелер жиынтығын қажет етеді. Біз медиадискурсты бұқаралық ақпарат

кеңістігіндегі тақырыптық бағытталған, әлеуметтік-мәдени шартты сөйлеу және ойлау әрекеті деп түсінетін екінші көзқарасты қолдаймыз. Дискурстың бұл түрінің негізгі айырмашылығы – бұл белгілі бір білімді өндірумен, вербалды және ақыл-ой әрекетінің нәтижесінде объектілер мен олардың бейнелерін бағалаудан басқа, ол білімнің қалай аударылатыны туралы түсінік тудырады» [4, 97].

Медиадискурстың басты функциясы – оқиғалар мен құбылыстар жайында мәлімет беру, ақпаратты жеткізу. Осы тұрғыдан келгенде медиадискурстың басты функциясын делдалдық функция деп есептеуге болады.

Медиадискурстарда әртүрлі ақпараттар берілуі мүмкін, мысалы саяси және ойын-сауық, оқиға және жарнама т.б.

«Медиадискурсты талдау көбінесе мынадай болжамдарға негізделеді: ақиқат өмір туралы білім мен идеялар, шындықты әртүрлі санаттарға классификациялаудың қорытындысы; «әлем бейнесі» және оның берілу тәсілдері тарихи-мәдени контекспен айқындалады; білім тек қабылдау және таным үдерісінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынас нәтижесінде пайда болады; әлеуметтік қарым-қатынасқа дискурсивті және нақты әлеуметтік-мәдени нәтижелерден тұрады» [5, 233].

Қорыта айтқанда, медиадискурсты талдау, біріншіден, бұқаралық коммуникация кезінде ақпараттарды құрастыру және жеткізу үдерісінің маңызды мәселелерін ажыратуды, екіншіден, медиа контекстің мазмұнын ашуды мақсат етеді.

Мазмұн мен форманың тұтастығы ретінде түсінілетін медиадискурс коммуникативті жағдаяттарға қалыпқа келтіруші, реттеуші қызметін атқарады: БАҚ-тың кез келген дискурсивті кеңістігі нені айтуға болады немесе нені түсінуге болатынын көрсететін өрістің бір түрі болып табылады. Осыған байланысты мынадай тұжырым жасауға болады: коммуникативті-танымдық, сөйлеу-ойлау әрекеті ретіндегі медиадискурс барысында бұқаралық коммуникация субъектілері шындықты сипаттау мен тақырыптандыру нормаларын қалыптастырады.

Нәтижелер мен талқылау

Дискурс жүзеге асырылатын медиакеңістіктің жанрлық және функционалдық ерекшеліктеріне қарай оның мынадай түрлерін ажыратуға болады: жаңалықтар дискурсы, жарнама дискурсы, PR дискурстар; ақпараттық, сараптамалық, көсемсөз дискурстары, идеологиялық дискурстар және т.б.

«Бұқаралық ақпарат құралдарының функционалдық (және соған байланысты жанрлық) модификациялары медиадискурстың түрлерін

ажырату үшін маңызды болса, олар бір-бірінен тұлғалық және мағыналық сипаттарына сәйкес ажыратылады» [6, 159].

Медиадискурстың мақсаттарын былайша жіктеп көрсетуге болады: ақиқат құбылысты баяндау, оны интерпретациялау, қабылдаушының қызметін реттеу, қабылдаушының санасына ықпал жасау, ақиқат құбылысқа баға беру, болжау т.б.

Осындай мақсаттарына байланысты медиадискурс түрлері бір-бірінен ерекшеленеді. Мәселен, жарнамалық медиадискурс бағалауды өзгертуге, аудитория арасында белгілі бір әрекеттерге ықпал ететін белгілі бір көзқарастарды қалыптастыруға бағытталған болса, онда оның барлық мазмұны осы мақсатқа бағындырылатыны анық, ал жаңалық медиадискурсының мазмұны басқа мақсаттарына (жағдайды сипаттау) байланысты ерекшеленеді.

Екіншіден, медиадискурстың мақсаты оның белгілі бір пәндік салаға қатысты белгілі бір модальділікте болуын білдіреді. Медиадискурс аясына оның тақырыптық және семантикалық «өзегін» құрайтын ұғымдар кіреді.

Медиадискурсты зерттеудегі негізгі мәселелер: медиамагистр деңгейінде мағына қандай жағдайда және қандай құралдармен құрылады? Шындыққа қатысты орындалатын дискурсивті әрекет дегеніміз не – дискурс шындықты бейнелей ме, өзгерте ме, жоққа шығара ма, растай ма немесе түсіндіре ме? Дискурсты ұйымдастыру көмегімен коммуниканттардың адресат және адресат топтары қалай құрылған? Кімнің сөйлеу құқығы бар және бұл құқық қалай заңдастырылған? Объектілердің жіктелуі және олар туралы пайымдаулар («қалыпты – қалыптан тыс», «қабылданатын – қабылданбайды» т.б. критерийлер бойынша) қалай жүргізіледі? Ал соңғы және жалпы нәтижеде: әлеуметтік-мәдени мағыналар тіл, мәтін, дәлелдеу және стиль деңгейінде қалай бекітіледі?

Ғалым Қ. Есенова дискурстық талдауға қажетті шарт ретінде: «жағдаятқа және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторлар, сондай-ақ коммуниканттардың мақсат-ниеттері басшылыққа алынуы тиіс» [7, 32] деген ұсыныс айтады.

Дискурстық талдау мәтіннің лексикалық бірліктері мен құрылымдық ерекшеліктерін талдауды ғана емес, мәтінді кім жазғаны, қай уақытта, қай жерде, кімге арнағанын, жазу мақсатын, жазушының нормативтік принциптерін, идеологиялық, бағалаушылық көзқарасын анықтауды көздейді. Дискурстық талдауда мәтін авторының мақсатын айқындаудың рөлі ерекше, себебі оның әлеуметтік-саяси бағыты мен көзқарасы, принциптері тілдік тұлғаның мазмұнын түзіп, дара стилін қалыптастыруға әсер етеді [8, 143].

Дискурс түріне қарай онда мәтіннің белгілі бір түрлері басым болуы мүмкін. Тезис түріндегі мәтіндер жарнамалық және саяси БАҚ дискурстарына

тән, ал нарративтілік публицистикалық, кейде жаңалықтар дискурстарына тән сипат болып табылады.

Медиадискурстың өмір сүруінің негізгі формасы – медиамәтін, ол бір жағынан – әлеуметтік реттеу, екінші жағынан – бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы коммуникация мақсатында жасалған ауызша сөйлеу туындысы.

«Дискурс – ақпаратты беру тәсілі болса, мәтін – ақпаратты сақтаушы, жинақтаушы, жаңа мән тудырушы көпқырлы, көпқабатты құрылым» [9, 52].

Медиамәтін – әртүрлі медиа салаларында: газетте, радиода, теледидарда, интернетте қолданылатын мәтін түрі.

Я. Н.Засурский «Редакторлық айдар: конвергенция контекстіндегі медиатекст» атты мақаласында медиамәтіннің жаңа коммуникациялық өнім екенін атап көрсетеді. Ол әртүрлі медиа құрылымдардың – сөздік, визуалды, дыбыстық, мультимедиялық және газеттер, журналдар, радио, теледидар және т.б. қамтитын медиакеңістіктің бір бөлшегі болып табылады [10, 4].

«Медиамәтін» терминін екі тұрғыда қарастыруға болады: 1) медиамәтін – БАҚ жүйесінде қызмет ететін және белгілі бір медиаарна арқылы берілетін мәтін; 2) медиамәтін – бұқаралық коммуникацияның үш жаһандық ішкі жүйесінің жиынтығы: журналистика, PR және жарнама, олардың әрқайсысының өзіндік ерекше белгілері мен сипаттамалары бар [11, 43].

Кез келген медиамәтіннің маңызды элементтерінің бірі тақырып болып табылады, өйткені автор оны оқуға шақыратын материалға алушының назарын аударады. Зерттеушілер атап өткендей, бүгінгі күні тақырып мәтіннен тыс және белгілі бір дербестікке ие сөйлеу элементі ретінде қабылданады: ол эмоционалды әсерді қалыптастыруға қатысады, бағалаушы және экспрессивті рөлді орындайды.

Газет тақырыптары мынадай белгілермен сипатталады: жеделдік, публицистика, жанрлық сәйкестік. Мәтін тақырыбының сан қырлы функциялары болады.

Мәтін тақырыбының атауыштық функциясы. Мәтіннің тақырыбы оның басты және ең маңызды бөлігі екені белгілі. Себебі мәтін тақырыбының атауыштық функциясының арқасында біз, мысалы, жаңалықтар мақалаларын жарнамадан ажырата аламыз.

Графикалық ерекшелік функциясы. Ол экстралингвистикалық құралдар арқылы іске асады. Публицистикалық мәтінді ұйымдастырудың шрифті және визуалды компоненттері; әртүрлі жаңалықтарды оқшаулауға және ажыратуға көмектеседі.

Ақпараттық функция. Осы функцияның арқасында айдар мақаланың мазмұны туралы негізгі ақпаратты адресатқа жинақталған түрде жеткізе алады.

Прагматикалық функция. Бұл функцияны пайдалана отырып, біз айдар мазмұнының алушыға қандай әсер ететінін, оның қандай эмоциялар тудыратынын көре аламыз – таңдану, ашу, қорқыныш және т.б.

Жарнамалық функция. Бұл функция журналистің оқырманды ақпаратты белгілі бір қабылдауға бейімдеуге ұмтылуынан көрінеді; Жарнамалық функция басым болатын тақырыптар қысқа, тартымды, көлемді мәлімдемелер болып табылады.

Болжамдық функция. Болжамдық функция реципиенттің тақырыпқа сүйене отырып, оның санасында мәтінді болашақта оқудан кейін түсінуді қамтамасыз ететін «проекция» түрін құру қабілетінде көрінеді. Жоғарыда айтылғандай, оқырманды қызықтыру үшін тақырып тартымды, есте қаларлық болуы керек. Ол үшін журналистер сан алуан әдіс-тәсілдерді қолданады – олар цитата негізінде тақырып құрастырады, сұхбаттан үзінді жасайды, түрлі стильдік құралдарды (метафоралар, эпитеттер, ирониялар және т.б.) пайдаланады.

Қорытындылар

Қорыта келгенде, қазіргі БАҚ интеллект деңгейі, танымдық базасы және алынған ақпаратты түсіндіру қабілеті әртүрлі кең аудиторияға бағытталған.

Бұқаралық коммуникация саласында жүзеге асырылатын дискурстың кез келген түрі медиадискурс болып саналады. Тілдік бірліктер, сөйлеу әрекеттері мәтін бірліктерін құрайды, ал мәтіндер медиадискурстың бірліктері ретінде қызмет етеді. Бір жағынан олар дискурсивті тәжірибенің нәтижесі болса, екінші жағынан оның құралдары болып табылады.

Медиамәтін деп бұқаралық ақпарат құралдары саласында қызмет ететін (газеттік мақала, радиохабар, телехабар және т.б.), бұқаралық аудиторияға бағытталған және арнайы БАҚ тілінде жазылған мәтін түсініледі. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең көлемде таралатын медиамәтіндер әлемнің медиа суретімен сипатталатын ерекше шындықты құрайды.

Пайдаланылған деректр тізімі

1 **Желтухина, М. Р.** Тропологическая суггестивность массмедиаального дискурса: о проблеме речевого воздействия тропов в 4 языке СМИ. Монография. М.: Ин-т языкознания РАН. 2003. 656 с

2 **Добросклонская, Т. Г.** Медиалингвистика: системный подход к изучению языка СМИ: современная английская медиаречь. М.: Наука, 2008. – 264 с.

3 **Зарецкая, Е. Н.** Риторика: Теория и практика речевой коммуникации. 4-е изд. М.: Дело, 2000. 480 с.

4 **Иссерс, О. С.** Стратегия речевой провокации в публичном диалоге // Русский язык в научном освещении. 2009. №. 2. С. 92–104.

5 **Кожемякин, Е. А.** Дискурсный подход к изучению институциональной культуры. – Белгород: Изд-во БелГУ, 2008. – 244 с.

6 **Полонский, А. В.** Современный медиадискурс: ключевые идеи и слова // Русский язык в современном медиапространстве. М-лы Междунар. науч.-практ. конф. – Белгород: БелГУ, 2009. – С. 151–160.

7 **Есенова, Қ. Ө.** Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): филол.ғыл.докт. ... дисс. – Алматы, 2007. – 345 б.

8 **Мұратова, Г. Ә.** Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол.ғыл.д-ры...дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 62 б.

9 **Әбікенова, Г. Т., Кәріпжанова, Г. Т.** Мәтін және дискурс // ПМУ Хабаршысы. Филологиялық сериясы. № 2. 2018. – 52–53 бб.

10 **Засурский, Я. Н.** Медиатекст в контексте конвергенции / Я. Н. Засурский // Вестник Московского ун-та. Серия 10: «Журналистика». No 2. 2005. С. 3-6.

11 **Шестеркина, Л. П., Лободенко, Л. К.** Базовые подходы к созданию универсального медиатекста в интернет-СМИ // Вестник ЮУрГУ. Серия: Лингвистика. No2. 2013. С. 42–46.

References

1 **Zheltuhina, M. R.** Tropologicheskaya suggestivnost massmedialnogo diskursa: o probleme rechevogo vozdeystviya tropov v 4 yazyike SMI [Tropological suggestiveness of mass media discourse: on the problem of the speech impact of tropes in the 4th media language] Monografiya. M.: In-t yazyikoznaniya RAN. 2003. 656 s

2 **Dobroslonskaya, T. G.** Medialingvistika: sistemnyiy podhod k izucheniyu yazyika SMI: sovremennaya angliyskaya mediarech. [Media linguistics: a systematic approach to the study of the language of the media: modern English media speech] M.: Nauka, 2008. – 264 s.

3 **Zaretskaya, E. N.** Ritorika: Teoriya i praktika rechevoy kommunikatsii. 4-e izd.[Rhetoric: Theory and practice of verbal communication. 4th ed.] M.: Delo, 2000. 480 s.

4 **Issers, O. S.** Strategiya rechevoy provokatsii v publichnom dialoge [The strategy of verbal provocation in public dialogue]. Russkiy yazyik v nauchnom osveschenii. 2009. № 2, S. 92–104.

5 **Kozhemyakin, E. A.** Diskursniy podhod k izucheniyu institutsionalnoy kulturyi. [Discourse approach to the study of institutional culture] – Belgorod: Izd-vo BelGU, 2008. – 244 s.

6 **Polonskiy, A. V.** Sovremenniy mediadiskurs: klyuchevyye idei i slova. [Modern media discourse: key ideas and words] Russkiy yazyik v sovremennom mediaprostranstve. Materialy Mezhdunar. nauch.prakt. konf. – Belgorod: BelGU, 2009. – S. 151–160.

7 **Esenova, K. O.** Kazyirgyi kazak media-matyinyinyin pragmatikasyi (kazak baspasoz materialdaryi negyizyinde) [Pragmatics of modern Kazakh media text (based on Kazakh press materials)] filol.gyl.dokt. ... diss. – Almaty, 2007. – 345 b.

8 **Muratova, G. A.** Abaydyin tyildyk tulgasyi: diskurstyik taldaу men kontseptualdy zhuyesi [Abai's linguistic personality: discursive analysis and conceptual system] filol.gyl.d-ryi...diss. avtoref. – Almaty, 2009. – 62 b.

9 **Abikenova, G. T., Karipzhanova, G. T.** Matin zhane diskurs [Text and discourse] PMU Habarshyisi. Filologiyalyk seriyasyi. No 2. 2018. – 52–53 bb.

10 **Zasurskiy, Ya. N.** Mediatekst v kontekste konvergentsii [Mediatext in the context of convergence] Vestnik Moskovskogo un-ta. Seriya 10: «Zhurnalistika». No 2. 2005. S. 3-6.

11 **Shesterkina, L. P., Lobodenko, L. K.** Bazovyye podhody k sozdaniyu universalnogo mediateksta v internet-SMI [Basic approaches to the creation of a universal media text in the Internet media] Vestnik YuUrGU. Seriya: Lingvistika. No2. 2013. S. 42–46.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*М. О. Акабаева

Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

МЕДИАДИСКУРС КАК ОБЪЕКТ ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

В статье рассматриваются понятие, исследование, виды медиадискурса в лингвистических исследованиях. Проблемы анализа новостного, рекламного, PR-дискурса; информационные, аналитические, публицистические, идеологические дискурсы и др. типы дискурса и их отличия. В статье определены цели медиадискурса, как реальность медиадискурса и его интерпретация, регуляция деятельности адресатов (например, принуждение или

ограничение), воздействие на сознание адресатов (например, предложение), оценка, предсказание и др.

Цель медиадискурса – иметь определенную модальность по отношению к той или иной предметной области. В сферу медиадискурса входят концепты, составляющие его тематическое и смысловое «ядро».

Анализируются основные проблемы изучения медиадискурса, к которым относятся смысловая организация медиатекста, дискурсивные действия, совершаемые по отношению к действительности, формирование групп коммуникантов при организации дискурса и др. вопросы.

Также в статье описываются особенности медиатекстов, которые являются формой выражения медиадискурса. Анализируя основные вопросы исследования медиадискурса, автор приходит к выводу, что медиадискурс – это одна из форм дискурса, представляющая собой совокупность продуктов и процессов в сфере медиа.

Ключевые слова: медиа, медиaprостранство, медиадискурс, медиатекст, массовая коммуникация, лингвистика, дискурсивное действие, коммуникативная ситуация, адресат, адресат

*М. О. Akabaeva

Alikhan Bukeikhan University,
Republic of Kazakhstan, Semey.
Material received on 08.09.22.

MEDIA DISCOURSE AS AN OBJECT OF LINGUISTIC RESEARCH

The article deals with the concept, research, types of media discourse in linguistic research. Problems of analysis of news, advertising, PR-discourse; informational, analytical, journalistic, ideological discourses and other types of discourse and their differences. The article defines the goals of media discourse as the reality of the media discourse and its interpretation, regulation of addressees (for example, coercion or restriction), influence on the consciousness of the addressees (for example, asentence), evaluation, prediction, etc.

The purpose of media discourse is to have a certain modality in relation to a particular subject area. The sphere of media discourse includes concepts that make up its thematic and semantic «core».

The main problems of studying media discourse are analyzed, which include the semantic organization of the media text, discursive actions performed in relation to reality, the formation of groups of communicants in the organization of discourse, and other issues.

The article also describes the features of media texts, which are the way of life of media discourse. Analyzing the main questions of the study of media discourse, the author comes to the conclusion that media discourse is one of the forms of discourse, which is a set of products and processes in the field of media.

Keywords: media, media space, media discourse, media text, mass communication, linguistics, discursive action, communicative situation, addressee.

<https://doi.org/10.48081/LDBR4193>

***С. Ж. Ереалиева¹, Е. Б. Асанбаева², Б. Ж. Сарыбаева³**

¹Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

²Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

³Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ӘЛЕМНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ДИСКУРС: ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ МӘСЕЛелері

Мақала қазіргі тіл білімінде кеңінен түсіндіріліп жүрген «әлемнің тілдік бейнесі», «әлемнің ұлттық бейнесі», «әлемнің құндылық бейнесі» құбылыстарының ерекшеліктерін зерделеуге арналған. Авторлар мәселені ашып, тіл мен мәдениет, тіл мен ұлттық құндылық сияқты категориялардың байланысын сипаттайды. Зерттеудің мақсаты – әлемнің тілдік бейнесінің сипаттамалық ерекшеліктерін саралау, сонымен қатар әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің өзіндік өзгешелігін қарастыру. Жұмыста әлемнің тілдік бейнесінің күрделі табиғаты туралы жалпы тіл білімінде қалыптасқан ғалымдардың көзқарастары сипатталып талданады, аталған ұғым-түсініктер түйінделді. Солардың негізінде авторлар тарапынан шығарылған өзіндік анықтамалар ұсынылып, пайымдаулары жан-жақты ашылып көрсетілді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері виртуалды коммуникациядағы қажетті критерий болып табылатын ұлттық менталитетті терең түсінуге мүмкіндік береді. Мәтіннің жаңа түрін зерттеу дәстүр арқылы қайта құрылатын виртуалды тілдік тұлғаның портретін жасауға көмектеседі, әлемнің қарапайым тілдік бейнесін тұжырымдамалық тұрғыда зерделеу мәтін материалында ұсынылған әлем бейнесінің құндылық аспектісіне қызығушылық тудырады. Виртуалды тілдік тұлға ұлттық мұра мен мәдениеттің тасымалдаушысы болып табылады. Өйткені ол мәтіндерде көрінетін өзіндік дүниетанымы мен стереотиптері бар белгілі бір лингвомәдени қоғамдастыққа жатады.

Кілтті сөздер: әлемнің тілдік бейнесі, ұлттық құндылық, виртуалды қарым-қатынас, интернет дискурс, виртуалды тілдік тұлға.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала ҚР БЖҒМ қолдауы негізінде, АР13068417 «Қазақ лингвомәдениетінің аксиологиялық доминанттары: дәстүр және жаңашылдық (күнделікті виртуалды қарым-қатынас материалдары негізінде)» жобасы шеңберінде орындалды.

Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі антропоорталықтық парадигмаға енетін қазіргі тіл білімі ғылымының әлемнің тілдік, ұлттық және құндылық бейнесінің феномендеріне қызығушылығына, қарым-қатынастың жаңа форматы – интернет-коммуникацияның және, тиісінше, қарапайым жазбаша сөйлеудің әр алуандығын білдіретін мәтіндердің (блог, түсіндірме және т.б.) жаңа түрінің пайда болуына байланысты. Мәтіннің жаңа түрін зерттеу дәстүр арқылы қайта құрылатын виртуалды тілдік тұлғаның портретін жасауға көмектеседі, әлемнің қарапайым тілдік бейнесін тұжырымдамалық тұрғыда зерделеу мәтін материалында ұсынылған әлем бейнесінің құндылық аспектісіне қызығушылық тудырады.

Виртуалды кеңістікте қоғам өзінің қажеттіліктерін ауызша және жазбаша қарым-қатынас түрлері арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар ол ғалымдарға, соның ішінде лингвистерге зерттеу объектісіне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді, ғылыми жаңалықтар ашуға негіз болды.

Зерттеу нысаны: әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық бейнесі түсінігі (феномені), интернет дискурстың лингвомәдени және лингвоаксиологиялық ерекшеліктері.

Зерттеу мақсаты: әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық бейнесі арақатынасының өзекті мәселелерін зерттеу, интернет дискурстың лингвомәдени және лингвоаксиологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- интернет-лингвистика, лингвомәдениеттану, аксиологиялық лингвистика салаларындағы зерттеушілердің теориялық жұмыстарын зерделеу;

- әлемнің тілдік бейнесі, әлемнің ұлттық және құндылық бейнесі феноменін салыстыру және сипаттау;

- интернет дискурстың лингвомәдени және лингвоаксиологиялық ерекшеліктерін айқындау.

Материалдар мен әдістер

Аталған нысанды зерттеу үшін тіл білімінде жарық көрген ғылыми еңбектер дереккөз ретінде пайдаланылды және оларды жүйелі түрде ұсынуда әдеби шолу, теориялық материалды контекстік талдау, салыстырмалы, жалпылама, сипаттамалық әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қай тіл болмасын әлемді тұжырымдаудың белгілі бір әдісін пайдаланылады. Тіл адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесу тәжірибесін көрсетеді және оның жалпы тұтастығында әлемнің тілдік бейнесін құрайды [1].

«Әлемнің тілдік бейнесі» терминін Л. Вайсгербер ұсынған. Ол әр тілде тіл тасымалдаушыларының әлемге деген айрықша көзқарасы суреттеледі деп есептейді [2, 111–112 бб.].

Бүгінгі күні тіл білімінде «әлем бейнесі» терминіне қатысты ғалымдар тарапынан бірқатар анықтама жасалғаны белгілі. В. И. Карасиктің пікірінше, «әлем бейнесі – бұл ұжымдық санадағы шындық бейнелерінің тұтас жиынтығы ... және зат пен құбылыс кластары туралы логикалық түрде қалыптасқан жалпы ой жайындағы түсініктер» [3, 88 б.].

Әлемнің тілдік бейнесі – бұл «тұтас және көп бөлшектегі әлем ретінде бар нәрсенің бейнесі тілдік комбинация құралдары арқылы жүзеге асырылатын халықтың ғасырлар бойындағы тәжірибесі. Өзінің құрылымында және тілмен ұғынылатын байланыстарында білдіретін бөліктері, біріншіден, адамның материалдық және рухани тұрмыс-тіршілігі, екіншіден, оның барлық қоршаған ортасы: кеңістік пен уақыт, жанды және жансыз табиғат, адам жасаған мифтер мен қоғам саласы» [4, 15 б.].

Әлем бейнесін қалыптастыруға адамның психикалық іс-әрекетінің барлық аспектілері, сезімдерден, қабылдаулардан, идеялардан бастап, жоғары формаларға – адамның ойлауы мен өзін-өзі тануына дейін қатысатындықтан, адамда әлем бейнесін қалыптастыруға байланысты кез келген үрдісті анықтайтын қандай да болмасын әрекет сөзсіз сәтсіздікпен аяқталады. Адам әлемді сезінеді, оны пайымдайды, сіңіреді, таниды, түсінеді, түсіндіреді, суреттейді және бейнелейді, онда тұрады, елестетеді. Әлем бейнесі дүниетанымның, дүниені пайымдаудың, дүниені түсінудің, дүниені қабылдаудың әртүрлі актілерінде пайда болады [5, 21 б.].

«Әлем бейнесі» терминінің синонимі «әлем моделі» термині болуы мүмкін. Әлем моделі – бұл адамдар интеграциясының өзегі, адам өмірінің әртүрлі салаларын, олардың өзара байланысын үйлестіру құралы. Әлем моделі шындықтың тұтас бейнесі ретінде адамның дүниетанымы мен дүниеге көзқарасының барлық әрекеттеріне делдал болады. Сонымен қатар бір адам әлемнің бірнеше моделінің тасымалдаушысы бола алады:

ғылыми, діни, саяси, экономикалық және т.б. Осылайша, әлем моделінің екіжақтылық сипаты, яғни ол бір уақытта жеке және әлеуметтік құбылыс екендігі анықталады.

Әлем моделінің мәдениетпен тығыз байланысты екендігі де маңызды, сондықтан ол барлық тілдік этностар үшін бірдей емес. Демек, әр тілде өз әлемінің ерекше бейнесі бар және мәлімдемені ұйымдастырған кезде мұны ескерген абзал. Сонымен қатар бүгінгі күні Интернеттің пайда болуымен байланысты әлем бейнесінің жаңа түрі көрініс тапты деп айтуға болады. Осыған орай адам санасында әлемнің виртуалды бейнесі қалыптасады.

Қысқасы, әлемнің тілдік бейнесінің құрамдас бөліктеріне мыналар жатады: а) шындықты қабылдау моделі (сызбасы) – білім жиынтығы; б) халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі (таным нәтижесі); в) тілде көрініс табуы; г) адамды әлемдегі белгілі бір қатынасқа бағыттауы («Біздің дүниетанымымыз әлемнің тілдік бейнесінде ішінара тұтқында болады»); д) уақыт өте өзгергіштігі; е) ұлттық ерекшелігі («Әр тіл оның тасымалдаушыларының дүниетанымын анықтайтын және олардың әлем бейнесін қалыптастыратын ұлттық, өзіндік жүйені қамтиды»); ж) әлемнің ғылыми бейнесінен айырмашылығы бар қарапайым бейне [6, 67 б.].

Ю. Д. Апресянның түсінігінше, әлемнің тілдік бейнесі ғылыми бейнеге дейінгі сипатқа ие. Ол қарапайым, күнделікті санаға негізделеді және әлемнің қарапайым бейнесі деп аталады. Өйткені ол әлемнің ғылыми көзқарасынан көптеген мәселелерімен ерекшеленеді [7, 6–7 бб.].

Осы негізде әлемнің екі бейнесі анықталады: қарапайым және ғылыми. Әлемнің қарапайым бейнесінде лингвомәдени қоғамдастықтың қарапайым санасын сипаттайтын қабылдаудың заттық тәсілі басым. Оның басты ерекшелігі – бағалау сипаты, өйткені әлем әрдайым қажеттілік призмасы арқылы қабылданады. Осылайша, қоршаған әлем, оның бейнесі жеке адамның санасында көрінеді және тілдік бірліктерде бекітіледі. Тиісінше, әлемнің бейнесі тіл түрінде ұсынылады, алайда нақты сол болып табылмайды.

Кей ғалымдар әлемнің қарапайым моделі өзінің көріністерінде күрделілігі бойынша әлемнің ғылыми бейнесінен кем түспейді және кей кезде одан да асып түседі деп есептейді. Өркениеттің қазіргі дамуы әлемнің ғылыми және қарапайым бейнелерінің жақындасуына әкелді. Бұл құбылыстың маңызды алғышарттарына жаһандандудың жалпы дамуы, БАҚ пен виртуалды әлемнің әлемнің ғылыми көрінісін таратуға әсері; заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану; осы құбылыстармен тікелей байланысы бар интеграциялық қозғалыстар сияқты факторлар жатады. Алайда жақындасу толық біріктіруді білдірмейді, өйткені орталық салаларда әлемнің ғылыми және қарапайым бейнелері өте қатаң концептуалды және формальды-тілдік ядроларды құрайды. Олар, сөз жоқ, өзара ерекшеленеді.

Жетілудің кез келген кезеңі (қарапайым немесе ғылыми) танымдық тәжірибенің нәтижелерін жеке және әлеуметтік аспектілерде әлемге (ортаға, шындыққа) саналылық / бейсаналық бейімделу үшін қолдануды қамтиды.

Ю. Д. Апресян әлемнің тілдік бейнесін анықтау мәселесі туралы ойын былай білдіреді: «Әр табиғи тіл әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың (тұжырымдаудың) белгілі бір тәсілін көрсетеді. Ондағы берілетін мағына барлық тіл тасымалдаушыларына міндетті болып табылатын ұжымдық философия ретінде біртұтас көзқарастар жүйесіне айналады. Бұл тілге тән шындықты тұжырымдау тәсілі ішінара әмбебап әрі ұлттық сипатқа ие болып келеді. Сондықтан әртүрлі тілдің тасымалдаушылары әлемді өз тілдерінің призмасы негізінде басқаша түрде көре алады. Екінші жағынан, көп жағдайда әлемнің тілдік бейнесі «ғылыми» бейнеден өзгеше және «қарапайым» болып келеді. Сонымен қатар тілде көрініс тапқан қарапайым түсініктер ғылыми бейнеден гөрі күрделі және қызықты болуы да мүмкін. Мысалы, бұл қатарға адамның ішкі әлемі туралы түсініктер жатады. Олар мыңдаған жылдар бойы ондаған ұрпақ интроспекциясының тәжірибесін көрсетеді және осы әлемге сенімді бағыттаушы бола алады...» [7, 348–349 бб.].

Әлемнің тілдік бейнесі осы тілді тасымалдаушы адамдар дүниетанымының ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсетеді. Тіл өзінің мағыналары мен олардың ассоциациялық жүйесі арқылы әлемнің ұлттық-мәдени түстердегі концептуалдық моделін суреттейді» [8, 177 б.].

Әлемге деген ұлттық көзқарас кез келген зерттеушіні қызықтыратыны сөзсіз. Өйткені біреудің ұлттық дүниетанымын түсіну мүмкін емес, бірақ түсіну процесі кезінде оған жақындауға болады. Себебі әлемнің ұлттық бейнесі әр халықтың ойлауында тұжырымдалады. Бұл тұжырымдама әлемнің жалпы моделін қалыптастыру аясында жүзеге асады және әлем бейнесін қоршаған шындықтан жеке адам қабылдаған сигналдарды қайта кодтау нәтижесінде білдіреді. Әлемнің бейнесі әмбебап және ұлттық болып табылады. Егер әлем моделін зат түрінде ұсынса, онда оның құрылымы көптеген халықтар үшін бірдей болуы мүмкін, бірақ шындық әрдайым әртүрлі болады.

Әлемнің ұлттық бейнесі халық дүниетанымының өзіндік өзгешелігі мен ұлттық-мәдени ерекшелігінде жүзеге асырылатын белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесін көрсетеді. Бұл көзқарас тілде, әдебиетте, жазбаша дискурста байқалады, адамдардың сөйлеуінде көрінеді.

Г. Д. Гачевтің пайымдауынша, әлемнің ұлттық бейнесі үш деңгейден тұрады: ұлттық кеңістік, тіршілік, тіл; ұлттық сипат, ұлттық жан; ұлттық ойлау қабілеті, әлемді бейнелеу тәсілі, болмысқа көзқарас, құндылықтар иерархиясы. Әр дәуір өз бейнелерін жасайды [9, 7–81 бб.].

Әлемнің құндылық бейнесін анықтау және зерттеу үшін белгілі бір тілдік қоғамдастыққа арналған маңызды концептілерді айқындау қажет. Ол қандай да бір тілдік тұлғаның, сондай-ақ ұжымның (біздің жағдайда виртуалды қарым-қатынасқа қатысушылардың) құнды түсініктер жүйесін қалыптастырады. Әлемнің құндылық бейнесін модельдеу арқылы мәтінде оларды қолдану жиілігімен анықталатын кілтті сөздер әдісін пайдалана отырып, бұндай концептілерді ажыратуға болады. Аталған кілтті сөздер бір-бірімен топтасып, әлемнің бейнесі деп аталатын жүйе ретінде әрекет ететін белгілі бір концептілердің құрылымын құрайды. Тілдік тұлғаның құндылық көзқарастарын анықтау үшін мәтіндік қызмет процесінде пайда болатын тұжырымдамалық өрісті қарастыру қажет.

В. И. Карасик әлемнің құндылық бейнесінің келесі ерекшеліктерін анықтайды: 1) тілдегі әлемнің құндылық бейнесі жалпы адамзаттық және арнайы бөліктерді қамтиды. Бұл бейненің арнайы бөлігі объектілердің әртүрлі номинативті тығыздығына, объектілердің әртүрлі бағалау біліктілігіне, құндылықтардың әртүрлі комбинаторикасына байланысты; 2) тілдегі әлемнің құндылық бейнесі заңды, діни, моральдық кодекстермен, жалпы қабылданған тұжырымдармен, әдеттегі фольклорлық және белгілі әдеби сюжеттермен өзара байланысты бағалау пікірлері түрінде қайта құрылады; 3) бағалау пайымдаулары арасында қосу және ассоциативті қиылысу қатынастары байқалады, соның нәтижесінде тиісті мәдениеттің құндылық парадигмаларын орнатуға болады; 4) әлемнің құндылық бейнесінде осы мәдениет үшін маңызды мағына, құндылық доминанттары бар, олардың жиынтығы тілде жалғастырылатын және сақталатын мәдениеттің белгілі бір түрі құрылады; 5) әлемнің құндылық бейнесі белгілі бір тіл мәдениеті аясында әр текті білім болып табылады, өйткені әртүрлі әлеуметтік топтар түрлі (кейде қарама-қарсы) құндылықтарға ие болуы мүмкін; 6) әлемнің құндылық бейнесі ұжымдық, сонымен қатар жеке санада да өмір сүреді [10].

Әлемдік модель мәдениетпен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн, сондықтан ол барлық лингвомәдениет үшін әмбебап болып табылмайды. Демек, әр тіл өзіндік әлем бейнесінен тұрады және оны мәтінді қабылдау және мәтін сөзжасамында ескеру қажет. Сонымен қатар бүгінгі таңда интернеттің дамуымен байланысты әлем бейнесінің жаңа түрі қалыптасқанын мойындау керек. Сондықтан әлемнің виртуалды бейнесі деп аталатын әлемнің тағы бір бейнесін жасауға мүмкіндік туды.

Д. А. Попова мен Е. С. Сальникова түсіндірмеші өзінің негізгі ұжымдық құндылықтары мен оған әлемнің белгілі бір бейнесі бар тілдік тұлғаға тән құндылықтарды өзіндік дискурсты тудыратын контексте бағалау тәжірибесіне бағытталған деп санайды. Нәтижесінде, субъект-түсіндірмеші өзінің түсіндірмелерін – ішкі түсінік, норма, стандарт пен

талаптар желісінде, жақсылық пен жамандық туралы, әділеттілік, пайда әкелу, ізгілік, қадір-қасиет, сұлулық және т.б. әлеуметтік, прагматикалық, моральдық, эстетикалық құндылықтары туралы жеке көзқарасын жүйелей отыра саралап, өзінің дискурсивті әлемін жасайды. Онда ол үшін маңызды концептілер – аксиологемалар болып табылады [11, 231 б.].

А. А. Калашникова орыс тілді блогер әлемінің тілдік бейнесін, оған сәйкес адам менталитеті үшін қандай да бір негізгі концептіні талдау арқылы оның белгілі бір тілге тән дәрежесіне қарамастан, тілде көрінетін түсініктердің тұтас жүйесін қайта құруға болатынын қарастырады. Оның пікірінше, концепт – «ақыл-ойда көрініс тапқан әлем құбылысымен байланысты психикалық құрылым». Бұл көпөлшемді семантикалық білім, онда тек концептуалды ғана емес, сонымен қатар бейнелі және құндылық мәселелері де бар [12, 231 б.].

Қысқасы, компьютерлік-делдалдық қарым-қатынас пен тұлғааралық диалогте виртуализациялаудың ықпалына ұшыраған виртуалды тілдік тұлғаның танымдық деңгейінің өзгеруін байқауға болады. Бұл виртуалды кеңістіктегі тілдік тұлға болмысы ретінде әлемнің тілдік бейнесі веб-логтің дискурсивті сипаттамаларына ұшырай отырып өзгереді деп айтуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Әлемнің лингвомәдени құндылық бейнесін зерттеудің теориялық талдауына сүйене отырып, белгілі бір тілдік қоғамдастық үшін маңызды концептілерді зерделеуге назар аударылды. Олар жеке тілдік тұлғамен қатар, ұжымдық, біздің жағдайда виртуалды тілдік тұлғаның құндылық компоненттер жүйесін береді. Мұндай концептілерді анықтау үшін мәтін сөзжасамында оларды қолдану жиілігі принципімен ерекшеленетін кілтті сөздер әдістемесін қолдана отырып, әлемнің құндылық бейнесін модельдеу арқылы жүзеге асырылады. Топтастыру арқылы олар әлем бейнесінің бөлігі болатын белгілі бір концептілер өрісін құрайды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1. Кубрякова, Е. С. О современном понимании термина «концепт» в лингвистике и культурологии // Реальность, язык и сознание. Международный межвузовский сборник научных трудов. – Вып. 2. – Тамбов: Изд-во ТГУ им. Г. Р. Державина, 2003. – С. 67–75.
2. Вайсгербер, Й. Л. Родной язык и формирование духа. – М., 1993. – 112 с.
3. Карасик, В. И. Язык социального статуса. – М., 2002. – 477 с.

4. Шведова, Н. Ю. Результаты, полученные в работе над «Русским семантическим словарем» // Вопросы языкознания. – №1. – М., 1999. – С. 3–16.

5. Серебренников, Б. А. Предисловие // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 212 с.

6. Маслова, В. А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.

7. Апресян, Ю. Д. Интегральное описание языка и системная лексикография. Т. 2. – М.: Языки русской культуры, 1995. – 349 с.

8. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира / отв. ред. Б.А. Серебренников. – М.: Наука, 1988. – 216 с.

9. Гачев, Г. Д. Национальные образы мира. – М.: Издательский центр «Академия», 1998. – 432 с.

10. Карасик, В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 205 с.

11. Попова, Д. А., Сальникова, Е. С. Ценностная ориентация цифровой личности в жанре интернет-комментария // Вестник Нижегородского университета им. Н. И. Лобачевского. – № 5. – Нижегородск, 2019. – С. 230–234.

12. Калашникова, А. А. К вопросу о языковой картине мира русскоязычного блогера // Lingua mobilis. – № 7 (26). – 2010. – С. 52–60.

References

1. Kubryakova, E. S. O sovremennom ponimanii termina «koncept» v lingvistike i kul'turologii [On the modern understanding of the term «concept» in linguistics and cultural studies] // Reality, language and consciousness. International interuniversity collection of scientific papers. – Issue. 2. – Tambov: Publishing House of TSU named after G.R. Derzhavin, 2003. – P. 67–75.
2. Weisgerber, Y. L. Rodnoj yazyk i formirovanie duha [Native language and the formation of the spirit]. – М., 1993. – 112 p.
3. Karasik, V. I. Yazyk social'nogo statusa [The language of social status]. – М., 2002. – 477 p.
4. Shvedova, N. Yu. Rezul'taty, poluchennyye v rabote nad «Russkim semanticheskim slovarom» [Results obtained in the work on the «Russian Semantic Dictionary»] // Questions of Linguistics. – №. 1. – М., 1999. – P. 3–16.
5. Serebrennikov, B. A. Predislovie [Foreword] // The role of the human factor in the language: Language and picture of the world. – М.: Nauka, 1988. – 212 p.
6. Maslova, V. A. Lingvokul'turologiya [Linguoculturology]. – М.: Academy, 2001. – 208 p.

7. **Apresyan, Yu. D.** Integral'noe opisanie yazyka i sistemnaya leksikografiya [Integral description of the language and systemic lexicography]. – Т. 2. – М.: Languages of Russian culture, 1995. – 349 p.

8. Rol' chelovecheskogo faktora v yazyke: yazyk i kartina mira [The role of the human factor in language: language and picture of the world] / ed. ed. B. A. Serebrennikov. – М.: Nauka, 1988. – 216 p.

9. **Gachev, G. D.** Nacional'nye obrazy mira [National images of the world]. – М.: Publishing Center «Academy», 1998. – 432 p.

10. **Karasik, V. I.** Yazykovoj krug: lichnost', koncepty, diskurs [Language circle: personality, concepts, discourse]. – Volgograd: Change, 2002. – 205 p.

11. **Popova, D. A., Salnikova, E. S.** Cennostnaya orientaciya cifrovoy lichnosti v zhanre internet-kommentariya [Value orientation of the digital personality in the genre of Internet commentary] // Bulletin of the Nizhny Novgorod University named after N. I. Lobachevsky. – №. 5. – Nizhegorodsk, 2019. – P. 230–234.

12. **Kalashnikova, A. A.** K voprosu o yazykovoj kartine mira russkoyazychnogo bloggera [To the question of the language picture of the world of a Russian-speaking blogger] // Lingua mobilis. – №. 7 (26). – 2010. – P. 52–60.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*С. Ж. Ергалиева¹, Е. Б. Асанбаева², Б. Ж. Сарыбаева³

¹Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

³Павлодарский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

НАЦИОНАЛЬНАЯ ЦЕННОСТНАЯ КАРТИНА МИРА И ИНТЕРНЕТ ДИСКУРС: ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Статья посвящена изучению специфики феномена «языковой картины мира», «национальная картина мира», «ценностная картина мира», получившего в последнее время широкую интерпретацию в современном языкознании. Автором освещается проблема и прослеживается связь таких категорий, как язык и культура, язык и ценность. Цель исследования состоит в описании характерных черт языковой картины мира, также рассматривается своеобразие национальной языковой картины мира. В работе излагаются взгляды

некоторых ученых на сложную природу языковой картины мира, даются толкования данного понятия, с учетом которых автором было сформулировано собственное определение. Результаты проведенного исследования дают возможность глубокого понимания национального менталитета, что является необходимым критерием в виртуальной коммуникации. Изучение нового типа текста помогает создать портрет виртуальной языковой личности, который реконструируется с помощью традиций, концептуальных исследований образа обыденной языковой картины мира, интересом к ценностному аспекту картины мира. Изучение нового типа текста помогает создать портрет виртуальной языковой личности, который реконструируется с помощью традиций, концептуальных исследований образа обыденной языковой картины мира, интересом к ценностному аспекту картины мира, представленной в текстовом материале. Виртуальная языковая личность является носителем национального наследия и культуры, поскольку принадлежит определенному лингвокультурному сообществу, обладающему своим мировоззрением и стереотипами, которые проявляются в текстах.

Ключевые слова: языковая картина мира, национальная ценность, виртуальная коммуникация, интернет дискурс, виртуальная языковая личность.

*S. Zh Yergaliyeva¹, E. B. Asanbaeva², B. Zh. Sarybaeva³

¹Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

³Pavlodar Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.22.

NATIONAL VALUE PICTURE OF THE WORLD AND THE INTERNET DISCOURSE: THE PROBLEM OF INTERACTION

The article is devoted to the study of the specifics of the phenomenon of «Language picture of the world», «National picture of the world», «Value picture of the world», which have recently received a wide interpretation in modern linguistics. The author highlights the problem and traces the connection between such categories as language and culture, language and value. The purpose of the study is to describe the characteristic features

of the linguistic picture of the world, and the originality of the national linguistic picture of the world is also considered. The paper presents the views of some scientists on the complex nature of the language picture of the world, gives interpretations of this concept, taking into account which the author formulated his own definition. The results of the study provide an opportunity for a deep understanding of the national mentality, which is a necessary criterion in virtual communication. The study of a new type of text helps to create a portrait of a virtual linguistic personality, which is reconstructed with the help of traditions, conceptual studies of the image of an ordinary linguistic picture of the world, and interest in the value aspect of the picture of the world presented in the text material. A virtual linguistic personality is the bearer of national heritage and culture, since it belongs to a certain linguocultural community that has its own worldview and stereotypes that are manifested in texts.

Keywords: linguistic picture of the world, national value, virtual communication, Internet discourse, virtual linguistic personality.

FTAMP 17.07.31

<https://doi.org/10.48081/RCAO2310>

***Қ. Т. Жанұзақова¹, Ж. А. Байбатшаева²**

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИСТІК ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Мақалада бүгінгі қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңіндегі постмодернистік прозаның әдеби формалары мен даму ерекшеліктері әлемдік әдеби үдерістің дамуы аясында талданады. Әлемдік әдебиеттануда XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше назарға іліне бастаған постмодернистік туындылардың басты белгілері мен көркемдік ерекшеліктері шетелдік ғалымдар еңбектері негізінде пайымдалды. Қазақ әдебиетінде де соңғы жылдары постмодернистік тенденцияның көп талқыға түсіп, талас тудыра алғаны анық. Ұсынылып отырған мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасында жаңаша бағыт-бағдарымен танылған постмодернист жазушылар – Д. Нақыповтың «Круг непла», А. Жақсылықовтың «Сны окаянных» романдарындағы постмодернистік белгілердің қызметі, мазмұндық, құрылымдық қасиеттері мен мәтіннің композициялық ерекшеліктері қарастырылады. Бұл тенденцияның қазақ әдебиетіндегі көрінісін қарастыру барысында тарихи-салыстырмалы, герменевтикалық, интертекстуалдық талдау әдістері негізге алынды. Постмодернизмдегі шығармашылық еркіндік пен әдеби үдерістегі жаңашылдығы сипатталады. Постмодернистік мәтіннің негізгі бағыт-бағдарын, поэтикалық табиғатын айқындауда шетелдік, отандық зерттеушілер еңбектері басшылыққа алынды. Әр түрлі психоаналитикалық теориялар мен тәжірибелер, когнитивтік әдебиеттану, мәтін философиясы және деконструктивизм тұрғысынан автор, кейіпкер мен оқырман арасындағы қарым-қатынас әдістері ашылады. Сондай-ақ, авторлық және оқырмандық қарым-қатынастың үйлесуі, мәтіннің прагматикасы зерттеледі.

Кілтті сөздер: модернизм, постмодернизм, әдеби процесс, постмодернистік мәтін, постмодернистік ирония, интертекст.

Кіріспе

Көркемөнер көкжиегіне көз жіберсек, адамзат тарихында көптеген мәдени дәуірлердің алмасып отырғанын және соңғысының постмодерн дәуірі екенін көреміз. Постмодернизм – тоталитаризм мен өзіне дейінгі мәдениеттер ұсынған идеологияға қарсы шыққан мәдениет. Қалыптасқан постмодерндік мәдениет модернизмнің орнын басып, жекелеген салаларда бағыт атауын қамтыған ұғымға айналды. Кейіннен сәулет, музыка, мүсін, көркемсурет, әдебиет секілді өнердің барлық саласында көрініс бере бастады. Бастапқыда философиялық термин ретінде танылған постмодернизм әдебиетте XX ғасырдың 60-80 жылдары белең алды. Осы уақытта шетелдік әдебиеттегі постмодернизмнің жарқын өкілдері саналатын – У. Берроуз, Дж. Хеллер, Ф. Дик және К.Воннегуттың романдары жарық көрді. Сол тұста постмодернизм бағыт ретінде мойындалып, алғаш француз ғалымы Ж-Ф. Лиотар оны ойлардың қарама-қайшылығымен сипатталатын қазіргі заманның негізгі мәселесі ретінде теориялық тұжырымдамасын жасады [1, 16 б.]. Сондай-ақ, постмодернизм теориясын зерттеген американдық – И. Хассан, ағылшындық – Дж. Батлер, Д. Лодж, голландық – Д. В. Фоккема, т.б. ғалымдарды атаймыз. Олар постструктурализм теориясына сүйене отырып, қазіргі қолданыстағы негізгі түсініктер мен терминдерді енгізді. Әлемдік әдебиетте бұл ұғым пайда болғаннан бастап оның шыққан тегі мен мәнін анықтау үшін жасалған зерттеулердің көптігі – постмодернизмнің әлемдік мәдениеттің басты бағыттарының бірі екенінің дәлелі. Десек де зерттеушілер әлі де постмодернизм туралы нақты түсінік пен көзқарас жоқтығын алға тартады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті түлеп, рухани кемелдену дәуірін бастан кешуде. Қоғамда орын алған түрлі: саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер адамның рухани әлеміне айтарлықтай ықпал етті. Кеңестік кезеңдегі реалистік, романтикалық сипаттағы әдебиет енді саяси идеологиялық қыспақтан шығып, ұлттық сөз өнерімізде ширек ғасырға жуық көрініс тапқан модернистік, постмодернистік тенденциялармен түрленіп, өз кеңістігін кеңейтті. Қоғамдық сана өзгерген тұста әдебиет пен оған қойылар талап та жаңаруы зындылық. Сондықтан болар, бүгінгі таңда постмодернизм мен оның көркем әдебиеттегі көрінісі - пікір қайшылығын тудырған өзекті тақырып. Бүгінде қазақстандық проза мен поэзияның жаңа толқыны қалыптасып келеді. Қазіргі қазақ әдебиетінде постмодернистік сипатта жазылған шығармалар көп емес. Дегенмен, Т. Әсемқұлов, А. Жақсылықов, Д. Амантай, Д. Нақыпов, Ж. Қорғасбек, А. Кемелбаева, т.б. авторлардың шығармалары постмодернистік сипаттағы өзіндік штрихтары бар деп танылып жүр. Аталған авторлардың шығармалары ерекше формалары, мазмұндық, түрлік жаңашылдықтары себепті жиі сыни пікірлер тудырады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде қазақ прозасындағы постмодернизм көрінісін қарастырған – Б. Майтанов, А. Исмакова, Г. Пірәлі, Л. Сафронова, Т. Есембеков, А. Темірболат, т.б. ғалымдар еңбектеріне сүйендік. Аталған еңбектер арқылы зерттеудің негізгі бағыттары анықталды. Қазіргі әдебиеттанудағы постмодернизм көрінісін, көркем шығармашылықтың табиғатын қарастыратын шетелдік ғалымдардың жұмыстарына көп көңіл бөлінді. Оларды талдау және жүйелеу әдеби шығармашылықтың танымдық аспектілерін, атап айтқанда психикалық процестерді зерттеуге деген көзқарас принциптерін дамытуға ықпал етті.

Мақалада психологиялық, герменевтикалық, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. Постмодернистік тенденциялардың қазақ әдебиетіндегі көрінісін, шығармадағы поэтикалық элементтерді зерттеу үшін тарихи-функционалдық әдісін пайдаландық. Бұл әдіс – көркем шығармадағы оқырмандық нұсқалардың тарихи динамикасындағы әдебиеттің қызметін, сондай-ақ авторлардың беделін зерттейді. Психологиялық әдісті пайдалану арқылы автор мен оқырманның, кейіпкердің ішкі сезімдері мен тәжірибелерін тереңірек ашуға тырыстық. Герменевтикалық әдіс постмодернистік сипаттағы шығармалардың идеялық-тақырыптық мазмұнын қалыптастыруға ықпал етті. Оны қолдану авторлық тұжырымдаманың мәні мен мағынасын ашуға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс – жазушылардың дүниетанымындағы жақындық пен айырмашылықты анықтауда пайдаландық. Оны қолдану Д. Нақыпов пен А. Жақсылықов өз шығармаларында бейнелейтін көзқарастарының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Әдебиеттанушылардың постмодернизмге деген көзқарасы әртүрлі. Бірі оны көркем шығарманың мағынасы мен ұлттық құндылығын жоққа шығаратындығын айтса, ал екіншісі постмодерндік бағыттың өзіндік ерекшеліктерін алға тартады. Әлемдік кеңістікте постмодернизм өнердің барлық саласын қамтитын, көп мәнге ие бағыт екендігін дәлелдеген американдық ғалым И. Хассан әдебиет пен философиядағы постмодернистік концепциялардың дамуын қарастырып, оны фрагменттілік, түсініксіздік, гибридизация, ирония, т.б. негізгі қағидаттарын бөліп көрсетті [2]. Постмодерндік өнерді жүйелі талдаудың алғашқы әрекеттерінің бірі әдебиеттанушы Л. Фидлерге тиесілі [3, 462–518 б.]. Л. Фидлер постмодернистік мәтінде автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынастың кеңейе түсетінін баса айтты [4, 151–258]. Шетелдік постмодернизмнің қалыптасуы әрі қарай У. Эко, Д. Делилло, Дж. Барнс, У. Гибсон, В. Набоков, Дж. Фуолз, М. Павич, Т. Стоппард және т. б. зерттеушілер есімімен байланысты. Ал қазақ

әдебиеттану ғылымында Б. Майтанов, Ә. Бөпежанова, Л. Сафронова, А. Ісімақова, Ж. Жарылғапов, Г. Елеукенова, Ә. Қодар, Д. Ысқақ, Г. Пірәлі, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде постмодернизмнің сипатын қарастырған.

Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көрінісін алғаш зерттеушілердің бірі Б. Майтанов оның кең етек алуы жайлы: «Қазақ тілінде жазатын қаламгерлерден де постмодернистік үрдістердің кейбір нақыштарын аңғарамыз. Бұл үрдіс орыс әдебиетінде тым сайқымазақтанып, нағыз әділ ойдың ұштығына шыққандай болатыны сезіледі» [5, 270 б.] - деген тұжырымын жазды. Тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттануда постмодернистік зерттеулермен айналысып жүрген Л. В. Сафронова қазіргі постмодернистік прозадағы автор мен кейіпкер категорияларын қарастырады. «Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана» атты оқулығында Х. Әдібаев, Д. Амантай сынды жазушылардың шығармасын орыс постмодернизмімен салыстыра отырып талдайды [6]. Әдебиеттанушы Ә. Қодар «постмодернизмнің пайда болуын жаһандану дәуірінде мәдениеттердің бірігіп-кірігуімен, шектен тыс ақпараттануымен» [7] байланыстырады.

Постмодернистік тенденцияның қазақ әдебиеттануында талас тудыруы заңдылық. Оның әр әдебиеттің өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне байланысты түрлі сипатта дамуы да заңды. Постмодернистік тенденция қазақ прозасында өзінің «таза» еуропалық үлгісінде дамып, бағыттық сипат алып кете алмады. Әдебиет сыншысы Д. Ысқақұлы «постмодернизмнің ұлттық сипатқа нұқсан келтіріп, қалыптасқан көркемдік, эстетикалық, адамгершілік ұғымдарды мойындай бермейтіндігін» баса айтады [8]. Сыншылар тарапынан төл әдебиетімізде жаңа леп, жаңа сілкініс туындаған сәтте бір-біріне кереғар пікірлердің болуы заңды.

Әлемдік әдебиет сынында модернизм мен постмодернизм белгілерін айқын ажыратқанымен, қазақ әдебиетінде екеуін синонимдес қолданады. «Постмодернизм» сөзінің өзі модернизмнен кейінгі деп аударылады. Қолданылу мақсатында айырмашылық болса да, екеуіне ортақ әдістер көп. Мәселен, қазақ прозасында ғалымдар Т. Әбдіков, А. Алтай, М. Мағауин, А. Жақсылықов, А. Кемелбаева шығармаларын модернистік, постмодернистік деп жатады. Оған себеп – екеуіне де ортақ белгілердің шығармада кездесуі және авторлардың өзгеріске, жаңашылдыққа бейімділігі болса керек. Асқар Алтайда бүгінгі қоғам әрекетімен мифтік бейнелердің көрінісін көрсетеді. Төлен Әбдіковтің шығармаларында да психология мен физиологиялық құндылықтарды қатар беру, түс көру мотиві секілді постмодернизмнің кішігірім белгілері кездесуі мүмкін.

Постмодернизм төл әдебиетімізге әлемдік әдебиетпен салыстырғанда кеш келсе де, қазақ оқырманына айтарлықтай ықпалын көреміз. Осы

орайда постмодернизм белгілері Д. Нақыповтың «Круг пепла» және А. Жақсылықовтың «Сны окаянных» романдары негізінде талданады.

Д. Нақыповтың «Круг пепла» шығармасы [9] – қазақ прозасындағы толыққанды постмодернистік сипаттағы роман саналады. Әлемдік әдебиетте постмодернистік романдардың әртүрлі үлгілері бар. Осыған орай, Д. Нақыповтың «Круг пепла» шығармасын оқырманның қабылдауы түрлі «тосынсыйларға» толы болуы мүмкін. Туындының жанрлық формасы ерекше. Автордың өз диалогиясының жанрын «роман-интенция» деп белгілепті. Мұндағы «интенция» сөзі белгілі бір зат, дүниеге төңірегіндегі мақсатты толғанысты, сана тасқынын, белгілі бір ойтолғаудың мақсатын, бағытын білдіреді. Осы орайда жазушының өзіндік дүние қабылдау үлгісін, өмір құбылыстарын эмоционалдық тұрғыда өз дүниетанымы бағанынан бағалауы мен әлем туралы авторлық қарым-қатынасын көреміз. Көп қатпарлы романда түрлі жанрлық сипаттардың өзара араласуын, жеке жанрлық түрлердің біртұтас туындының көркемдік жүйесіне кірігу үрдісін бақылаймыз. Мұнда готикалық, өндірістік романның да белгілері ұшырасады. Шығарманың күрделі композициясына арагидік дәстүрлі баяндауға құрылған жанрлық форма автордың жаңашылдығымен, интенциялар мен ой ағынымен, мистикалық, фантастикалық бояулармен үйлесім тапқан.

Д. Нақыпов романының көркемдік ерекшеліктері туралы сөз болғанда, оның композициясы мен хронотопына назар аудармаса болмас. Архитектоникасы «мәтін ішіндегі мәтінге» құрылған романда оқиға бірнеше кеңістікте баяндалады: Егіздер шоқжұлдызындағы екі планетаның өмірі қатар суреттеледі. Оның бірі – біздің Жер планетасы мен екіншісі – жаңа жер, адамтәріздес өркениет: онасамдардың аты жоқ «көгілдір» планетасы. Бұл планеталар ғарыштық кеңістіктегі алшақтығымен, бір-бірінен алыстығымен ғана емес, «көгілдір» планетадағы онасамдардың өз ата-тегінен, тамырынан, яғни самиондардан алыстауымен, жатсынуымен де ерекшеленеді. Әрбір уақыттық қабат – шеңбер өзіне сай кейіпкерлері мен оқиғалар желісіне құрылған көркемдік болмысқа ие. Романда өткен шақ, бүгінгі күн және болашақ – осы күл шеңбері арқылы байланысады. Бір «мәтінде» – қазіргі кезең, нақты қаладағы оқиғалар, оның «ішіндегі» келесі мәтінде – самиондардың алғашқы қауымдық қоғамы, келесі бөлікте – алыс болашақ, Егіздер шоқжұлдызындағы онасамдардың өркениеті суреттеледі және баяндау бір «әлемнен» екіншісіне үзілмелі сипатта күрт ауысып отырады.

Баяндауда басты орын алған орталық тақырыптың бірі – жеке тұлға мен мемлекеттік құрылымның, қандайда бір белгілі бір қоғамда отын алған тәртіптің, жүйенің бітіспес қайшылығы, ішкі қақтығысы. Романда мәңгілік тақырыптар - өнер мен махаббат үшін құрбандық, өмірдің басы мен соңы, үйлесімділік пен хаос (Балерина, Гевра және басқалардың өмірі) орын алып,

фантастикалық (октихорр, оносамдар мен самиондар, т.б. кейіпкерлер өмірі) оқиғалар енгізу арқылы қактығыс күшейе түседі. «Мәтін ішіндегі мәтін», кейіпкерлердің ішкі монологтары, олардың іс-әрекеттерінің сипаттамасы шығарманың гетерогенді синтаксисін анықтайды. Романдағы оқиғалар тек оқырман санасында ғана байланысып, логикалық ой қуаты арқылы тоғысады.

Романдағы Балерина, Дока, Гебра есімді кейіпкерлердің жеке өмір тарихы бір балет сахнасының төңірегінде өрбігенімен, бір-біріне байланыссыз суреттеледі. Көпқабатты роман желісіндегі Балерина мен Гевраның махаббаты, олардың жеке басындағы жайттар желісі, Гевраның құпия әлемі секілді оқиғалар театр айналасында тоғысып жатады. Ұлы мен әйелінен айрылған Гевраның психикалық өзгеріске ұшырап, күйзелістен ішімдікке әуестеніп кетуі, ішкі қайғы шырмауына түскен кейіпкердің – өзіндік «менін» іздеуі жолындағы шытырман дүниелер оқырманды шатыстыруы мүмкін. Бұл тұста жазушы галюцинациялар мен шизойдты сандырақтардан бойды билеген әртүрлі ой-сезімдерді шеберлікпен бере алған. Сондай-ақ, мұнда постмодернистік ирония арқылы идеалдарды мойындамау, оған күмәнмен қарау секілді элементтерді байқауға болады. Д. Нақыповтың романы осы концептісімен де ерекшеленеді.

Аслан Жақсылықовтың «Сны окаянных» трилогиясы үш романдан тұрады. Бұл романдардың жүйесін де түстер циклы, сана тасқыны, мифологиялық сана біріктіреді. Трилогия композициясының күрделілігімен, мозаикалық, үзілмеді сипатымен ерекшеленеді. Мұндағы оқиғалардың желісі екі кеңістіктік өлшемде дамиды: олардың бірі нақты әлемде, ал екіншісі баяндаушы кейіпкердің санасынан туындайды. Осылайша, автор объективті және субъективті оппозицияларда көп өлшемді шындықтың моделін жасайды.

Романның «Поющие камни» атты бірінші кітабындағы оқиға желісі бірінші жақта, кейіпкердің ой-пікірлері, естеліктері және оның айналасындағы адамдарға үндеуі түрінде баяндалады. Негізгі сюжеттік байланыстар – отбасындағы түсініспеушілік пен жанжал, әйелінен көңілі қалу, жақын досының опасыздығы, аурухана іші кейіпкердің сана ағымы деңгейінде көрініс табады. «Мой мозг судья и палач мне самому, он безжалостный хронист, и я давно перестал удивляться тому, что он способен взвешивать мгновения в минуты даже самого глубокого помрачения сознания. Кто знает, не значить ли это, что мое «я» и сознание не совпадают польностью, ведь даже в самых темных состояниях я ощущаю в себе некий свет, бесстрашно фиксирующий каждую мысль, каждое чувство?» [10, 345]. Романдағы бас кейіпкер Жаннның айтқан дәл осы сөзі бізге адамның ішкі әлемін, оның рухани ізденісін ашады.

Жан бала кезінен қорқыныш қамалында өседі. Бұл шығармадағы әңгіме автордың атынан жүзеге асырылады, ол сонымен бірге баяндаушы және сипатталған оқиғалардың басты кейіпкері ретінде әрекет етеді. «Поющие камни» романының сюжеті бірнеше кеңістік өлшемдерде дамып, өткен, бүгін, болашақ уақыт тұрғысынан бейнеленген. Ретроспекция перспективамен және шындықты сипаттаумен ауысып отырады.

Шығармада көптеген діни және мифологиялық оқиғалар кездеседі. Қазақ әдебиетіндегі дін тақырыбын, діни сюжеттер мен образдарды докторлық диссертация негізінде терең зерделеген жазушының теология саласындағы мол білімі суреткерлік қырымен ұштасқан. Әңгіме барысында автор Будда, Дао, Сарасвати құдайы, Шива, Аллаһ, Мұхаммед пайғамбар, Қыдыр, баба Түкті шашты Әзиз, Адам Ата, Нұх, Иерусалим, Гальвар, Армагеддон бейнелері туралы сөз қозғайды. Адамдардың тұрмысын сипаттай отырып, адам өмірі – Құдай мен шайтанның мәңгілік күресі деген ойын білдіреді. Трилогияның осы бөлімінде кейіпкерлердің Жаратушыны танудағы ерекшеліктері жақсы көрініс табады.

Егер романның тақырыптық ұйымдастырылуын символдық тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда мәтінде кейіпкерлер жоқ екенін көреміз. Мұнда бір тұлғаның тармақталған бейнесі бар. Буддистік тұжырымдамаға сәйкес, өмір жолында кездескен әрбір адам – бұл әр адамның өз бейнесі. Мәселен, басты кейіпкердің саудагер әйелі, оның ант берген досы, ол құлдыққа түскен қытайлық қария – бұның барлығы өзінің жеке басының көлеңкелі жақтары. Ерікті құлдықтан, ауыр еңбектен, маскүнемдіктен және қорлаудан өтіп, Жан өзінің эгосымен күреседі.

Рухани эволюцияның қиын жолында Жан толығымен тағдырға бой ұсынады. Ол әртүрлі тілдерде, мәдени дәстүрлер мен діндерде, барлық этникалық белгілермен анықталмайтын бүкіл адамзаттың ажырамас бірлігі туралы бейнеленген ұлы біртұтас шындықтың кешіріміне айналады.

Қорытынды

Д. Нақыпов пен А. Жақсылықов романдарының ұқсастығы – мәтінмен ойын әдісін пайдалана отырып, белгілі деңгейде иронияға негіздеп жазған. Шығармалардан атеистік қоғамда, кеңестік қыспақта өмір сүрген жазушылардың рухани арпалысын, плюрализмнің қазақ прозасындағы көрінісіне мысал ретінде қарай аламыз. Романдарда социализм идеологиясына теріс көзқарас білдіру, ұлы деп таныған идеалдарымызға күдіктену секілді дүниелер кездеседі. Постмодернистік эстетика тұрғысынан аллегориялар, авторлық сөз қолданыстары арқылы пайымдаулар жүргізілген.

Қазіргі қазақ әдебиеті – көркемдік әдістердің, авторлық стильдердің саналуандығын, жанрлық түрлермен, образдарбен, композициямен жүргізілген күрделі эксперименттердің алуан түрлілігімен сипатталады. Бір

жағынан дәстүрлі терең психологизмнің, мифологияның өзіндік үйлесімін, екінші жағынан, кейіпкердің қалыпты түсініктегі сюжеттің болмауын жиі атап өтуге болады. Қорыта айтқанда, қазақ прозасындағы постмодернистік мәтіндерде этникалық, ұлттық жалпыадамзаттық сипаттағы санаттардың призмасы арқылы түсіндірілетін жаңа көркемдік-философиялық болмысты, жаңа тұрпаттағы эстетиканы іздестіру белсенді жүріп жатыр. Қалай болғанда да әдебиеттегі постмодернистік тенденцияны тоқтата алмаймыз.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Лиотар, Ж.-Ф.** Состояние постмодерна. — Перевод с французского: Н. А. Шматко. — М.: Институт экспериментальной социологии, 1998. — 160 с.
- 2 **Хассан, И.** Постмодернистский поворот. — Москва, 1987. — 370 с.
- 3 **Фидлер, Л.** Пересекайте границы, засыпайте рвы. — М., 1993. — С. 462-518.
- 4 **Fiedler, L.** Cross the Border – Close the Gap // Playboy. — 1969. — Vol.167, Dec. P. 151-258.
- 5 **Майтанов, Б.** Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар. — Алматы, «Құс жолы», 2012. — 490 б.
- 6 **Сафронова, Л.** Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана. — Алматы, 2006. — 95 с.
- 7 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 9-том. Постмодернизм жөнінде бірер сөз. — Алматы: Жазушы, 2010. — 560 б.
- 8 **Ысқақұлы, Д.** Әдебиетіміз ұлт мүддесінің өзегі болғанда ғана өркендейді // Қазақ үні, 2013 жыл, 8 сәуір // [электронды ресурс] — <https://qazaquni.kz/ult/15850-danday-yis-a-debietimiz-lt-m-ddesi>
- 9 **Накипов, Д.** Круг пепла. Роман интенций. — Алматы, 2005.
- 10 **Жаксылыков, А.** Сны окаянных. Трилогия. — Алматы: Эверо, 2005. — 480 с.

References

- 1 **Lyotar, J.-F.** Sostoynie postmodernisma [The state of postmodernity]. Translated from French: N. A. Shmatko. - Moscow, Institute of Experimental Sociology, 1998.
- 2 **Hassan, I.** Povорот postmodernisma [The Postmodern Turn]. - Moscow, 1987. — 370 p.
- 3 **Fiedler, L.** Presekayte granisi, zasipaite rvy [Cross borders, fill ditches]. — М., 1993. — P. 462–518.
- 4 **Fiedler, L.** Cross the Border – Close the Gap // Playboy. — 1969. — Vol.167, Dec. — P. 151–258.

5 **Maitanov, B.** Tauelsizdik – kures muraty: zertteuler men makalalar. [Independence is the ideal of struggle: studies and articles]. — Алматы: «Kus Zholy», 2012. — 490 p.

6 **Safronova, L.** Postmodernistskaya literatura i sovremennoe literaturovedenie Kazakhstana [Postmodern literature and modern literary criticism of Kazakhstan]. Textbook. — Алматы, 2006.

7 Alemdik madeniettanu oy-sanasy. [Thought of world cultural studies. Ten volumes. Volume 9. A few words about postmodernism]. — Алматы: Zhazushy, 2010. — 560 p.

8 **Yskakuly, D.** Adebietimiz ult myddesininin ozegi bolganda gana orkendeidi [Our literature flourishes only when it is the core of national interest]. Kazakh voice, 2013. 08 April // [Electronic resource]. — <https://qazaquni.kz/ult/15850-danday-yis-a-debietimiz-lt-m-ddesi>

9 **Nakipov, D.** Krug pepla [Ash circle. A novel of intentions]. — Алматы, 2005.

10 **Zhaksylykov, A.** Sny okayannykh [Dreams of the damned]. Trilogy. — Алматы: Evero, 2005. — 480 p.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*К. Т. Жанузакова¹, Ж. Байбатишаева²

^{1,2}Казахский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Алматы/
Материал поступил в редакцию 08.09.22.

ПОСТМОДЕРНИСТСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ

В статье анализируются литературные формы и особенности развития постмодернистской прозы в период независимости современной казахской литературы в рамках мирового литературного процесса. На основе работ зарубежных ученых рассмотрены основные характеристики и художественные особенности постмодернистских произведений, которые стали привлекать особое внимание в мировом литературоведении со второй половины XX века. Понятно, что в последние годы постмодернистское литературное направление много обсуждалось и смогло вызвать полемику в казахской литературе. В представленной статье писатели-постмодернисты, получившие признание новых ориентаций в казахской прозе в годы независимости – «Круг пепла» Д. Накипова. Рассмотрены функции иронии, интертекста, метапрозы,

содержание и структурные особенности романов А. Жаксылыкова «Сны окаянных». В процессе рассмотрения возникновения этого направления в казахской литературе использовались историко-сравнительный, герменевтический, интертекстуальный методы анализа. Описаны творческая свобода и новаторство в литературном процессе в постмодернизме. Работы зарубежных исследователей были направлены на определение основных направлений и поэтического характера постмодернистского текста. Способы общения автора, героя и читателя будут раскрыты с позиций различных психоаналитических теорий и практик, когнитивного литературоведения, философии текста и деконструктивизма. Также изучается сочетание отношения автора и читателя, прагматика текста.

Ключевые слова: модернизм, постмодернизм, литературный процесс, постмодернистский текст, постмодернистская ирония, интертекст.

*К. Т. Zhanuzakova¹, Zh. Baibatshaeva²

^{1,2}Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 08.09.22.

POSTMODERN TENDENCIES IN KAZAKH PROSE IN THE PERIOD OF INDEPENDENCE

The article analyzes the literary forms and development features of postmodernist prose in the period of independence of today's Kazakh literature within the framework of the world literary process. The main characteristics and artistic features of postmodernist works, which began to attract special attention in world literary studies from the second half of the 20th century, were considered based on the works of foreign scientists. It is clear that in recent years, the postmodern literary trend has been discussed a lot and has been able to create controversy in Kazakh literature. In the presented article, the postmodernist writers who were recognized with new orientations in Kazakh prose during the years of independence – «Krug pepla» by D. Nakypov. The irony, intertext, metaprose, simulacrum function, content and structural features of A. Zhaksylykov's novels «Sny okayannyh» are considered. Historical-comparative, hermeneutic, intertextual analysis methods were used in the process of considering the appearance of this trend in Kazakh literature. Creative freedom and innovation in the literary

process in postmodernism are described. The works of foreign researchers were guided in determining the main directions and poetic nature of the postmodernist text. Methods of communication between the author, the character and the reader will be revealed from the perspective of various psychoanalytical theories and practices, cognitive literary studies, text philosophy and deconstructivism. Also, the combination of the author's and the reader's relationship, the pragmatics of the text are studied.

Keywords: modernism, postmodernism, literary process, postmodernist text, postmodernist irony, intertext.

<https://doi.org/10.48081/QFAF2370>

***Ф. Т. Жұмажанова¹, М. С. Кулахметова²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

«ТӘРЖУМАНДАҒЫ» ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІМЕН ЛЕКСИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫНДА

Ана тіліміз түркі тілдеріне тән негізгі белгілерді сақтап қалған. Дегенмен әр тілдің дамуына, ішкі, сыртқы заңдылықтарына байланысты туыс тілдердің бір-бірінен өзгешеленуі заңды. Қандай да бір тілдің өзіндік ерекшелігі, әсіресе, оның сөздік қорынан, синонимдік қатарынан, яғни лексикасынан анық көрінеді. Себебі лексика тіл жүйесінің басқа салаларына қарағанда біршама тез дамиды, әртүрлі экстралингвистикалық факторлар әсерінен үнемі толығып отырады.

Сондай-ақ бір тілде бар сөздердің онымен туыс басқа тілдерде ұшырасуы – заңды құбылыс, мұның түп-тамырын, негізгі себебін ортақ түркілік сөздік қордан іздегеніміз жөн. Бұл тұрғыдан келгенде, күллі түркі жұртышылығына ортақ мұра саналатын орта ғасырларда жарық көрген ескерткіштер материалына жүгінудің берері мол. Осымен байланысты тарихи лексикологияның маңызды міндетінің бірі – өткен дәуірлерден мирас болып қалған жазба ескерткіштер тілін лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу. Бұл мәселе этностың қыпшақ халықтарының құрамында болған кезіндегі, әсіресе, қазақ болып қалыптасқанға, яғни ұлттыққа дейінгі кезеңдегі мұралар тіліне қатысты алаңда өткірлене түседі.

Мақалада қазақ тіліндегі туыстық атаулар семантикасы орта ғасырлардағы жазба мұра «Тәржумандағы» нұсқаларымен және қазіргі түркі тілдері материалымен салыстырыла қарастырылған. Олардың пайда болуы, қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды анықтау көзделген. Авторлар түркі тілдеріне қатысты лексикографиялық

дереккөздердегі туыстық атаулардың семантикалық әлуеті мен мағыналық шеңберін анықтауда танымдық ақпаратқа назар аударған. Түсіндірме сөздіктегі атаулар мағынасы мен олардың күнделікті қарым-қатынас тіліндегі қолданыс ерекшеліктерін зерделеген.

Кілтті сөздер: «Тәржуман», туыстық атаулар, жазба мұра, түркі тілдері, тарихи лексика.

Кіріспе

Түркі мәдениеті тарихында XIII-XIV ғғ. едәуір жетістіктерге қол жеткізілген. Қыпшақ тілін үйрету үшін арнайы жазылған әліпби, грамматикалық трактат, сөздіктер соның айғағы. Олар тіліміздің тарихи даму жолын көрсететін ескерткіш ретінде өте құнды. Бүгінгі тіл ғылымы үшін ондай мұрағаттардың нақты лингвистикалық дереккөз ретіндегі маңызы да зор. Ортағасырлық жәдігерлер тілі Р. Сыздық, Ә. Құрышжанов, А. Ибатов, Б. Әбілқасымов, Б. Сағындықұлы, Ә. Керімов, Р. Досжан, М. Сабыр, С. Боранбай сынды ғалымдарының еңбегіне арқау болған.

Ескерткіштердегі тілдік деректер қазіргі сөздік құрамымыздан біршама айрықшаланады. Дегенмен қазіргі тіліміз бен бабалар тілінің ұқсастығы да көп. Бұған жазба мұра тіліне жасалған семантикалық талдау нәтижелері айғақ болады. Орта ғасыр мұраларында күнделікті тіршілікте қолданылатын зат атаулары, өмірдің сан қырына қатысты сөздер кеңінен қамтылған. Олардың бір бөлігі қазіргі тіл ұстанушыға бейтаныс болғандықтан, мұндай тілдік материалды қабылдау, түйсіну біршама қиындық тудырады, себебі ескерткіштегі лексика құрамы қазіргі *білім қорына* сай келмейді. Сондай-ақ жәдігерлікте сол дәуірдегі қоғамдық қатынасты айшықтайтын сөздер де көп. Солардың бірі – туыстық атаулар осы зерттеуге нысан ретінде алынып отыр.

Материалдар мен әдістері

Зерттеуде жинақтау, саралау, салыстырмалы-тарихи, лексика-семантикалық, компоненттік талдау әдістері қолданылады.

Түркітануда туыстық қатынасты білдіретін терминдер әртүрлі қырынан қарастырылған. Л. Жолдасбек қазақ сөйленістеріндегі туыстық атауларды [1], Р. Диуанова туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктерін [2] зерделеген.

Жалпы туыстық атаулар барлық тарихи сөздіктерде кездеседі. Ежелгі орыс жазба ескерткіштеріндегі түркілік туыстық атауларды зерттеген А. В. Шабашов «Кірме туыстық атаулардың болуы, халықтың этногенезіне белгілі бір шетелдік этникалық компоненттің қатыстылығын көрсететін белгі» дейді [3, 148-б.]. Туыстық қатынастарды білдіретін сөздер тобының семантикалық шеңбері мен әлеуетіне Л. А. Покровская назар аударған

[4]. Л. А. Гаджиева құмық және түрік тілдеріндегі туыстық терминдерге салыстырмалы талдау жасаған [5]. Автор аталмыш тілдердегі қандық және некелік қатынастарға негізделген атауларды салыстыру арқылы тілдердің генетикалық байланысына қатысты тұжырым жасап, құмық, түрік, басқа да түркі тілдерінің лексика-семантикалық жүйесіне кешенді сипаттама беруге болатынын айтады. А. А. Бурыкин алтай тілдеріндегі туыстық терминдер семантикасын бастапқы қалпына келтіріп, түпкі негізін анықтауға талпынса [6, 136–172], Д. Б. Рамазанова алтай тілдеріндегі «экэ» және «ака» лексемаларын арнайы талдаған [7, 175–178]. Түркі тілдеріндегі туыстық атауларға Г. Ж. Өтегенова, А. А. Шойбекова, Н. Ш. Базарбекова сынды зерттеушілер ден қойған [8].

Осы шағын шолудан туыстық атауларға түркітанушылар үнемі қызығушылық танытып келгені байқалады. Алайда бұл тақырыпқа қатысты бар мәселе шешімін тапты деуге ертерек. Әсіресе, түркі тілдерінің белгілі бір тарихи кезеңдегі жай-күйін барынша дәл анықтау үшін ортақ түркілік сөздік қор көрініс тапқан орта ғасыр жазба мұралары материалына зер салудың маңызы зор.

Зерттеу дереккөзі «Тәржұман» ескерткіші XIII ғ. арабтілді тайпаларға қыпшақ тілін үйрету мақсатымен Мысырда жазылған. Мұраны М. Т. Хоутсма ғылыми айналымға енгізген [9]. 1970 ж. профессор Ә. Құрышжанов «XIII ғ. ескі қыпшақ жазба ескерткіші «Түркі-араб сөздігінің» лексикасы бойынша зерттеу» еңбегінде [10] сөздікті орыс тіліне аударып, кешенді түрде зерттеген. Еңбекті А. Н. Гаркавец те арнайы зерттеген [11]. Р. Топарлы «Тәржұманды» қазіргі түрік тіліне аударып, әлемдік түркітану саласына танылуына елеулі үлес қосты [12].

Нәтижелер және талқылау

Сөздікте қамтылған тарихи, мәдени, діни, әлеуметтік ұғымдар тарих қойнауында қалғандықтан, оларды білдіретін сөздердің қазіргі оқырманға түсініксіз болуы заңды. Жалпы ғылымда «тілде ешқандай өзгеріс болмайды, өзгертін тек сөзжұмсам, сөйлеу әрекеті ғана» деген тұжырым бар [13, 28]. Алайда мазмұнда орын алған аздаған өзгерістің өзі ізінше сол әлеуметтік топтың сөзжұмсамында көрініс табады, яғни бүкіл тілдік ұжым «басқаша сөйлей» бастайды. Осылайша *сөзжұмсам тілдік жүйедегі* өзгеріске де ықпал етеді. Яғни қоғам өміріндегі кез келген өзгеріс тілдік жүйеде көрініс табады. Сондықтан мәтін өзі жасалған қоғамда басымдық берілген діни, мәдени ұстаным-түсініктер аясында түсіндірілуі тиіс. Осымен байланысты этностың менталды дүниесі, тарихи дамуы жөнінде ақпарат алу үшін орта ғасырлық қоғам мәдениетінен хабар беретін дереккөзді таным елегінен өткізуді мақсат еттік.

Тарихи мәтінге түсіндірме берудегі шешілмеген мәселелердің бірі – *мағынасы көмескіленген не мүлдем ұмытылған атаулар семантикасын анықтау*. Жалпы тарихи туындыға талдау жасағанда тілдік дерекпен бірге, бейтілдік себептерге де назар аудару қажет. Әсіресе, сөз контекстен тыс, жеке ұсынылатындықтан, сөздік материалын талдауда қиындықтар кездеседі. Сондықтан көне мұра тілін зерделегенде сол шығарма жазылған кезеңдегі сыртқы факторлар ықпалын, мәтіннің тілдік, әдеби, тарихи, мәдени мұра ретіндегі маңызына басымдық берілетін дереккөз танымдық талдаудың мәні зор. Біз XIII ғ. дереккөзі «Тәржұман» материалына жүгінеміз.

Адамдар арасындағы туыстық, басқа да әлеуметтік қатынастарды білдіретін атаулар сөздіктің 25-ші тарауында берілген:

ата - اطا – ата, әке; *ана* - انا – ана; *ачқы* - اچقي; *ата қарындаш* - انا شۇندۇق اطا – әкесінің бірге туған бауыры, көке; *тай* - انا شۇندۇق انا – анасының бірге туған бауыры, ағасы, **таға** (қазір еліміздің оңтүстік өңірінде нағашысын «таға» дейді); *чиче* - اچقي – әкесінің бірге туған қарындасы, әпкесі; *тайажа* - انا شۇندۇق انا – анасының бірге туған апа-сіңлісі, әпкесі; *қарындаш* - انا شۇندۇق انا – аға, іні; *қыз қарындаш* - انا شۇندۇق انا – қыз қарындас (бір ата-анадан туған) туыс қыз бала; *егечи* - انا شۇندۇق انا – әпке; *епчи* - انا شۇندۇق انا – әпке, **әпше** (бұл атау да оңтүстікте сақталған, жақын әпкесіне, жалпы әйел адамға қатысты қаратпа сөз ретінде жұмсалады); *ивдеш* - انا شۇندۇق انا – әйелі, жары /бір үйде тұратын /үйлес/ жары/; *оғул* - انا شۇندۇق انا – ұл; *қыз* - انا شۇندۇق انا – қыз; *келін* - انا شۇندۇق انا – келін; *күйеу* - انا شۇندۇق انا – күйеу; *йізне* - انا شۇندۇق انا – жезде; *йенге* - انا شۇندۇق انا – женге, жеңеше; *йықыз* - انا شۇندۇق انا – әйелдерінің бірі; *қайын ата* - انا شۇندۇق انا – қайын ата; *қайын ана* - انا شۇندۇق انا – қайын ана/ене; *қайын қарындашлар* - انا شۇندۇق انا – қайындары, әйелінің туыстары; *йавуқ* - انا شۇندۇق انا – жақын-жуық, туыстар; *өгей оғлан* - انا شۇندۇق انا – өгей ұл; *өксүс* - انا شۇندۇق انا – жетім; *көкүрдеш* - انا شۇندۇق انا – /бір омырау емген, көкірек/ ағасы; *ачынақ* - انا شۇندۇق انا – балдыз; *ынақ* - انا شۇندۇق انا – дос; *қоншы* - انا شۇندۇق انا – қонсы. Қазақ паремиологиялық қорындағы «Қоныс алма, қонсы ал» деген мәтелде сақталған бұл атау да еліміздің оңтүстігінде кездеседі.

Ағулдаш - انا شۇندۇق انا – ауылдас, көрші. Бұл сөздің ұжымдық тілдік санамыздағы орны ерекше. Оны тіліміздегі «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген мәтелден көруге болады.

Қонақ - انا شۇندۇق انا – қонақ; *біліш* - انا شۇندۇق انا – біліс, таныс. Қазақта «Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс» деген сөз бар; *йат* - انا شۇندۇق انا – жат, бөтен; *ортақ* - انا شۇندۇق انا – ортақ, серіктес; *йолдаш* - انا شۇندۇق انا – жолдас; *үгүр* - انا شۇندۇق انا – дос. Бір топта жүрген адамдар; достар; бұл сөз жылқы малына да қатысты, яғни: «үйір, табын» мағынасында жұмсалған, қазір де бұл мағына сақталған; *тұтқун* - انا شۇندۇق انا – тұтқын.

Ескерткіште мырза//құл, ханым//күнге қатысты атаулар да қамтылған: *қожса* – أَجْجُ – қожайын; *құл* – لُقْ – құл; *шакерд* – تَرَكَاش – тұтқын-бала; *қатун* – نَوْتَاتُقْ, *елті* – يَتَلْ – қатын/ханым, мырзаның әйелі; *қырнақ* – قَانَرَقْ, *қараваиш* – شَاوَارَقْ, *қарабаиш* – شَابَارَقْ, *түге* – الْكُوْت – күн, қызметші әйел; *өгіш* – شُكْ – тәрбие [12]. Осылардың ішінен **қатун** сөзінің қазіргі семантикалық аясына, жұмсалымдық ерекшелігіне тоқталамыз: **Қатун** – نَوْتَاتُقْ, *елті* – يَتَلْ – қатын/ханым, мырзаның әйелі.

Академик Ә. Т. Қайдар: «Этнос пен оның тілін этнолингвистикалық тұрғысынан қарастыру... оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысын, дүниетанымы, мәдени, рухани байлығын ана тілімізде сақталған фактілер негізінде зерттеп білу, оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру», – деген болатын [14, 18-22]. Ғалым «қатын» сөзінің этимологиясына қатысты былай дейді: «...атау түбіріне үңілсек, «қат» сөзі *мұқтаж, зәру, тапшы, өте қажет, керек* дегенді білдіреді. «Қатын» байырғы қазақ тілінде «құтым» (бағым, ырысым) деген мағынаны берген. Уақыт өте келе дыбыстар ассимиляциялануы барысында «құтым» сөзі «қатынға» ауысыпты [15, 156].

Тарихи тұрғыдан «қатын» сөзінің дәрежелік атауға ие болғаны анық. «Көне түркі тілі сөздігінде» бұл сөздің «ханым, асыл текті әйел; билеушінің жары» деген мағыналары көрсетілген:

QATUN I 1. Госпожа, вельможная дама, женщина знатного происхождения; жена правителя, знатного человека [16, 436].

«Қазақ тілінің шығу тарихы» атты ұжымдық монографияда да «қатын» лексемасының аталмыш мағынасына бірнеше ескерткіштен мысал келтіріліп, қазіргі тілімізден бір ғана дыбыстық айырмашылығы бар екені айтылған: *узы (қатун~қатын)*.

Қатун. *Қағанның жары, ханым.* ДТД, 51; КТү. 25. **Қатун** йоқ болмыс ерті Тон. 31 (**Қатын** өлген еді) Айд. II, 110. Қазақ тілінде семантикасы жалпыланып, «1. *Ер адамның жары, жұбайы, зайыбы.* 2. *Тұрмысқа шыққан жалпы әйел заты*» семасы актуалданған.

Қатун сөзімен бір контексте қолданылған «**өг**» (*шеше, ана*) сөзі қазіргі кезде түбір күйінде дербес жұмсалмайды: **Өгүм қатун**.

Өг. *Шеше, ана. Өгүм қатун, улайу өглерім, екелерім, келінүнім, күнчүйларым, бунча йеме тірігі күн, болтачы ерті, өлүгі йуртда, йолта йату қалтачы ертігіз (Шешем қатын,* оған ілескен аналарым, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім мұнша және күн болар едіңдер, өліктерің жұртта, жолда жатар едіңдер) Айд. I, 182 [17, 249].

Қазақ тілінде **өгей** лексемасының «туған емес, кейін қосылған, екінші; бөтен» деген семантикасы өзекті, ол негізінен «өгей шеше/әке, өгей ұл/қыз» тіркестерінің құрамында, сондай-ақ біршама жағымсыз реңкте жұмсалады. Белгілі әдебиеттанушы Т. Жұртбай: «Қазіргі қазақ тілінде архаизмге айналған

ұғым, ол әуелгі заңдық құқы мен мағынасы бойынша – дәрежелік атау. Отағасынан кейінгі заңды билік иесі, жерге мұрагерлік ететін, мүлік пен малдың еншілесі, сыбаға басы. Қазақ қоғамындағы қатындар – иерархиялық (әулеттегі) орнына қарай: *бәйбіше, тоқал, құдағи, құдаша, келін, қыз, абысын, ажын, жеңге*, сондай-ақ өзі теңдес еркектермен тең құқықта – *нағашы, жиен, бөле* ретінде әрқайсысы өз орнына қарай билікке араласып, енші алып, тиісті сыбағасын бөліскен. Тіпті күннің де мұрагерлік құқы болған» дейді [18]. Бұдан «қатын» сөзіне қатысты қазақы ұжымдық санада қалыптасқан әлеуметтік аялық білімнің бір қырын көреміз, яғни «қатынның» диахрондық аспектідегі мағынасы қазіргі кезде ресми сипатынан айырылған, тұрмыстық деңгейде ғана жұмсалады, семантикалық аясы барынша тарылған деуге негіз бар: 1. *Жалпы әйел атаулы, ерге тиген әйел. // экспр. жағымсыз. Төменетек, қозғамда орны жоқ, үйде даусы жоқ, сөзі өтпейтін әйел.* 2. *Зайып, жар, жұбай. // Қорқақ, сужүрек, еркек емес* [19, 473-476].

Ә. Қайдар «Эвенкі т. катун – «үй иесі әйел», «батырдың, басшының әйелі», эвен т.: хотун – «үй иесі әйел»; неждаль т. катон «ауыл ағасының әйелі». Моңғол т. 1) хатуын – «ақсүйек әйел», бурят т. *хатан* – «ақсүйек әйел», «патша әйелі»; қазіргі моғол т. хатан бурят тіліндегі мағынада қолданылады; қалмақ шахаты – «ақсүйек әйел». Саха т.: хотун – «ақсүйек әйел» мағынасында. Өзбек т.: хотин - әйел. Ескі түркі ескерткіштерінде *катун* – «ақсүйек әйел, текті тұқымнан шыққан әйел, билеушінің, атақты адамның әйелі». Қазақтан басқа түркі тілдерінің көбінде бұл сөз бастапқы *текті* мағынасында қолданылады. Тұңғыс-мәнжүр тілдерінің кейбірінде осы тұлғалас *қатлиқ* немесе *қатлин* сөздері «дос, өмір серігі» деген мағынада түсіндіріледі. Сөйтіп, сөздің алғашқы түбірі – *қат* болар да, тұңғыс тіліндегі мағынасы – «дос, өмір серігі» болса керек», – делінген [15]. Қалай десек те, жалпы әйел затына, жеңге-келінге қарата айтылатын осы сөздің астарында *тектілік* мәні жатыр.

М. Қашқари сөздігінде «Қатын» сөзі – әуелде *хан, бек, төре* мағынасында жұмсалған, біртіндеп ерге шыққан ұрғашы мағынасында пайдаланылған деген дерек бар. Түрік тілінде «Қатын/Хатун» сөзі *ханшайым, ханша* мағынасында жұмсалады. Әйелдерге арналған басылымдар «Өзбекстан қотын-қызлары», «Татарстан қатынлары» деп аталады... Тек қазіргі қазақ сөзжұмсамында бұл сөз теріс мәнге ие болып, жағымсыз сипат алған. Соның салдарынан замандастарымыз «пәленнің қатыны», «нағыз қатын екен» деген сөздерге шамданады, оның орнына «келіншек, әйел» сөзінің қолданылғанын жөн санайды.

Сонымен – «қатын» сөзінің бастапқы мағынасы бүгінгі жұрт ойлағандай *дөрекі, дойыр мінез* деген мағынадан мүлдем алшақ болғанын, керісінше, лауазым атауы ретінде жоғары мәртебені білдіргенін көреміз. Яғни қазір

архаизмге айналған жекелеген сөздерді өткен дәуір ескерткіштерімен салыстыру арқылы біраз жайтты анықтауға болады. Мысалы, көне түркі кезеңіндегі саяси жүйеге сәйкес, мемлекеттік билік иесі «**қаған**», оның жары «**қатун**» болса, атаулардың сол кездегі ұжымдық санадағы семантикасы да «жоғары, мәртебелі, текті, асқақ» сияқты жағымды мәнге бай болған. Уақыт өте келе орын алған түрлі тарихи оқиға, саяси жүйенің өзгеруіне байланысты қазақ қоғамындағы билеуші, тақ иесі «хан» болса, оның зайыбы «**ханым**» атанған.

Зерттеудің теориялық мәні оның жазба мәтінді лингвистикалық дереккөзтану, тарихи лексикология, лингвистикалық семантика тұрғысынан зерделеуге қосатын үлесінен көрінеді. Практикалық маңызы – талданған материалды диахронды зерттеуде, жоғары оқу орындарында оқытылатын «Тарихи грамматика», «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Лингводереккөзтану», «Түркі жазба мұраларының тілі» пәндерін жүргізуде, тарихи сөздіктер құрастыруда қолдануға болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің АР08855781 гранты есебінен қаржыландырылды.

Қорытынды

Жоғарыда баяндалған ой-пікірлерді тұжырымдай келгенде, көне лексика жазба мұралардағы тілдік деректерге негізделеді. Бұл сөздік құрамды ғана емес, тіл иесі халықтың материалдық, рухани мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін басқа да факторларды кешенді түрде зерттеуді қажет етеді. Лексикалық қор этнос тарихымен тығыз байланысты, оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мұрасы.

Қорыта айтқанда, тіл дамуының әр кезеңінде сөздік құрам түрлі деңгейде болады, бір жағынан, жаңа ресурстармен толығып, екінші жағынан, кеміп, азайып жатады. Мұны қолдан реттеу мүмкін емес. Маңыздысы – жазба мұралар арқылы оларда сақталып қалған сол тарихи кезеңдегі тілдік ұжым санасында және жеке тіл ұстанушы, яки автордың сарасанасында қалыптасқан ғалам бейнесін қалпына келтіру мүмкіндігі. Осыны анықтаған кезде дана бабаларымыздың мыңдаған жыл жинақтаған *білім қорындағы* маңызды ақпараттың сырын түсінеміз. Ғасырлар бойы тарих қойнауында жатқан *асыл мұрамызға* қол жеткіземіз. Бұл дербес этнос ретінде табиғатымызды, болмысымызды, ділімізді тереңірек тануға жол ашады. Осындай ұрпақтар арасын жалғайтын дәнекерлік қызметті адамзатқа тарту етілген ең керемет игілік СӨЗ атқарады! Сондықтан жүз жыл бұрын ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлын алаңдатқан «Сөзімізді жоғалту – өзімізді жоғалту» проблемасы әлі күнге өзекті. Оның алдын алудың бір жолы тарихи сөздіктерді

зерттеп, ондағы тілдік материалды ғылыми айналымға және күнделікті сөзжұмсамға енгізу болмақ.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жолдасбек Л.** Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар: филол. ғ. канд. ... дисс. авторефераты: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 28 б.

2 **Диуанова Р.** Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері: филол. ғ. канд. ... дисс. авторефераты: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 27 б.

3 **Шабашов А. В.** Тюркские термины родства в древнерусских письменных памятниках (до 1480 г.) // Алгебра родства. СПб.: МАЭ РАН, 2012. Вып. 13. – С. 148-158

4 **Покровская Л. А.** Об устойчивости семантической группы слов, обозначающих родственные отношения в тюркских языках // Sprache, Geschichte und Kultur der Altaischen Völker, 2020. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/EKj5w8o>

5 **Гаджиева Л. А.** Сравнительный анализ терминов родства кумыкского и турецкого языков // Известия РГПУ им. А. И. Герцена, 2009. – №106. – С. 132–136. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/wKj60xN>

6 **Бурькин А. А.** Проблемы семантической реконструкции терминов родства в алтайских языках и перспективы реконструкции общеалтайской системы терминов родства // Алгебра родства. СПб.: МАЭ РАН, 2001. Вып. 7. – С. 136-172.

7 **Рамазанова Д. Б.** Термины родства в алтайских языках: экз. ака // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2013. – №5. Ч. 2. – С. 175–178. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/yKkePzQ>

8 **Утегенова Г. Ж., Шойбекова А. А., Базарбекова Н. Ш.** Изучение родственных имен в тюркских языках. // Филологический аспект: Методика преподавания языка и литературы. – 2019. – №4 (4). [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/wKxIRwd>

9 **Houtsma M. Th.** Ein türkisch-arabisches Glossar. – Leiden: Brill, 1894. – 114 p.

10 **Курышжанов А. К.** Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – 234 с.

11 **Гаркавец А. Н.** Книгаб-и Маджму'-и Тарджуман-и Турки ва 'Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави. – Алматы: Баур, 2019. – 600 с.

12 **Toparlı, R.** Kitāb-ı Mecmū'ı Tercümân-ı Türkî ve 'Acemî ve Muğalî. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2000. – 165 s.

13 **Щерба Л. В.** Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука, 1974. – 428 с

14 **Қайдар Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 18–22

15 **Қайдар Ә.** Ғылымдағы ғұмыр. 6-т. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.

16 Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.

17 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. // Ұжымдық монография, 2-бөлім. – Алматы: «Алдоңар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. – 348 б.

18 **Жұртбай, Т.** 2016. «Қатын» мен «әйелдің» айырмашылығы неде? [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/WKxPHCp>

19 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-т. – Алматы, 2011. – 744 б.

References

1 **Zholdasbek L.** Qazaq soilenisterindegi tuystyq ataular [Kinship names in Kazakh speech]: Avtoref. diss. ... kand. philol. nauk: 10.02.02. – Almaty, 1999. – 28 b.

2 **Diuanova R.** Qazaq tilindegi tuystyq ataulardyn magynalyq qurylymy men leksikografialyq ereksheilikteri [Semantic structure and features of lexicography of related names in the Kazakh language]: Avtoref. diss. ... kand. philol. nauk: 10.02.02. – Almaty, 2010. – 27 b.

3 **Shabashov A. V.** Turkskie terminy rodstva v drevnerusskikh pismennykh pamiatnikakh (do 1480). [Turkic terms of kinship in ancient Russian written monuments (before 1480)] // Algebra rodstva. SPb.: MAE RAN, 2012. Vyp. 13. – S. 148-158.

4 **Pokrovskaya L. A.** Ob ustoychivosti semanticheskoi gruppy slov, oboznachaiushikh rodstvennyye otnosheniya v turkskikh iazykakh [On the stability of the semantic range of words denoting kinship relationships in the Turkic languages] // Sprache, Geschichte und Kultur der Altaischen Völker, 2020. [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/EKj5w8o>

5 **Gadzhieva L. A.** Sravnitelnyi analiz terminov rodstva kumykskogo i turetskogo iazykov [Comparative analysis of kinship terms of the Kumyk and Turkish languages] // Izvestia RGPU im. A. I. Gertsena, 2009. – №106. – 132–136. [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/wKj60xN>

6 **Burykin A. A.** Problemy semanticheskoi rekonstruktsii obshealtaiskoi sistemy terminov rodstva [Problems of Semantic Reconstruction of Kinship Terms in the Altaic Languages and Prospects for the Reconstruction of the All-Altaic

System of Kinship Terms] // Algebra rodstva. SPb.: MAE RAN, 2001. Vyp. 7. – S. 136-172.

7 **Ramazanov D. B.** Terminy rodstva v altaiskikh iazykakh eke, aka [Terms of kinship in the Altaic languages: eke. Aka] // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. Tambov: Gramota, 2013. – №5., Ch. 2. – S. 175–178. [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/yKkePzQ>

8 **Utegenova G. Zh., Shoibekova A. A., Bazarbekova N. Sh.** Izuchenie rodstvennykh imen v turkskikh iazykakh [The study of related names in Turkic languages] // Filologicheski aspekt: Metodika prepodavaniya yazyka i literatury. – 2019. – №4 (4). [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/wKxIRwd>

9 **Houtsma M. Th.** Ein türkisch-arabisches Glossar. – Leiden: Brill, 1894. – 114 p.

10 **Kuryshzhanov A. K.** Issledovanie po leksike starokipchakskogo pismennogo pamiatnika XIII v. “Turkskogo-arabskogo slovaria” [Research on the vocabulary of the old Kipchak written monument of the 13th century “Turkic-Arabic Dictionary”]. – Alma-Ata: Nauka, 1970. – 234 s.

11 **Garkavets A. N.** Kitab-i Majmu'-i Tarjuman-i Turki va 'Ajami va Mugali va Farsi. “The summary book of the translator in Turkic, and in Persian, and in Mongolian, and in Farsi” by Khalil bin Muhammad bin Yusuf al-Kunavi. – Almaty: Baur, 2019. – 600 s.

12 **Toparlı, R.** Kitāb-ı Mecmū'ı Tercümân-ı Türkî ve 'Acemî ve Muğalî. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2000. – 165 s.

13 **Shcherba L.V.** Iazykovaia sistema i rechevaia deiatelnost [Language system and speech activity]. L.: Nauka, 1974. – 428 s.

14 **Qaydar A.** Qazaq tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. – Almaty: Ana tili, 1998. – Б. 18–22.

15 **Qaydar A.** Gylimdagy gumyr [Life in science]. 6-t. Qazaq tili etymologiasynyn gylimi-theoriyalq negizderi. – Almaty: Sardar, 2014. – 256 b.

16 Древнетюркский словарь [Ancient Turkic dictionary]. – L.: Nauka, 1969. – 676 s.

17 Qazaq tilinin shyǵu tarikhy: Fonetika [The history of the origin of the Kazakh language: Phonetics]. // Uzhyndyq monografia, 2-bolim. – Almaty: «Aldongar» madenietti damytu qory, 2013. – 348 b.

18 **Zhurtbai T.** “Qatyn” men “aieldin aiymashylygy” nede? [What is the “difference” between “wife” and “woman”?]. [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/WKxPHCp>

19 Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomdyq. 9-t. – Almaty, 2011. – 744 b.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*Ф. Т. Жұмажанова¹, М. С. Кулахметова²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы;

²Павлодарский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

О ЛЕКСИЧЕСКОЙ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ И ПРАГМАТИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЯХ ТЕРМИНОВ РОДСТВА В «ТАРДЖУМАН» В СРАВНЕНИИ С СОВРЕМЕННЫМИ ТЮРКСКИМИ ЯЗЫКАМИ

Наш родной язык сохранил основные характерные черты, как один из тюркских языков. Однако в связи с внутренними, внешними закономерностями развития каждого языка, даже родственные языки могут отличаться друг от друга. Своеобразие того или иного языка особенно ярко проявляется в его словарном запасе, синонимическом ряду, также в лексике. Дело в том, что лексика развивается несколько быстрее, чем другие сферы системы языка, постоянно пополняясь новыми словами под влиянием различных экстралингвистических факторов. Кроме того, совпадение слов, имеющихся в одном языке, с другими родственными языками – закономерное явление, основную причину которого следует искать в общетюркском словарном запасе. В этом смысле можно обратиться к материалу письменного памятника, изданного в средние века, который является общим наследием для всей тюркской общности. В связи с этим одной из важнейших задач исторической лексикологии является изучение лексико-семантического подхода к языку письменных памятников прошлых эпох. Актуальным этот вопрос становится особенно в отношении языка наследия, написанного в донациональный период, то есть, когда казахский народ еще был в составе кыпчакских народов.

В статье семантика терминов родства рассматривается в сопоставлении с вариантами, употребленными в средневековом письменном наследии «Тарджуман» и материалом современных тюркских языков. Предусмотрено выявление лингвистических и экстралингвистических факторов, способствовавших их возникновению, формированию и развитию. Авторы обратили внимание на познавательную информацию в определении семантического потенциала и смысловых рамок родственных имен в лексикографических источниках, относящихся к тюркским языкам. Изучены значения имен, приведенных в толковых словарях, и особенности их употребления в повседневной речи.

Ключевые слова: «Тарджуман», родственные имена, письменное наследие, тюркские языки, историческая лексика.

*F. Zhumazhanova¹, M. Kulakhmetova²

¹ al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

² Pavlodar Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.22.

ON LEXICAL CONTINUITY AND PRAGMATIC FEATURES OF RELATIONSHIP TERMS IN «TARJUMAN» IN COMPARISON WITH MODERN TURKIC LANGUAGES

Our native language has retained the main characteristic features as one of the Turkish languages. However, due to the internal, external patterns of development of each language, even related languages may differ from each other. The originality of this or that language is especially clearly manifested in its vocabulary, synonyms, as well as in vocabulary. The fact is that vocabulary develops somewhat faster than other areas of the language system, constantly replenishing under the influence of various extralinguistic factors. In addition, the coincidence of words in one language with other related languages is a natural phenomenon, the main reason for which should be sought in the common Turkic vocabulary. In this sense, one can refer to the material of a written monument published in the Middle Ages, which is a common heritage for the entire Turkic community. In this regard, one of the most important tasks of historical lexicology is the study of the lexico-semantic approach to the language of written monuments of past eras. This issue becomes relevant especially in relation to the heritage language written in the pre-national period, that is, when the Kazakh people were still part of the Kypchak peoples.

In the article, the semantics of terms in the Kazakh language is considered in comparison with the variants used in the medieval written heritage «Tarjuman» and the material of modern Turkic languages. Provides for the identification of linguistic and extralinguistic factors that contributed to their emergence, formation and development. The authors drew attention to the learning information in determining the semantic potential and semantic framework of related names in lexicographic sources related to the Turkic languages. The meanings of the names given in the explanatory dictionaries and the peculiarities of their use in the language of everyday communication are studied.

Keywords: «Tarjuman», kinship terms, written heritage, Turkic languages, historical vocabulary.

<https://doi.org/10.48081/OVIQ5382>

***Н. Қ. Жүсіпов¹, М. Н. Баратова², Б. Б. Жумабекова³**

^{1,2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы ғалым, тіл білімінің зерттеушісі, тюрколог, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін қалыптастырған журналист, өз елінің рухани дүниесін көтеруге көп еңбек еткен мәдениет қайраткері, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушысы – Ахмет Байтұрсынұлының фольклортанушылық еңбектері қарастырылды. Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ фольклоры мен әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді.

Мақалада оның «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Әдебиет танытқыш», «Ер Сайын», «23 жоқтау», «Әліп би» т.б. деген еңбектері фольклортанушылық тұрғыдан сөз болады. Оның мақалалары ғылыми байыптаумен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді.

Ахметтің шыр етіп жерге түскеннен бастап, ер жетіп есейгенге дейінгі өмір жолы халық поэзиясы үлгілері негізінде тербетілуі; ақын-жыраулар аузынан шыққан түрлі ғашықтық, батырлық, тарихи жырларды, айтыстарды, би-шешендердің дуалы сөздерін т.б. естіп ержетуі – болашақ фольклортанушы ғалымның шығармашылықтағы бағыт-бағдарын, таным-мақсатын т.б. негіздеп бергені анық. Жалпы мақалада Ахмет Байтұрсынұлының қазақ фольклорын жинаудағы, жариялаудағы және зерттеудегі еңбектері жан-жақты қарастырылады.

Кілтті сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, фольклор, «Әдебиет танытқыш», «Ер Сайын», «23 жоқтау», «Әліп би».

Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалаушы лингвист – ғалым, әдебиет зерттеушісі, тюрколог, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін қалыптастырған журналист, өз елінің рухани дүниесін көтеруге көп еңбек еткен мәдениет қайраткері, ағартушы - педагог, сонымен қатар дарынды ақын, талантты аудармашы екендігі белгілі.

Дегенмен А. Байтұрсынұлының қазақ фольклортану тарихының негізін қалаушылардың бірі екендігі ат үсті айтылып келгені болмаса, арнайы сараланып өзіне лайықты бағасын алған жоқ. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында біз Ахметтің фольклортану ғылымына қатысты еңбектеріне арнайы тоқталуды жөн санадық. Бұл саладағы еңбектерінің біріншісіне ғалымның түрлі оқулықтар жазғанда оған мәтін көзі ретінде фольклорды пайдаланғандары [1] жатса, екіншісі – Ахмет жариялаған фольклор үлгілері. Мәселен, оның өзі құрастырып баспадан шығарған «Ер Сайын» жыры, өзі құрастырған белгілі «23 жоқтауы» [2]. Үшіншісі – белгілі «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі [3].

Материалдар мен әдістер

Мақала жазылу барысында әр түрлі ғылыми әдістер қолданылды: тарихи-салыстырмалы, типологиялық, аналитикалық, нарративтік, тарихи функционалдық, т.б.

Нәтижелер және талқылау

Жоғарыда аталған еңбектерге тоқталмас бұрын ғалымның артына қалдырған мол мұрасының зерттелу тарихына шолу жасасақ, оның шартты түрде үш кезеңге жіктелетінін аңғару қиын емес.

Бірінші кезең, бұл ғалымның көзі тірісінде бағалануы, әсіресе 50 жасқа толу мерейтойына қатысты баспасөзде шыққан мақалалар шоғыры [4].

Екінші кезең – А. Байтұрсынұлының жазықсыз ұсталып, нақақтан дүниеден өткеннен бастап 1988 жылғы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ақтағандығына дейінгі мезгілді қамтиды [5].

Үшінші кезең – ғалым мұрасы ақталғаннан (1988 ж.) кейінгі мезгіл.

Бірінші кезеңге тән ерекшеліктер: ғалымның өмірбаяны жазылды; аз да болса Ахметтің қоғамдық-саяси, ғылыми - педагогикалық, әдеби қызметтері т.б. сөз болды. Әйтсе де ғалым еңбектерінің қазақ әдебиеті, тіл білімі т.б. тарихында алатын өзіндік орны жете зерттелуімен де, өзіне лайықты жоғары бағасын ала алмауымен де көзге түседі.

Екінші кезең: А. Байтұрсынұлына «халық жауы» деген айдар тағылысымен-ақ, оның жазған еңбектері еленбей, қолданысқа түссе де аты да, еңбегі де аталынбады. Бұл мезгілге тән ерекшелік: ғалым шығармалары аты аталса да көбіне даттау үшін алынды. Дегенмен ара-тұра

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларына, өмірбаянына қатысты деректердің Қазақстаннан тыс жерде басылғанына назар аудартқымыз келеді.

Үшінші кезең ерекшелігі: бұл ғалым еңбектерін зерттеуші ағаларымыздың т.б. ерекше ыждаһатпен сараптауы; шығармаларының дәстүрлі де өзіндік артықшылықтарын т.б. зерттей бастағандығы. Алдыңғы 2 кезеңге қарағанда Ахметтануда бұл кезеңнің өзіндік артықшылықтары да аз емес. Көптеген туындыларды түбегейлі сараптауға тосқауыл жасаған «кеңесшіл кезең», «тап тартысы», «әкімшілдік жүйе», «тартыссыздық теориясы» т.б. сияқты сыңаржақ идеологиялардың (ғылымға тигізген пайдасынан гөрі зияны көп) келмеске кетуі, еліміздің егеменді болуы т.б.-бәрі, сөз жоқ Ахметтануға байланысты зерттеу жұмыстарының етек алуына негіз болды.

Осы орайда Ахметтану ілімін іштей жіктесек:

Біріншісі - Ахмет Байтұрсынұлының ақындық шеберлігі төңірегінде жазылған белгілі әдебиет зерттеушілеріміз: З. Ахметов, С.Қирабаев, Ш. Сәтбаева, Р. Нұрғалиев т.б. еңбектері аталса [6]; екіншісі - Ахметтің тіл ғылымына қатысты үлгілерін сараптауға арналған белгілі тілші ғалымдарымыз Ә. Қайдаров, Р. Сыздықова т.б. зерттеулерінің республикалық басылымдарда жарияланғанын білеміз [7].

Ахметтанудың үшінші саласы – ғалымның өмірі мен әдебиет тарихына қатысты туындыларын ізерлеп, екшеп, жүйелеуге құрылған белгілі зерттеушілеріміз Ш. Сәтбаева, Р. Нұрғалиев, Қ. Мұқамедқанов, Д. Досжановтардың т.б. зерттеулерінен тұрады [8].

Сондай-ақ республикалық басылымдарда: ғалымның жеке архиві хақында; Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінің шәкірттерімен бірге түскен сурет сыры хақында, тіпті Ахметтің кейбір «Әліп-би» т.б. тәрізді оқулықтары әлі күнге шейін Америка елінде де сақтаулы екендігінде; ақынның өмірге деген қоғамдық – саяси көзқарасын сипаттаған; ғалымның әкесі – Байтұрсын мен оның інісі Ақтас төңірегінде; Ахметтің Қарқаралыда ұстаздық қызметі хақында; Ахметтің жазықсыз ұсталғаннан кейінгі артына қалған әйелі Бадрисафа мен қызы Шолпан тағдырларын баяндайтын т.б. – түрлі-түрлі мақалалар топтамасы да басылды [9].

Келесі Ахметтанудың төртінші саласы – А. Байтұрсынұлының талантты аудармашылығы хақында белгілі ғалымдар З. Ахметов Ш. Сәтбаева, Р. Нұрғалиев, Қ. Мұхамедқанов т.б. зерттеу еңбектері де жарияланды [10]. Сонымен бірге бесіншісі – Ахметтің әдебиет қисынына қатысты зерттеу еңбектерін саралаған белгілі әдебиеттанушы ғалымдарымыз З. Ахметов, Р. Нұрғалиев т.б. еңбектерін атауға болады [6], [9].

Дегенмен аталған еңбектер арасында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ фольклортану ғылымы тарихына қосқан үлесі өз алдына жеке сараланбауы-көп нәрсені аңғартады. Әйтсе де белгілі ғалым Р. Нұрғалиев фольклорист

- ғалым Ахметтің қазақ фольклорына қатысты еңбектерін саралай келе, 1923 жылы Күншығыс баспасында шыққан «Ер Сайын» жырының кімге арналып шыққандығы (яғни белгілі фольклорист-ғалым Г. Н. Потанинге тарту ретінде), және белгілі фольклортанушы В. В. Радлов үлгісінің де тараулары да берілгендігі хақында т.б. сөз қозғайды [9].

Сондай-ақ бұл еңбектерде ғалым Ахметтің ел арасынан жинап, реттеп, сұрыптап шығарған «23 жоқтауына» да (қазақ халқының 400 жылдық тарихын қамтитыны), «қазақ ауыз әдебиетінің» іштей топтама түріне жіктелуіне де назар аудартқан «Әдебиет танытқыш» кітабы хақында да ой түйіледі [11].

Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ауыз әдебиетіне, оның ішкі жанры - тұрмыс-салт жырларын зерттеуге өзіндік қосқан ғылыми еңбегін саралауға арналған белгілі фольклортанушы ғалым Б. Абылқасымовтың еңбегі де баспа бетінде жарияланғаны белгілі [12].

Негізінен, мұнда Ахмет Байтұрсынұлының әлемдік жалпы типологиялық заңдылықтар негізінде ауыз әдебиетін: «Сауықтама» мен «Сарындама» деп екіге бөлгені: сарындама саласын «салт сөзі», «ғұрып сөзі», «қалып сөзі» деп үшке жіктегені; және де сарындаманы қазіргі кезеңдегі қолданыстағы ғұрып фольклоры ұғымымен ұштастыруы т.б. төңірегіндегі мәселелер назарға алынады [13].

XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық фольклортану ғылымының көш бойында фольклорлық нұсқаларды жинауда, әрі жарыққа шыққандарын ғылыми тұрғыда әрі сипаттап, әрі зерттеу жұмыстарын жүргізуге ат салысқан ресей зерттеушілері: Г. Н. Потанин (1835-1920), А. Е. Алекторов (1861-1918), Ә. Диваев т.б. сынды фольклорист – ғалымдармен бірге қазақ оқымыстысы Ахмет Байтұрсынұлының да өзіндік үлес қосқаны белгілі.

Байтұрсын Шошақұлы тегі-текті, тарихтан белгілі Үмбетей батырдың немересі (көзі ашық, оқыған). Атасы Шошақтан 4 бала болған: Байтұрсын, Ақтас, Ерғазы, Данияр. Үмбетей батырдан келе жатқан дәстүрлі тәрбиесін (қайсарлықты, ер мінезділікті, намысқорлықты т.б.) бойына дарытқан ағалы-інілі Байтұрсын мен Ақтас 1885 жылғы 12 қазанда сол кездегі ояз начальнигі-полковник Яковлевті елге көрсеткен қорлығы, қиянаты үшін соққыға жығады (Ахметтің 13 жасар кезі). Сол үшін де дүние-мүлкі талауға, өз бастары жазықсыз Сібірге 15 жылға жер аударылады. Мұның бәрі 13 жасар Ахметтің саяси-қоғамдық көзқарасының тездетіп қалыптасуына әсерін тигізгені анық.

Ендігі тәрбиесі-немере ағасы Ерғазының қол астында өтеді. Жастайынан ауылдық мектепте сауатын ашқан Ахмет 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы 2 сыныптық орысша-қазақша училищесінде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып дәріс алады.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының басым көпшілігі алғашқы сауатын алдымен өз үйінде, кейіннен барып ауыл мектептерінен т.б. ашқандығы белгілі. Әйтсе де болашақ ғалымның әрі шығыстық, әрі батыстық үлгіде білім алу үшін негіз болған таным көзі ол өз елінің ұлттық, тума мәдениеті, қазақтың бай фольклоры болғаны анық. Демек Ахметтің шыр етіп жерге түскеннен бастап, ер жетіп есейгенге дейінгі өмір жолы халық поэзиясы үлгілері негізінде тербетілуі; ақын-жыраулар аузынан шыққан түрлі ғашықтық, батырлық, тарихи жырларды, айтыстарды, би-шешендердің дуалы сөздерін т.б. естіп ержетуі – сөз жоқ, болашақ фольклортанушы ғалымның шығармашылықтағы бағыт-бағдарын, таным-мақсатын т.б. негіздеп бергені анық. Содан да шығар қазақ әдебиеті, тілі, тарихында т.б. белгілі деген ақын, жазушы, ғалым болсын, оның шығармашылығының 3 қайнар көзі дегенде: бірі - өз халқының фольклорынан; екіншісі – шығыс мәдениетінен; үшіншісі - батыс мәдениетінен сусындалғаны анықталады.

Міне, осындай дәстүрлі оқу үлгісін басынан өткізген Ахмет те 1895 жылдан бастап ұстаздық-тәжірибешілік қызметін бастайды. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атыраптарында бала оқыта жүріп болашақ ғалым елдің тұрмыс-тіршілігіне етене араласады, халыққа не керек, не пайдалы, не маңызды деген ойларын түйіп пысықтайды. Шамамен, ел мұраларын жинаушылық қызметіне деген қызығушылық ойлары да осы кезеңнен туындаса керек. Сондай-ақ ел мүддесін көздейтін, бала оқыту үшін заманына сай ұлттық оқулықтар атаулының ерекше жетіспеуі – ұстаздық-ағартушылық қызметіне тұсау болғаны да белгілі. Сол себепті де Ахмет өз бетімен көп ізденіп, ел арасынан әр түрлі оқу құралдарын да, оған материал көзі боларлық фольклор үлгілерін де қағаз жүзінен де, ел аузынан да т.б. жиыстыра бастайды. Демек, болашақ фольклорист-ғалымның ел фольклорын жинаушылық қызметі-осы ұстаздық кезеңмен тұспа-тұс келуі, яғни Ахметтің ерте 22 жасынан-ақ фольклортану ғылымына араласа бастауын танытса керек.

Қорытынды

Жоғары білім беру жүйесіне келсек, биылғы оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі тарапынан докторантураға міндетті пән ретінде «Академиялық жазылымның» енгізілуі де мәселенің өзекті екендігін нақтылай түседі.

Академиялық жазылым докторанттардың жиі кездесетін ең қиын проблемаларының бірі болып есептеледі. Өз ойын нақты дәлелдер арқылы қысқа да нұсқа жеткізе білу кез-келген саланың ғалымына қажет дағды. Себебі қазіргі таңда ғалымның мансабы өз зерттеу нәтижелерін мықты ғылыми басылымдарда жариялаумен байланысты.

Ж. Трзецияк және С. Маккей ғалымдарының пайымдауынша тиімді академиялық жазылым келесілерден тұрады: 1) қажетті мәліметтерді табу үшін зерттеу мәтіндерін тиімді меңгеру қабілеті; 2) қағазға түртіп отыру және жалпылау дағдылары; 3) әртүрлі дереккөздерден келген материалдарды

талдай алу қабілеті; 4) жазу этикасын және плагиат мәселелерін түсіну; 5) сілтеме жасау стандарттарын білу құзіреттілігі; 6) жазу барысында мәтіннің жүйелі құрылымын білу – мәтін, кесте, сурет және тағы басқа элементтерді қоя алу қабілеті [11].

Демек, жазылым дағдысы қарапайым мәтін мен күрделі ғылыми ақпараттарды бір жүйеге келтіре отыра, логикалық жалғастықты сақтай отыра идеялар мен ойларды нақты, аргументтер мен дәлелдер арқылы жеткізуге көмектеседі. Шындығына келгенде жоспар құру, тікелей кеңес пен кері байланыс алу арқылы өз мәтіннің жобасын жазу және оны үнемі өзгертіп отыру біздерге таңсық зат емес. Алайда қазіргі таңдағы басты қажеттілік – жоғары рейтингті басылымдарда ғылыми жұмысты жариялау жаһандық ғылымның негізгі талаптарының бірі екенін түсіну қажет. Scopus, Web of Science сияқты деректер базасына ену және ол жерден шығып қалмау мақсатында басылымдар өз талаптарын жыл сайын күшейтуде. Сондықтан академиялық жазылымның негізгі принциптерін ескере отыра ғылыми жұмыстарды жазу көптеген практиканы талап етеді. Ал практика өз кезегінде қайталана келе дағдыға айналытынын барлығымыз білеміз. Мақала авторларының пікірінше, академиялық жазылым дағдыларының төмен болуы академиялық дәрежедегі ағылшын тілін білмеуде емес, бірінші кезекте академиялық жазылым негіздерін (мәтін құрылымын, жазылу принциптерін және т.б.), этика мен плагиат мәселелерін толық түсінбеуде. Қорыта келе, отандық білім беру жүйесінде академиялық жазылым бойынша жоғары нәтижелерге жетудің бірден-бір жолы ағылшын тілінде ойланып, мәтін жаза алатын тұлғаларды емес, ана тілінде жүйелі, нақтыланған түрде ойын талдап, қорыта алатын тұлғаларды тәрбиелеу болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Хамзина, Ж. А., Килыбаев Т. Б., Сафронова, Л. Н. Оценка кадрового потенциала в сфере научных исследований в вузе: текущее состояние и перспективы развития [Текст] // Педагогика и психология. – 2022. – № 1(50). – С.44–62:

2 Байтұрсынов, А. Тіл тағылымы [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448 б.

3 Barrass, R. Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students. Routledge [Text]. – London, 2003. – 119 p.

4 Смирнова, Н. В., Щемелева, И. Ю. Роль письма в современном университете: анализ зарубежной практики обучения академическому письму [Текст] // Вестник СПбГУ. – 2015. – № 2. – С. 185–197

5 **Оспанов, Е. Е.** Академиялық жазылым [Мәтін]. «Экономика» баспасы, 2018. – 120 б.

6 **Әлісжан, С.** Ғылыми мақала жазуға баулудың жолдары / [Электронды ресурс]. – <https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/179?locale-attribute=kk>

7 **Баяхметова, А. А., Дусенбина, М. Ж.** Академическое письмо. Язык и стиль академического письма : учебное пособие [Текст]. – Костанай : КГУ имени А. Байтұрсынова, 2019. – 106 с.

8 **Короткина, И. Б.** Академическое письмо: процесс, продукт и практика : учебное пособие. [Текст]. – М., 2017. – 350 с

9. **Базылев, В. Н.** Академическое «письмо». Теоретические и прикладные аспекты : монография : [Текст]. — М. : ФЛИНТА, .— 2016. — 160 с.

10 **Hyland, K.** Writing in the university: Education, knowledge and reputation [Text] // Language Teaching. – 2013. – 46 (1). – 53–70 p.

11 **Rene, T.** Academic Writing Examples for a Publishable Research Article / [Electronic resource]. – <https://www.proof-reading-service.com/en/blog/academic-writing-examples-publishable-research-article/>

References

1 **Hamzina, J. A., Kilybaev T. B., Safronova, L. N.** Osenka kadrovogo potentsiala v sfere naýchnyh issledovaní v výze: tekýshee sostoianie i perspektivy razvítia [Assessment of human resources in the field of scientific research at the university: current status and development prospects] [Text] // Pedagogika i psihologia. – 2022. – № 1(50). – S.44–62:

2 **Baitursynov, A.** Til taǵylymy [Language training] [Text]. – Almaty : Anatali, 1992. – 448 b.

3 **Barrass, R.** Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students. Routledge [Text]. – London, 2003, – 119 p.

4 **Smirnova, N. V., Shemeleva, I. Iy.** Rol pisma v sovremennoy úniversitete: analiz zarýbejnoi praktiki obýchenia akademicheskomy pismý [The role of writing in a modern university: analysis of foreign practice of teaching academic writing] [Text] // Vestnik SPbGÝ. – 2015. №2. S.185-197

5 **Оспанов, Е. Е.** Akademialyq jazylım [Academic writing] [Text]. «Ekonomika» baspası, 2018. – 120 b.

6 **Алісжан, С.** Ғылыми мақала жазуға баулыдың жолдары [Ways to get involved in writing a scientific article] / [Elektrondy resýrs]. – <https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/179?locale-attribute=kk>

7 **Баяхметова, А. А., Дýсенбина, М. Ж.** Akademicheskoe pismo. Iazyk i stil akademicheskogo pisma : ýchebnoe posobie [Academic writing. Language

and style of academic writing : a tutorial] [Text]. – Kostonai : KGÝ imeni A. Baitýrsynova, 2019.- 106 s.

8 **Korotkina, I. B.** Akademicheskoe pismo: proses, prodýkt i praktika : ýchebnoe posobie [Academic Writing: Process, Product and Practice :a tutorial]. [Text]. – Moskva, 2017. – 350 c

9 **Bazylev, V. N.** Akademicheskoe «pismo». Teoreticheskie i prikladnye aspekty : monografia [Academic «letter». Theoretical and applied aspects : monograph] [Text]. — Moskva : FLINTA, .— 2016. — 160 s.

10 **Hyland, K.** Writing in the university: Education, knowledge and reputation [Text] // Language Teaching. – 2013. – 46 (1), 53-70 p.

11 **Rene, T.** Academic Writing Examples for a Publishable Research Article / [Electronic resource]. – <https://www.proof-reading-service.com/en/blog/academic-writing-examples-publishable-research-article/>

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*Т. Б. Килыбаев¹, Б. Молдағали², Ш. А. Акимбекова³

^{1,2,3}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ АКАДЕМИЧЕСКОГО ПИСЬМА В КОНТЕКСТЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

XXI век характеризуется глобализацией противоречий в науке и образовании, усилением их связей с общими проблемами человечества. В современном мировом научно-образовательном пространстве главной фигурой, субъектом образовательного процесса по требованиям международных стандартов является функциональная грамотность и конкурентоспособность обучающихся. В глобальном научном пространстве одна из общих проблем сферы образования и науки есть академическое письмо. Хорошее знание языка не означает, что навык академического письма автоматически будет хорошо усвоен человеком.

Академическое письмо в большинстве случаев воспринимается как вещь, которая необходима только для преподавателей и студентов высших учебных заведений, исследователей, работающих в системе высшего образования. Развитие любой науки в настоящее время представляет собой не стиль отчуждения, а уникальное явление,

которое может развиваться на глобальном уровне, предполагающее знакомство с результатами научных исследований ученых из других стран. Это современный тренд мировой науки. Конечно, изучение и использование современных научных работ на глобальном языке – английском – требует знания основ, основных принципов академического письма. В данной статье авторы углубились в понятие академического письма, изучили его и рассмотрели особенности формирования навыков у обучающихся – будущих ученых в современной казахстанской системе образования. Также было показано, что академическое письмо является универсальной формой, которая объединяет образование и науку, имеющих неразрывную связь друг с другом.

Академическое письмо является фрагментом текстовой коммуникации и определенным типом текстообразования, где субъект формирует свою стратегию в соответствии с целью своей основной коммуникативной деятельности. Академическое письмо тесно связано с лингвистикой, герменевтикой, психолингвистикой, социологией, прагматикой. Все это в комплексе отвечает проблеме взаимоотношений автора и адресата. Ведь академическое письмо связано с разработкой концепции академического текста как особой формы коммуникации. В этой связи авторы данной работы установили, что рассмотрение академического текста, дискурса и контекста в целостности открывает новые возможности для его систематического изучения.

Ключевые слова: академическое письмо, письменные навыки, навыки, система образования, запись.

*T. B. Kilybaev¹, B. Moldagali², Sh. A. Akimbekova³

^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 08.09.22.

THE FORMATION FEATURES OF ACADEMIC WRITING SKILLS IN THE CONTEXT OF THE EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN

The XXI century is characterized by the globalization of contradictions in science and education, the strengthening of their links with the common problems of humanity. In the modern world scientific and educational space, the main figure, the subject of the educational process according to the requirements of international standards is functional literacy and

competitiveness of students. In the global scientific space, one of the common problems of education and science is academic writing. A good knowledge of the language does not mean that the skill of academic writing will automatically be well mastered by a person.

In most cases, academic writing is perceived as a thing that is necessary only for teachers and students of higher educational institutions, researchers working in the higher education system. The development of any science at present is not a style of alienation, but a unique phenomenon that can develop on a global level, involving familiarity with the results of scientific research by scientists from other countries. This is a modern trend in world science. Of course, the study and use of modern scientific works in a global language – English – requires knowledge of the basics, the basic principles of academic writing. In this article, the authors delved into the concept of academic writing, studied it and examined the features of the formation of skills among students – future scientists in the modern Kazakh education system. It was also shown that academic writing is a universal form that unites education and science, which are inextricably linked with each other.

Academic writing is a fragment of textual communication and a certain type of text formation, where the subject forms his strategy in accordance with the purpose of his main communicative activity. Academic writing is closely related to linguistics, hermeneutics, psycholinguistics, sociology, and pragmatics. All this in a complex meets the problem of the relationship between the author and the addressee. After all, academic writing is associated with the development of the concept of academic text as a special form of communication. In this regard, the authors of this work have established that the consideration of the academic text, discourse and context in its entirety opens up new opportunities for its systematic study.

Keywords: academic writing, writing skills, skills, education system, record.

<https://doi.org/10.48081/VBSX1339>

* К. Е. Кожамметова¹, Б. Р. Кожамметова²,
А. Ф. Зейнулина³, Г. Қ. Тілеуберді⁴

^{1,2,3,4}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ САЯСАТКЕРІ СӨЙЛЕУ ПОРТРЕТІНДЕГІ ПРЕСУППОЗИЦИЯЛАР МЕН ИМПЛИКАТУРАЛАР

Осы мақалада қазақ саясаткерлері сөйлеу портретінің прагматикалық аспектілері, презуппозиция мен импликация ерекшеліктері қарастырылады. Саясаткерлер сөйлеу портретін зерттеудің қажеттілігі бүгінгі қоғамда саясат қайраткерлерінің сөз саптау, астарлап сөйлеу, саралап сөйлеу, шешендігі сияқты мәселелер өзектілігінің артуы негіз болды. Зерттеу материалы ретінде қазақ саясаткерлерінің көпшілік алдында сөйлеген сөздері, берген сұхбаттары, әңгімелесуі, әлеуметтік желіде жазған посттары талданып, прагматикалық ерекшеліктері айқындалды. Прагматикалық презуппозиция дискурста әлем туралы астарлы болжам немесе сол тұстағы сенім екендігі және оның растығы айтылым барысында күмәнсіз қабылданатынына мысалдар келтірілді. Талдау барысында презуппозициялар айтушы мен тыңдаушыға да белгілі болуы керек шарттылығы, орындылығы, оның жай хабарлама немесе теріске шығару, сұрақ ретінде болуы нақты бір грамматикалық белгімен (презуппозиция триггері) немесе лексикалық элементпен байланысты болатын тұстары қарастырылады. Саяси бағыттағы сөйлеуде саналы және бейсана түрде тыңдарманға немесе оқырманға ықпал ететін тілдік бірліктер, айтылымдар (высказывания) мен фразалардың прагматикалық ерекшеліктеріне мысалдар келтіріліп, саясаткерлердің сөйлеу портреті негізін құрайтын доминанттық белгілерге назар аударылды. Қазақ саясаткерлері сөздеріндегі презуппозициялар мазмұны, прагматикалық мағынасы, қисындылығы, орындылығы жағынан қарастырылды.

Кілтті сөздер: сөйлеу портреті, қазақ саясаткерлері, прагматикалық ерекшеліктер, презуппозициялар мен импликациялар

Кіріспе

Қазіргі қоғам өмірі саясатпен тығыз байланысты. Саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады демекші, тіл, сөйлеу әрекеті саясатта маңызды рөл атқарады. Бұл саясаткерлерге өзінің коммуникативтік ресурстарын зерттеуге және сөз арқылы ниеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін манипуляциялық құрал. Қоғамның саясилануы саясаткерлердің сөйлеу тілін, тілдік тұлғасын, сөйлеу портретін зерттеуге деген қызығушылықты арттыруда. Ал саясаттың лингвистикадағы ерекшелігі оның **дискурсивтік** сипатында. (Дискурсивтік – бұл айтылым шығармасында белгілі бір концептілерді, фреймдерді қолдану арқылы сол әлем бейнесіне, дискурсына айқын немесе астарлы жалғану көрінісі.) Адамның сөйлегенінен оның ой жүйесін, білігінің өресін айқындау қиын емес. Тілді дұрыс жұмсау, прагматикалық тиімді құрал ретінде пайдалану жолдарын білу, оны аккумуляциялау тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі деуге болады. Кез келген айтылған ой оған қатысты **презуппозициялар мен импликациялардан**, тілдесімнің стандартты бірліктерінен тыс жасалмайды. «Презуппозиция, айтылым мәнін дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін, сөйлеу актілерінің айтылымнан тыс шарттары болып табылады» [1, 72] (**Презуппозиция** дегеніміз – «семантикалық нәтиже-салдардың әдеттегі логикалық нәтиже-салдарға сәйкеспейтін ерекше түрі» [2, 32]. Демек, айтылған ойды түсінуге мүмкіндік беретін аялық білім жиынтығы лингвистикада презуппозиция деп аталады. Ауызша сөйлеу актісінде продуцент (автор) пен реципиенттің (оқырман) түсінісуі презуппозиция ортақтығымен қатар, есту, көру арқылы (дауыс ырғағы, ым, дене, бет қимылы т.б.), қабылдау қабілетімен толықтырылса, коммуникацияның жазбаша формасында тілдік ақпаратты игеру толықтай мәтінге негізделеді. Ал мәтін тілін меңгеру – бұл адамның білім деңгейіне, тезаурусына, өмір тәжірибесіне тікелей тәуелді. Әсіресе, белгілі бір дәрежедегі дайындықтың болуын өзге халық тілі мен ұлттық көркем сөз тілі қажет етеді. Себебі әрбір халықтың рухани және дүниелік өмірін, елдік қасиетін, таным-түйсігін, салт-санасын, қоғамдық қатынастарын танытатын – оның тілі. Кез келген ұлт тілінің өзіне тән ерекшеліктері болады. Ол халықтың рухани өмірі мен діліне байланысты болып келеді [3, 73].

Табысты қарым-қатынас жасауда бірқатар семантикалық және прагматикалық шарттар сақталуы қажет, олар айтылымда анық көрініс таппауы мүмкін, бірақ қарым-қатынас нәтижесіне әсер етеді. Бір жағынан, айтылым мазмұнының саналы түрде ойланып айтылуы және шындық тұрғысынан күмән тудырмау керектігі. Екінші жағынан, сөйлесім актісіндегі айтылым ниеті қарым-қатынас жағдайына сәйкес болу шарттары **«презуппозиция»** деп аталады [4]. **Импликатура**, А. Н. Баранов сөздігі бойынша, - сөйлесім мағынасының бір бөлігі. Ол айтылған нәрсенің сөзбе-сөз

мағынасынан бөлініп шығарылады, адамдардың нені ашық айтатынын және ол кезде ойларында не тұратынын ажырату [5, 288]. Имплициттеу дегеніміз – тұспалдау, бір нәрсені тілдік құралдар арқылы тікелей емес, жанамай көрсету, меңзеу. Мысалы, анасы баласына: «Ертең үшінші токсанның соңғы аптасы...» дегені, «сабаққа мұқият дайындалатын бол!!!» деген ойын жеткізіп тұр. Яғни прагматикалық стратегиялық ұстанымдар мен түрлі тілдік құралдар айтылымды мақсатқа жеткізетін құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Қазақ саясаткерлерінің сөйлеген сөздері мен берген сұхбаттары талданып, прагматикалық ерекшеліктерін айқындау, сөйлеуде саналы және бейсана түрде тыңдарманға немесе оқырманға ықпал ететін тілдік бірліктерге мысалдар келтірілді, сөйлеу барысында тілдің прагматикалық қызметі қолданысы, пресуппозициялары бар айтылымдардың ақпаратты қабылдауға тигізетін әсері қарастырылып, оның пәрменін жүргізу (манипулятивный) әлеуеті бағаланды. Осылайша, мақалада қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретін қарастыру прагматика, дискурс, стилистика, шешендік тұрғысынан талданды.

Нәтижелері мен талқылауы

Саяси дискурстың үгіт-насихат бағытында қарама-қайшы пресуппозициялар оң немесе теріс пікір қалыптастыру үшін және имплицитті (астарлы) айтылымдарды талдау кезінде қолданылады. Имплицитті ақпарат «мәтіннің тікелей мағыналық құрамында болмауы мүмкін, бірақ тыңдаушының көкейіне бекиді. Лингвистикалық прагматика зерттелімдерінде пресуппозицияға баса назар аударылып, айтылымның табысты болу шарты ретінде қарастырылады [6, 49]. Яғни прагматикалық пресуппозиция шарты бойынша айтылым мазмұны орынды, қисынды, табысты және дұрыс болып мойындалады. Мақала мақсаты – қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретіндегі прагматикалық пресуппозициялар әрекетін, мәнін анықтау.

Прагматикалық пресуппозициялардың әрекет етуін астарлы (имплицитті) мағыналарды талдау арқылы жүзеге асыру, сондай-ақ адресаттың кері байланысын осы пресуппозицияларды қорыту нәтижесі ретінде қарастыру. Коммуникант өз айтылымының мазмұны адресатқа белгілі деген оймен құрастырады. Ал пресуппозицияны мәтін мазмұнын барабар түсінуге қажет болатын бастапқы білім деп түсіну керек. Осы ақпарат сегменті прагматикалық пресуппозиция болып табылады. Бірақ кейбір сәттерде прагматикалық пресуппозиция мазмұны адресатқа беймәлім болуы да мүмкін. Пресуппозиция жасырын ұғым категориясы [7, 5], олар «сөз семантикасында және синтаксистік тіркестерде жасырылған грамматикалық белгілер арқылы анықталады» [8, 78]. Мысалы, мәжіліс депутаты Айдос Сарымның «Ratel.kz» аналитикалық интернет-порталға берген сұхбатында

«- ... Это программная историческая речь, которая закрывает целую эпоху. После событий, которые прошли у нас в январе, мы реально проснулись в новой стране – это большое событие, которое делит все ДО и ПОСЛЕ. Это новая реальность, которая обнулила все, что было до этого. Сейчас нужны честные ответы на вопросы, которые мешали доверию.» <https://clck.ru/sQvY2> Осы жерде саясаткер «события января», «обнулила все», «мешали доверию» дегенде, қаңтарда болған **оқиғаны**, бұрын билікке **сенім артуға кедергі келтірген** қандай да бір жағдайлардың болғанын адресат біледі деген оймен айтты. Осы ақпарат сегменті айтылым мазмұнын барабар түсінуге әсер ететін прагматикалық пресуппозиция болып табылады. Пресуппозиция саясаткердің маңызды ақпарат айтуы кезінде сөздерін айқынырақ етіп, тыңдаушыларын жақындастыруға ықпал етеді, сондай-ақ дискурстың манипулятивті стратегиясын қалыптастырады. Демек, саяси дискурстағы пресуппозиция сипаты манипулятивті және айтылымдар астарын күшейтеді. «Қаңтар оқиғасы» бәрі білетін ақпарат ретіндегі пресуппозиция болса, «билікке сенім артуға кедергі келтіретін жағдайлар» дегенде оның манипулятивтік әсерін аңғарамыз, яғни халықтың билікке сенім артатындығы, тек кейбір мәселелер ғана кедергі келтіретіндігін айту арқылы саяси бағытты мойындайтынын байқаймыз.

Пресуппозиция – анықтама бойынша сөйлеу барысында кездесетін лингвистикалық элемент. Сөйлеуші белгілі бір нәрсе жөнінде ол туралы бұрыннан бар білімін саналы немесе бейсана түрде көрсетеді. Кез келген айтылым пайымдауға, адамның бұрыннан бар тәжірибесіне жүгіну арқылы шынайы болмысқа қатыстырылып айтылады. Реципиент айтылымда берілген астарлы ақпаратты «шығарып» алу үшін, ой тұжырымдар тізбегінен өтуі тиіс. Астарлы (имплицитті) ақпаратты қабылдап түсіну анық (эксплицитті) вербалды мағына мен сөйлеу барысындағы пресуппозиция арасындағы байланыс кезінде жүзеге асады [9]. Сонымен қатар пресуппозициялар сөйлеу барысының дамуында ерекше рөл атқарады. Өзара түсіністікке жету үшін, сөйлеушілер арасында ортақ пресуппозициялар болуы қажет. Мысалы, сөйлеушілердің бірі осы пресуппозицияның шындық екеніне сенімді болса да, ол әлі пресуппозиция болмауы мүмкін. Яғни коммуниканттардың барлығы солай ойлайтындығына сенімділік қажет. Прагматикалық пресуппозиция астарлы мағынаны білдіретін көрсеткіш, «айтушы мен тыңдаушыға да белгілі элемент» ретінде қарастырады [10, 256]. Демек, саясаткерге айтылатын ойды қысқа да нұсқа жеткізуге және диалог барысында пәрменін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін күшті тілдік құрал деуге болады.

Прагматика ұғымын түсіну үшін, мына қарапайым мысалды қарастырайық: «Саған Айша мен Айжан ұнай ма?» деген диалог сұрағына «Маған Айша ұнайды», - десе, бұдан нені білуге болады? Оған Айша

ұнайтынын түсінеміз, сондай-ақ, Айжан ұнамайтынын да ұғамыз. Олай айтылмаса да, іштей ұғынамыз. Осы жерде сөзбен нақты айтылмаған ақпаратты іштей ұғыну, ол ақпараттың қайдан, қалай пайда болатындығын, түзілетіндігі мен қорытылатындығын – прагматика қарастырады. Яғни лингвистикадағы прагматика – айтылым ішіне тікелей сөздер арқылы қатыспаған, кіріктірілмеген мағына мен мәндер. Демек, маған Айша ұнайды дегенде, мен нақты Айша ұнайтынын айтамын, бірақ сіз, менің айтқанымнан басқаны да түсінесіз. Осы «басқаны» прагматика зерттейді және сол «басқа» импликатура деп аталады. Импликатура – бұл, сөйлеу барысында нақты айтылмаса да, сондай-ақ сөзінің логикалық қорытындысы болмаса да, оның шындыққа жанасатынын іштей түсінетін тұжырым. Айша маған ұнайтындықтан, Айжан ұнамайды деген қорытынды шықпайды ғой. Бұл жерде Пол Грайстің сөйлеу коммуникациясы пастулаттары - максималары бойынша табысты сөйлесім барысында сақталатын принциптерге назар аударамыз. Олар: артық сөз айтпау, шындықты айту және тақырыптан ауытқымау. Яғни «Маған Айша ұнайды» деген айтылымда осы принциптер бойынша, егер айтушыға Айжан да ұнаса, ол толыққанды жауап беру үшін солай айтар еді. Бірақ ол жауабы шынайы және толық болу үшін олай айтпады. Демек, оған Айжан ұнамайды деген тұжырым – импликатура. Осы принципті көбінесе журналистер қазақ саясаткерлерімен сұхбат жүргізгенде қолданады. Мысалы, «Президент латифундистерге сөзін өткізе алмаған әкімдерді сынап тастады» деген атаумен Хабар 24 Телеарнасында шыққан бейнежазбада Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Мал жаятын жерлерге шаруалардың қолы жетпей жүр. Өйткені мұндай алқаптарды кейбір «белгілі адамдар» иеленіп алған. Тіпті оны адам аяғы баспайтындай етіп қоршап тастаған. Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр. Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тиіс.» [11], деген сөзінде тыңдаушының саналы назары жағдайдың бағалаушылық мәніне, яғни шаруалардың мал жаятын жерінің жоқтығына, әкімдердің бұл мәселені шеше алмайтындығына аударылып, негізгі мәселе кейбір «белгілі адамдардың» алқаптарды иеленіп алуы, оны қоршап тастауы сияқты импликатуралармен елімізде заңға бағынбайтын, кез келген әрекетін жүзеге асыра алатын адамдар билік айналасында бар екені айтылмаса да, біз іштей соны ұғынамыз.

Имплицитті семантикасы бар айтылымдар ойдың вербалды шеңбері мен астарлы мәннің болуы және сөйлеу актісі кезіндегі қисыны келіскен, орынды айтылуымен сипатталады. Айтушы мен тыңдаушыға ортақ «жалпы білімдер қоры» [12, 13] да осы сөйлеу актісіне өзекті болып табылады. Мысалы, «ықпалды адамдардың ығына жығылып» деген айтылымдағы еліміздегі

ықпалды адамдардың бары екі жаққа да (айтушы мен тыңдаушыға) белгілі ақпарат ретінде айтылып, «ығына жығылу» фразеологиялық тіркесі арқылы сол ықпалды адамдарға тәуелді, өзінің саналы еркімен әрекет ете алмайтын, көнбіс, тіпті заңға да қайшы келетін әрекеттер жасайтын шенділер, әкімдердің бары тура айтылмаса да, астарлы түрде беріліп тұр.

Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көшкен кезеңде, түрлі салада ауқымды өзгерістер жүзеге асуда. Ел Президенті «кейбір ықпалды, белгілі адамдар» жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін одан әрі жалғастыра беруді көздеп, неғұрлым жоғары билікке ие болуды көкесейтіндігін, 2022 ж. 16 наурызда берген «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» Жолдауында [13] атап айтқан. Осы жерде имплицитті (лат. *implicite* жасырын, анық емес) мағына тілдік материал арқылы ашып көрсетілмей, контекст арқылы білініп тұрған жасырын мағына: **бұрынғы билік тұсында** заңсыз әрекеттер жасалып, оны әдетке айналдырып алған «белгілі адамдардың» мақсаты ендігі уақытта әшкереленіп, ойлары оңай жүзеге аспайтындығы.

Қорытынды

Ойды импликатура арқылы жеткізгенде, эксплицитті (ашық) айтқандағыдай емес, адресат оны бағалаудан гөрі қабылдауға, мойындауға жақын тұрады. Себебі адресат ақпаратты дайын күйінде алмай, түйініне өзінің ішкі пайымдауы арқылы жетеді. Жоғарыда жасалған талдаулар негізінде қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретіндегі прагматикалық пресуппозициялар мен импликатуралар (астарлы (имплицитті) мағыналар) жасырын ұғым категориясы екені және саясаткердің маңызды ақпарат жолдауы кезінде сөздерін айқынырақ, көлемді етіп, тыңдаушыларымен жақындастыруға ықпал ететін, дискурстың манипулятивті құралы екенін байқаймыз. «Шығарсаң бір жаман сөз сен аузыңнан, Артыңнан айдаһар боп сені қуар», деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атамыз айтқандай, саясаткердің аузынан шыққан әр сөзге деген жауапкершілік өте жоғары екенін ескерсек, импликатура мен пресуппозициялар мәні ойды астарлап жеткізіп, тура ашық айтудан бойын аулақ ұстауға мүмкіндік беретін құрал деуге болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жарина, О. А.** Сущность терминов «пресуппозиция» и «презумпция» в современной когнитивной лингвистике // Балтийский гуманитарный журнал. 2017 Т.6. №4(21). С. 70–72.

2 **Арутюнова, Н. Д., Падучева, Е. В.** Истоки, проблемы и категории прагматики // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистическая прагматика. – М., 1985. – Вып. 16. – С. 32.

3 **Хабиева, А. А.**, Махамбет шығармаларының пресуппозициялық мәні // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 2 (150). – Алматы, 2005 – 73-79 бб.

4 **Мельникова, Л. С.** «К вопросу о семантических пресуппозициях побудительных речевых актов (на итальянском языковом материале)» Вестник БГУ, 2014., сер.4, № 1. – с. 61 [Электронды ресурс]. – <https://elck.ru/qAkBQ>

5 **Баранов, А. Н., Добровольский, Д. О.** Англо-русский словарь по лингвистике и семиотике. – М., 1996. – 647 с.

6 **Арутюнова, Н. Д.** Понятие пресуппозиции в лингвистике. — «Известия АН СССР». Серия литературы и языка, 1973, т. 32, № 1.

7 **Звегинцев, В. А.** Предложение и его отношение к языку и речи / В. А. Звегинцев; изд. 2-е, стереотипное. – М., 2001:

8 **Кацнельсон, С. Д.** Содержание слова, значение и обозначение. М., URSS, 2004. – 112 с.

9 **Бутакова, А. Д.** Семантические парадоксы в условиях языковой игры (на материале периодики): диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Волгоград, 2014.

10 **Безугла, Л. Р.** Вербалізація імпліцитних смислів у німецькомовному діалогічному дискурсі: монографія / Л. Р. Безугла. – Харків: Харківський нац. ун-т імені В. Н. Каразіна, 2007. – 332 с.

11 [Электронды ресурс]. – <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/zholdau-2021/item/495869-prezident-zhajiymdy-zherlerdi-kejbir-belgili-adamdar-ielenip-al-an>; www.24.kz

12 **Лисоченко, Л. В.** Высказывания с имплицитной семантикой. – Ростов-на Дону: Из-во Ростовского ун-та, 1992.

13 [Электронды ресурс]. – <https://elck.ru/qFQVK>

References

1 **Zharina, O. A.** Sushhnost' terminov «presuppoziciya» i «prezumpciya» v sovremennoj kognitivnoj lingvistike [The essence of the terms «presupposition» and «presumption» in modern cognitive linguistics]//Baltiyskij gumanitarnyj zhurnal.– 2017. – P. 6. - №4(21). – P. 70–72.

2 **Arutyunova, N. D., Paducheva, E. V.** Istoki, problemy i kategorii pragmatiki [Origins, problems and categories of pragmatics]// Novoe v zarubezhnoj lingvistike. Lingvisticheskaya pragmatika. – М., 1985. – Issue 16. – p. 32.

3 **Xabieva, A. A.**, Maxambet shy'garmalary'ny'n presuppoziciyal'y'k mәni [Presuppositional significance of makhambet's works] // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериасы. № 2 (150). – Алматы, 2005 – p. 73-79 .

4 **Meľnikova, L. S.** «K voprosu o semanticheskix presuppoziciyax pobuditel'ny'x rechevy'x aktov (na ital'yanskom yazy'kovom materiale)» [On the question of semantic presuppositions of motivational speech acts (in Italian language material)] Vestnik BGU, 2014., ser.4, №1. – P. 61 [Electronic resource]. – <https://elck.ru/qAkBQ>

5 **Baranov, A. N., Dobrovol'skij, D. O.** Anglo-russkij slovar' po lingvistike i semiotike. [English-Russian Dictionary of Linguistics and Semiotics] – М., 1996. – p. 647 .

6 **Arutyunova, N. D.** Ponyatie presuppozicii v lingvistike. – «Izvestiya AN SSSR». [The concept of presupposition in linguistics] Seriya literatury i yazy'ka, 1973, p. 32, № 1.

7 **Zvegincev, V. A.** Predlozhenie i ego otnoshenie k yazy'ku i rechi [Sentence and its relation to language and speech]/ V. A. Zvegincev; izd. 2-e, stereotipnoe. – М.2001:

8 **Kaczel'son, S. D.** Soderzhanie slova, znachenie i oboznachenie. [The content of the word, meaning and designation] М., URSS, 2004. – 112 p.

9 **Butakova, A. D.** Semanticheskie paradoksy v usloviyax yazy'kovoj igry (na materiale periodiki): dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk, [Semantic paradoxes in the conditions of a language game (based on the material of periodicals)] – Volgograd, 2014.

10 **Bezugla, L. R.** Verbalizacziya implicitnix smisliv u nimecz'komovnomu dialogichnomu diskursi: monografiya [Verbalization of implicit meanings in German-language dialogic discourse: a monograph] / L.R. Bezugla. – Xarkiv: Xarkivs'kij nacz. un-t imeni V.N. Karazina, 2007. - 332 p.

11 [Electronic resource]. – <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/zholdau-2021/item/495869-prezident-zhajiymdy-zherlerdi-kejbir-belgili-adamdar-ielenip-al-an>; www.24.kz

12 **Lisochenko, L. V.** Vy'skazyvaniya s implicitnoj semantikoju. [Statements with implicit semantics] Rostov-na Donu: Iz-vo Rostovskogo un-ta, 1992.)

13 [Electronic resource]. – <https://elck.ru/qFQVK>

Матеріал 08.09.22 баспаға түсті.

ПРЕСУППОЗИЦИИ И ИМПЛИКАЦИИ В РЕЧЕВОМ ПОРТРЕТЕ КАЗАХСКОГО ПОЛИТИКА

В данной статье рассматриваются особенности пресуппозиций и импликаций в прагматическом аспекте речевого портрета казахских политиков. Необходимость изучения речевого портрета политика в современном обществе обусловлена возросшей актуальностью таких проблем, как ораторское мастерство, речевая культура, импровизация, логичность речи и т.д. современных общественных деятелей и политиков. В качестве материала исследования выбраны публичные выступления, интервью, беседы казахских политиков, посты в социальных сетях, выявлены их прагматическо-лингвистические особенности. Приведены примеры пресуппозиции в прагматическо-лингвистике, как представление картины мира в дискурсе, фоновые смыслы высказываний которых воспринимается без сомнения в ходе речевого акта. В ходе анализа речевого портрета казахских политиков рассматривались пресуппозиции и имплицитность в их выступлениях, обусловленность, целесообразность в простых сообщениях, опровержений, постановки вопросов. Анализируется связь с конкретным грамматическим признаком (триггером пресуппозиции) или лексическим элементом, которые сознательно или неосознанно воздействуют на слушателя или читателя в ходе речевого акта. Приведены примеры языковых единиц (высказываний) политической направленности в прагматическо-лингвистическом аспекте и определены доминантные черты, составляющие основу речевого портрета политиков. Рассмотрен широкий смысл прагматической пресуппозиции их логичность, целесообразность в контексте высказываний казахских политиков.

Ключевые слова: речевой портрет, казахские политики, прагматическо-лингвистические особенности, пресуппозиции и импликации

PRESUPPOSITIONS AND IMPLICATIONS IN THE SPEECH PORTRAIT OF KAZAKH POLITICIANS

This article examines the features of presuppositions and implications in the pragmatic aspect of the speech portrait of Kazakh politicians. The need to study the speech portrait of a politician in modern society is due to the increased relevance of such problems as oratorical skills, speech culture, improvisation, logical speech, etc. of modern public figures and politicians. As the research material, public speeches, interviews, conversations of Kazakh politicians, posts on social networks were selected, their pragmalinguistic features were revealed. Examples of presupposition in pragmalinguistics are given, as a representation of the picture of the world in discourse, the background meanings of statements of which are perceived without a doubt during the speech act. During the analysis of the speech portrait of Kazakh politicians, presuppositions and implicitness in their speeches, conditionality, expediency in simple messages, refutations, and questions were considered. The connection with a specific grammatical feature (presupposition trigger) or lexical element that consciously or unconsciously affect the listener or reader during the speech act is analyzed. Examples of linguistic units (utterances) of political orientation in the pragmalinguistic aspect are given and the dominant features that form the basis of the speech portrait of politicians are determined. The broad meaning of the pragmatic presupposition of their logic, expediency in the context of the statements of Kazakh politicians is considered.

Keywords: speech portrait, Kazakh politicians, pragmalinguistic features, presuppositions and implications.

<https://doi.org/10.48081/FARP6554>

***Л. Е. Кудайбергенова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ М. С. СИЛЬЧЕНКО ТУРАЛЫ

Бұл берілген мақалада қазақ әдебиет пен қазақ фольклор саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті, атақты және ұлы ғалым академик Митрофан Семенович Сильченконың өмірі, оның өмірбаяны мен шығармашылығы қарастырылады. Мақала докторлық диссертация «академик М. С. Сильченконың ғылыми мұрасы» аясында әзірленген. Өткен ғасырдың отызыншы-сексенінші жылдарындағы ғалым академиктің қазақ әдебиет пен фольклор дамуындағы орнын анықтау да маңызды. Бұл мақаланың мақсаты мен міндеті – Митрофан Семенович Сильченконың шығармашылық өмірбаянын қарастыру, оның әдеби және ғылыми мұрасын анықтау, ғалым академиктің біраз еңбектеріне шолу жасау болып жатыр. Ғалымның салыстырмалы талдауы негізінде мұрағат құжаттары жүйеленіп, академиктің қазақ әдебиетінің даму тарихындағы орны айқындалды. Митрофан Семенович Сильченко ғалымның бірнеше зерттеу бағыттары да айқындалды, мәселен орыс әдебиеті классиктерінің шығармашылығы (қазанға дейінгі және кеңестік кезең); қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысы; әдебиетті оқыту әдістемесінің сұрақтары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жазу; абайтану ғылымының дамуы – Абай шығармашылығын танытатын, ақынды дүниеге әкелген және өз шығармаларында бейнелеген тарихи дәуірді дәл әрі терең түсінуге көмектескен зерттеудің нәтижесі болып жатыр.

Кілтті сөздер: Митрофан Семенович Сильченко, ғалым, академик, әдебиет, әдебиеттану, мұра

Кіріспе

Митрофан Семенович Сильченко 1898 жылы Воронеж қаласында дүниеге келген. Воронеж мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетін аяқтаған. Студент кезінің өзінде-ақ, 1920 жылы ол университет

жанындағы рабфакта, губерниялық совет-партия мектебінде орыс әдебиеті мен орыс тілінен оқыған.

Отыздың өріне енді ғана көтерілген Сильченконың өмірінде айтарлықтай бір өзгеріс болды: 1931 жылы РСФСР Оқу министрлігі оны Алматының Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына оқытушылық қызметке жіберді. Ресми түрде жасалған шартта оның мұнда үш жыл мерзімге жіберіліп отырғаны атап көрсетілді.

Сөйтіп, Воронеж тұрғыны, Воронеж университетінің түлегі өзіне мүлде бейтаныс қалаға келіп, жаңа жұмысқа жең сыбанып кірісті. Алматы және оның адамдары, әсіресе ҚазПИ-дің оқытушылар ұжымы оған өте ұнады, өйткені осы жерде ол достық құшағына енгендей сезінді. Митрофан Семенович жаңа ортада қазақ мәдениетінің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин сияқты заңғар өкілдерімен қызметтес болып, өзінің өмір тәжірибесін де, ой-санасын да байытты, қазақ әдебиеті мәселелеріне терең ықылас білдіріп, мамандық аясын кеңейтті.

Астанадағы әдеби өмірдің қызықты да қауырт қимылды шағы ол еді. Қазақ әдебиетінің даулы мәселелері жайында талас пікірлері ортаға салынып, қызу пікірталастар жүріп жататын. Олардың бірсыпырасы, ҚазПИ-де өтетін. Таластың әртүрлі болғаны тәрізді, талқыға түсетін мәселелер де әртүрлі болатын.

Осының бәрі орыс әдебиетінен сабақ беретін жас маманға жаңалық тәрізді көрінді.

«Қазақстан астанасында жұмыс істеуім менің педагогтік және ғылыми қабілетімді анықтап берді. Мен өзім оқыған лекцияларда, өзім жүргізген ғылыми зерттеулерімде орыс-қазақ әдебиеттерінің байланыстарына, сол екі әдебиеттің бірін-бірі байытуы мәселелеріне ден қойыңқырайтын болдым», – деп жазды Митрофан Семенович өзінің өмірбаянында [1, 208 б.].

Сөйтіп, Қазақстанды туған өлкесіндей жақсы көріп, шын жүректен сүйген Сильченко Алматыда тұрып қалуға, жұмыс істеуге біржола бел байлап, өз тағдырын советтік Қазақстанмен мәңгілікке байланыстырды. Сөйтіп, Воронеж тұрғыны Қазақстан перзенті болып алды.

Қазақстанда әдебиет зерттеу ғылымын өркендету жолында арымай-талмай еңбек еткен коммунист, азамат, ғұлама ғалым, педагог, қайраткер Митрофан Семенович Сильченконың республика мәдениеті мен ғылымы саласындағы жемісті еңбегі осылай басталды.

1957 жылы филология ғылымының докторы атағын алған ол дәл сол жылы Қазақ ССР-нің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері дейтін құрметті атаққа ие болды. Келесі, 1958 жылы, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелігіне сайланды, ал төрт жылдан соң, 1962 жылы Қазақ

ССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Ленин, екі рет Еңбек Қызыл ту ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды.

Материалдар мен әдістер

М. С. Сильченконың әртүрлі ғылыми еңбектерінің ішінен «Абайдың творчестволық өмірбаяны» дейтін кітабы айрықша орын алады. Бұл кітапта – бүкіл Сильченко, оның барша өмірлік, әдеби зерттеушілік тәжірибесі, жан-жүрегінің жылуы, ұмтылыс-құлшынысының пәрмені түйінделіп, жинақталған. Ол Абай мұрасын салалап, саралап зерттеуге Қазақстанға келген сонау жылдардан бастап кіріскен.

Анығында, оның Қазақстанға келгеннен бергі дәуірлерде жариялаған мақалалары: 1934 жылы «Әдебиет майданы» (осы күнгі «Жұлдыз») журналынан «Абайдың реализмі» деген мақаласын оқысақ, бір жыл өткен соң «Литературный Казахстан» альманағындағы «Суреткер-реалист» атты еңбегімен танысамыз. Мұнан кейін ол оқырмандар назарына Абай данышпандығының әртүрлі қырлары мен сырларын танытатын бірнеше мақаласын ұсынады. Бұларды әлдеқалай жазыла салмай, белгілі бір жүйеге түсірілген тұтас дүниелер деп бағалайды. Бұл жәймен әлгі мақалалардың мазмұны мен көтерген мәселелерінен айқын аңғарылады. Абай және Крылов мысалдары, Абай және орыстың революцияшыл демократтары, Белинский мен Абайдың ағартушылық идеяларының үндестігі, Абай жұмысындағы Татьяна мен Онегин бейнелері – зерделі зерттеушінің қырқыншы, елуінші жылдардағы еңбектерінде ерекше көңіл бөлген мәселелері болып келеді.

Митрофан Семенович абайтану саласында бұрынғы және сол тұстағы еңбектерді ескермеді, соларға сүйенбеді дей алмаймыз. Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Қажым Жұмалиевтің Абай туралы зерттеулеріне ол табан тіреді, олар жинақтаған бай тәжірибені ескерді, шығармашылық тұрғыдан дамытты.

«Абайдың творчестволық өмірбаяны» кітабының маңыздылығы мынада: Қазақстандағы әдеби зерттеу ғылымының, оның салиқалы бір саласы абайтану ғылымының табыстарына сүйене отырып, М. С. Сильченко бұл бағытта тереңге бет қойып, өз сөзін айтты. Қазақтың халықтық лирикасы және Абай туралы әңгімелей ме, ұлы ақын поэзиясындағы реализм және сыншыл реализм жайлы сөз қозғай ма, әлде әдеби Шығыс пен Ресейдің үздік өкілдеріне Абайдың қатынасы хақында, кемеңгер ақынның дәстүрі, оның өлмес-өшпес мұрасының бүгініміз, болашағымыз үшін маңызы жөнінде ой толғай ма – осының бәрінен де біз ғалым ізденістерін, болжамдары мен байламдарын көреміз [1, 208 б.].

Нәтижелер мен талқылау

М. С. Сильченко қазақ әдебиетінің басқа да мәселелерін зерттеумен айналысып, бағалы еңбектер берген адам еді. Ғалымның өмірбаянын

оқысақ оның мына бір сөздеріне назар аудару керек: «1944 жылдан бері Тіл және әдебиет институтында жұмыс істей жүріп, мен Абай творчествосын зерттеумен шұғылданып қана қоймай, сонымен қатар, басқа тақырыптарға да қалам тарттым. Мәселен, мені қазақ халқының лирикалық өлең-жырлары дейтін тақырып қатты қызықтырды. Бұл саладағы жұмысымның нәтижесін «Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінің еңбектері» (1955) атты жинақтың «Қазақ халқының тұрмыс-салт жырлары» дейтін тарауында түйіндедім [2, 38 б.].

Митрофан Семенович Сильченко «Қазақ әдебиеті тарихы» деп аталатын алты томдықтың, «Советтік дәуірдегі қазақ халық поэзиясы очерктерінің» жекелеген тарауларын жазып, үлкен ғылыми коллектив тындырған келелі еңбектерге өз үлесін қосты. Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу саласында атқарған жұмыстарына тоқталғанда, оның «Қыз Жібек», «Қобыланды батыр» эпостары болып табылады.

Қазақстандағы орыс мектептеріне арнап оқулықтар жазу, хрестоматиялар құрастыру жөнінде де М. С. Сильченко елеулі еңбек сіңірді. Н. С. Смирновамен бірлесіп 8 сыныпқа, ал өзі 9–10 кластарға арнап құрастырған хрестоматиялар мен оқулықтар республика мектептерін оқулықтармен қамтамасыз етуге көп себін тигізді.

Қорытынды

М. С. Сильченко қазақ совет әдебиетінің алдында тұрған алуан түрлі мәселелерді шешуге белсене атсалысқан ғалымдардың бірі еді. Отызыншы жылдардың бас кезінде М. Баталовпен бірлесіп, «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктерін» жазған ол осынау еңбектің негізгі бір тарауын советтік дәуірдегі қазақ әдебиетіне арнады. Арада жеті жыл өткен соң, «Қазақстанның 20 жылдығы» жинағында жарияланған мақаласында да ғалым осы тақырыпқа қайта бір оралды. Ақыр-аяғында, алпысыншы жылдардың бас кезінде ол «Қазақ совет әдебиеті қазіргі кезеңде», «М. Әуезовтің творчестволық жолы» кітапшаларын бастырып шығарды.

Қазақ совет әдебиетінің маңызды мәселелеріне арналған еңбектерінде М. С. Сильченко әдебиетіміздің табыстарын уағыздайтын насихатшы ғана емес, өмірдегі, өнердегі жаңалықты қостайтын күрескер ретінде танылды. Қазақ ССР Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-секретары қызметін атқарған жылдарда Сильченко республикамызда қоғамдық ғылымдардың дамуына қамқорлық жасады, зерттеу жұмыстарының бағытын анықтау, зерттеулерге проблемалық-мақсаттылық, комплексті тұрғыдан қарау жайларына көп көңіл бөлді.

М. С. Сильченко бүкілодақтық конференциялар мен маслихаттарға талай рет қатысып, қазақ әдебиеті мен әдебиет зерттеу ғылымы жайында толғамалы пікірлер айтқан адам. Мысалы, Ленинградтағы Пушкин конференцияларына

бірнеше рет қатынасып, Пушкиннің қазақ әдебиетін дамытудағы ролі туралы сөйледі. Бірсыпыра ғылыми еңбектері бүкілодақтық басылымдарда жарияланды, жекелеген мақалалары ағылшын, француз тілдерінде басылды.

Митрофан Семенович Сильченко педагог, ғалым ғана емес, сонымен қатар қоғам қайраткері болатын. Ол кезінде «Қазақ ССР Ғылым академиясы хабаршысының» (қоғамдық сериясы) редакторы, Алматы қалалық «Білім» қоғамы басқармасының председатели, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің әдебиет саласындағы сарапшы комиссиясының мүшесі болған. Осыларға қоса оның Қазақ ССР Ғылым академиясының филология ғылымдары бойынша біріккен ғылыми советінің ҚазПИ-дегі ғылыми советтің мүшесі міндетін атқарғанын атап өту керек. Ол осының бәріне уақыт таба білетін, өзіне жүктелген қоғамдық жұмыстың жауапкершілігін терең сезінетін.

СССР Жазушылар одағының мүшесі ретінде де Сильченко қолдан келген көмегін аяп көрген емес.

Үлкен ғалым жастарға, өзінің ізбасарларына қамқорлық жасауды қашан да қасиетті борышым деп білген ғой. Сильченко да сондай ғалымдардың бірі еді. Ол көзі тірісінде жиырма шақты ғылым кандидатын, бес-алты ғылым докторын тәрбиелеп, өсірді.

Туған республикамызда педагог кадрларын даярлау, филология ғылымын өркендету жолында аянбай еңбек еткен патриот, интернационалист, ірі ғалым Митрофан Семенович Сильченконың өмірі – өнегелі өмір деп санаймыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Сейтов, С.** Жизнь, посвященная науке; [80 лет со дня рождения М. С. Сильченко] Звезда – 1978. – № 4. С. 208–210.

2 Академия наук Казахской ССР. Митрофан Семенович Сильченко. – Алма-Ата, 1987.

3 **Баталов, М., Сильченко, М.** Очерки по казахскому фольклору и казахской литературе. – Алма-Ата – Москва, 1933.

4 Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Издательство АН Казахской ССР, 1961. – 376 с.

5 **Нарымбетов, А.** Выдающийся ученый: к 70-летию М. С. Сильченко] // Казахская литература, 2 стр., 21 апреля, 1968.

6 **Ахметов, З.** Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

7 **Ахметов, З.А.** Казахское стихосложение: (Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии).

8 История казахской литературы: В 3 т./Редкол.: М. К. Каратаев (отв. ред.), М. С. Сильченко и др.; АН КазССР. Ин-т лит. и искусства им. М. О. Ауэзова. Алма-Ата: Наука, 1971.

9. **Казыханова, Б.** Роль художественного наследия в эстетическом воспитании. – Алма-Ата, 1967. – 240 с.

10 **Еспенбетов, А.** Уақыт өрнегі. – Алматы: Инжу-маржан, 2005. – 515 б.

References

1 **Seitov, S.** Jızn, posvıaennaa naŭke [80 let so dnıa rojdenııa M. S. Silchenko], [Life dedicated to science] [80 years since the birth of M. S. Silchenko] Star - 1978. No. 4. P. 208–210.

2 Akademiya nauk Kazakhskoy SSR. Mitrofan Semenovich Silchenko. [Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Mitrofan Semyonovich Silchenko] – Alma-Ata, 1987.

3 **Batalov, M., Silchenko, M.** Ocherki po kazakhskomu folkloru i kazakhskoy literature. [Essays on Kazakh folklore and Kazakh literature]. – Alma-Ata - Moscow, 1933.

4 Ädebi mura jáne ony zertteý. [Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR], 1961. – 376 p.

5 **Narymbetov, A.** Vydayushchiysya uchenyy: k 70-letiyu M. S. Silchenko] [an outstanding scientist: to the 70th anniversary of M. S. Silchenko] Kazakh literature, 2 pages, April 21, 1968.

6 Ahmetov, Z. Abaıdyń aqyndyq álemi. [Abai's poetic world]. – Almaty: Ana tili, 1995. – 272 p.

7 **Ahmetov, Z. A.** Kazakhskoye stikhoslozheniye: (Problemy razvitiya stikha v dorevolutsionnoy i sovremennoy poezii) [Kazakh versification: (Problems of the development of verse in pre-revolutionary and modern poetry)]

8 Istoriya kazakhskoy literatury: [History of Kazakh literature:] In 3 volumes / Editorial board: M.K. Karataev (editor-in-chief), M.S. Silchenko and others; AN KazSSR. Institute of Literature and Art. M. O. Auezov. – Alma-Ata: Science, 1971.

9. **Kazykhanova, B.** Rol' khudozhetsvennogo naslediya v esteticheskom vospitanii. [The role of artistic heritage in aesthetic education]. – Alma-Ata, – 1967. 240 p.

10 **Espenbetov, A.** Ýaqyt órnegi. [Expression time] – Almaty: Pearls, 2005. – 515 p.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*Л. Е. Кудайбергенова

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 08.09.22.

АКАДЕМИК М. С. СИЛЬЧЕНКО

18 **Bim, I. L.** Lichnostno-orientirovanny podkhod - osnovnaya strategiya obnovleniya shkoly[A personality-oriented approach is the main strategy for school renewal] // Inostrannyye yazyki v shkole. – 2002. – № 2. – P. 11–15.

19 **Sysoyev, P. V.** Formirovaniye uchebno-poznavatelnoy kompetentsii v tselyakh obucheniya inostrannomu yazyku[Formation of educational and cognitive competence for the purpose of teaching a foreign language] // Inostrannyye yazyki v shkole. – 2015. – № 10. – P. 15–24.

Матеріал 08.09.22 баспаға түсті.

*К. А. Құмарова¹, Д. Б. Исмаилова², Г. О. Сейдалиева³

^{1,2,3}Қазақстан Республикасының педагогикалық университетінің Абай,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

КОМПОНЕНТЫ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ИНОЯЗЫЧНОМ ОБРАЗОВАНИИ

В данной статье речь пойдет о компонентах коммуникативной компетенции, используемых на уроках английского языка. Коммуникативная компетенция – система психологических знаний, коммуникативных навыков и стратегий поведения в социальных ситуациях, позволяющих выстраивать эффективное взаимодействие в соответствии с целями и условиями профессионального и межличностного взаимодействия.

Авторы описывают компоненты коммуникативной компетенции, речевые действия и особенности. Кроме того, известные методисты проанализировали компоненты коммуникативной компетенции и дали краткие формулировки. Выделены два аспекта значимости коммуникативной компетенции. Это: тактичная речь и интеллектуальное развитие. Тактичная речь проявляется в свободной речи на уровне содержания и структуры речевой деятельности, в формулировании мысли через язык в момент формирования речи. Интеллектуальное развитие – способность искать информацию, получать и обрабатывать информацию, уметь интерпретировать информацию, знать различные способы передачи этой информации, трансформировать, различать основную и дополнительную мысль, определять важнейшие особенности понятий, выявлять связи между понятиями. Авторы приходят к выводу, что модель коммуникативной компетенции, включающая в себя лингвистический, прагматический и социолингвистический компоненты, более точно отражает обучение общению как социальному процессу обмена мыслями и чувствами между людьми через язык.

Ключевые слова: компетенция, иноязычное образование, коммуникативная компетенция, компоненты коммуникативной компетенции, этичность.

*К. А. Kumarova¹, D. B. Ismailova², G. O. Seidalieva³

^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 08.09.22.

COMPONENTS OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

This article will focus on the components of communicative competence used in English lessons. Communicative competence is a system of psychological knowledge, communication skills and behavioral strategies in social situations that allow building effective interaction in accordance with the goals and conditions of professional and interpersonal interaction.

The authors describe the components of communicative competence, speech actions and features. In addition, well-known methodologists analyzed the components of communicative competence and gave brief formulations. Two aspects of the importance of communicative competence were identified. These are: tactful speech and intellectual development. Tactful speech is manifested in free speech at the level of the content and structure of speech activity, in the formulation of thoughts through language at the time of speech formation. Intellectual development is the ability to search for information, receive and process information, be able to interpret information, know various ways of transmitting this information, transform, distinguish between basic and additional thought, identify the most important features of concepts, identify connections between concepts. The author comes to the conclusion that the model of communicative competence, which includes linguistic, pragmatic and sociolinguistic components, more accurately reflects learning to communicate as a social process of exchanging thoughts and feelings between people through language.

Keywords: competence, foreign language education, communicative competence, components of communicative competence, ethics.

<https://doi.org/10.48081/SFDC5929>

***З. С. Машрапова¹, А. Қопеева², А. Қ. Тұрышев³**

¹²³Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

КОГНИТИВТІ НЕЙРОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ РАЗВИТИЕ КОГНИТИВНОЙ НЕЙРОЛИНГВИСТИКИ DEVELOPMENT OF COGNITIVE NEURO-LINGUISTICS

Когнитивті нейролингвистика – бұл сөйлеуді тану мен құрудың, тілді игерудің және тілдік символизмнің негізін құрайтын ми процестерін зерттейтін ғылыми пән. Бұл ғылым сөйлеуді оның адам таныммен қарым-қатынасында қарастырады. Бұл әлем туралы білімді жинақтаудың, жүйелеудің, өңдеудің және қолданудың негізгі құралдарының бірі ретінде ұсынылған. Берілген мақала когнитивті нейролингвистиканы тарихи-ғылыми және әдіснамалық талдауға арналған. Нейролингвистиканың тіл философиясымен және жалпы тіл білімімен байланысы зерттелуде. Қазіргі заманғы нейролингвистикаға әсер еткен философияның үш негізгі тәсілі – структурализм, формализм және қызмет философиясы ерекшеленеді. Нейролингвистика теориялық және практикалық медицинада кеңінен қолданылады. Неврологиялық немесе психиатриялық патологиялар нәтижесінде пайда болатын ми қызметіндегі әртүрлі өзгерістердің пациенттердің сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктеріне әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Когнитивті нейролингвистика білімді жинақтау, сақтау, өңдеу және қолданумен байланысты ми процестеріне сөйлеу функцияларының қатысуына баса назар аударады. Медициналық қолданудан басқа, когнитивті нейролингвистика педагогикалық психология үшін үлкен маңызға ие. Бұл мақаланың мақсаты – танымдық нейролингвистиканың дамуының XX ғасырдың бірінші жартысында пайда болған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейінгі негізгі кезеңдерінің қысқаша тарихи-ғылыми эскизін құрастыру. Сонымен қатар жұмыста нейролингвистиканың дамуының соңғы он жылындағы негізгі әдістер мен біздің көзқарасымыз бойынша маңызды нәтижелер талданады және оны одан әрі дамытудың

мүмкін бағыттары қарастырылады. Мақалада нейролингвистиканың одан әрі даму перспективалары қарастырылады.

Кілтті сөздер: тіл, сөйлеу, нейролингвистика, когнитивті зерттеулер, тіл философиясы, белсенділік тәсілі.

Кіріспе

Нейролингвистика – бұл адамның сөйлеу әрекетінің негізінде жатқан ішкі ми процестерін зерттеумен айналысатын ғылыми пән. Нейролингвистиканың қызығушылық саласына жеке сөздер немесе сөйлемдер сияқты сөйлеуді ынталандыруды тану механизмдерін зерттеу жатады.

Адамның танымдағы тілдің рөлі когнитивті нейролингвистиканы зерттеу тақырыбы болып табылады. Медициналық және педагогикалық мәселелердің үйлесуі олардың танымдық және сөйлеу дамуындағы нормадан ауытқулары бар балаларды тексеру және емдеу кезінде жүреді. Сондай-ақ когнитивті нейролингвистика жасанды интеллект, ақпараттық технологиялар және танымның жалпы теориясы саласындағы зерттеулерде қолданылады.

Материалдар мен әдістер

Ізденіс кезінде нейролингвистиканың дамуына қатысты ғылыми еңбектерді қарастырдық. Когнитивті нейролингвистиканы зерттеп, қандай ғылыми тұжырымдамалар жасағанын жинақтау, саралау әдістерімен бірге теориялық деңгейдің талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Нейролингвистика – психофизиологияның бөлігі болып табылатын, адамның мінез-құлқы мен ойлаудың ағзадағы физиологиялық әрекеттеріне тәуелділігін зерттейтін жалпы ғылыми пән. Соңғы жиырма жылдықта психофизиология бірнеше зерттеулердің жаңа әдіс-тәсілдерінің пайда болуы мен қарқынды даму кезеңін бастан кешуде. Алдымен, осы әдіс-тәсілдер ми құрылымындағы нейрофизиологиялық үрдістерді дәл табуға мүмкіндік беретін магниттік-резонаторлық томография технологиясын пайдаланумен байланысты. Сонымен бірге бұрынғы электроэнцефалограмма тәсілі қарқынды дамыды, оны алғаш 1928 жылы Ханс Бергер ұсынған болатын. Электроэнцефалограмма сигналдарды өңдеудің жаңа компьютерлік технологиялары бұл тәсілді психофизиологияда қолдануға заманауи көзқараспен қарауға мүмкіндік берді, бұл мүмкіндік танымдық іс-әрекеттің тектері жөнінде алдында қалыптасқан идеяларды айтарлықтай өзгертті. Сол себепті, жалпы психолингвистикада да, нақтырақ айтқанда, нейролингвистика да бүгінгі күні ғылыми прогрестің алдыңғы қатарында тұрған, тез дамып келе жатқан пәндердің бірі деп айтуға болады.

Біздің зерттеу барысында көрсетілгендей [1,127], психофизиология күрделі, толық қанды қалыптаспаған пән болып табылады, оның шеңберінде

аталған ғылымның негізгі ұғымдары, эксперименттерді ұйымдастыру принциптері және теорияны құру ережелері туралы пікірлер бірлігі әлі жеткілікті емес. Сол себепті бұл ғылым әлі де теорияны құрастыру, құру принциптерін қалыптастырудың бірнеше тәсілдерін салыстыруға бағытталған қосымша әдіснамалық саралауды қажет етеді.

Кез келген басқа ғылыми пән сияқты, когнитивті нейролингвистиканың философияда тамыры бар. Әдетте, философия теориялық пәннің дамуының ғылыми, таза алыпсатарлық кезеңін анықтайды, онда зерттеушілер олардың алдында тұрған негізгі мәселелерді тұжырымдайды және оларды нақты ғылыми әдістердің көмегімен шешудің жолдарын анықтайды. Когнитивті нейролингвистиканың негізі тіл философиясы мен таным философиясы болып табылады. Жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында талқылана бастаған мәселе. Нейролингвистиканың негізі сөйлеудің ми механизмдерін анықтауға тікелей бағытталмаған салыстырмалы тіл білімі болды.

Бірақ та тіл философиясы мен салыстырмалы тіл білімі осы кезеңде бір-біріне қарама-қарсы келетін бірнеше балама идеялар тудырды. Осындай идеялардың біріне негізделген ғылыми теорияларды құрудың гетерогенді әрекеттері қазіргі нейролингвистикада бар тәсілдердің алуан түрлілігіне әкелді.

Жалпы лингвистикаға, нақтырақ айтқанда, когнитивті нейролингвистикаға ерекше әсер еткен философияның негізгі бағыттарының бірі – структурализм [2, 15]. Структурализм – әлеуметтік құбылыстардың құрылымын түсінуге бағытталған философиялық идеялар мен нақты ғылыми зерттеулердің күрделі қосындысы. Осындай құбылыстардың бірі – адам тілі. Тарихи-философиялық әдебиеттерде структурализм философиясының жалпы идеялары Ф. де Соссюр невропатолог мамандарының мәліметтеріне сүйеніп, құрылымдық лингвистиканы ұсынды [3, 12].

Он тоғызыншы ғасырдың соңында француз антропологі мен хирургі Пол Брока (1865) және де немістің психиатры Карл Вернике (1873) бастың сол жақ жарты шарында көптеген адамдарда болатын мидың сөйлеу бағаларын ашты. Брок аймағы сөйлеуді моторикамен қамтамасыз етіп, фонологиялық және синтаксистік кодификациясымен байланыстырады.

Дәрігерлердің еңбектерінен лингвистердің негізгі тұжырымдарының бірі сөйлеудің фонологиялық, синтаксистік және семантикалық құрылымын тану мен генерациялаудың негізін құрайтын механизмдердің жартылай тәуелсіздігі туралы түсінік болды. Сонымен Брок аймағының зақымданғаны бар науқастар сөйлеудің грамматикалық байланысының бұзылуын мағынасын өзгертпестен көрсете алады, ал Вернике аймағының зақымдануы бар науқастар мағынасыз, әрі ұзақ, грамматикалық жағынан дұрыс сөйлемдер

айта алады. Осы деректер арқылы құрылымдық лингвистиканың жалпы теориясын құруға негіз болды.

Құрылымдық лингвистика аясында тіл белгілі бір қатынастырды қолдана отырып, кейбір құрылымдарға қосылған элементтер жүйесі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бұл құрылымдар белгілі бір мағынаға ие, яғни олар сыртқы әлемнің объектілерімен байланыс жүйесімен байланысты. Мысалы, сөздің мағынасы ол көрсететін шындықтың объектісі ретінде түсініледі. Құрылымдық лингвистиканың пәні – оның ресми құрылымы тұрғысынан, сондай-ақ оны құрайтын компоненттердің формальды құрылымы тұрғысынан зерттелген тіл.

Тіл құрылымының бірнеше деңгейлері мен жеке компоненттері ерекшеленеді. Алдымен, сөйлеу физикалық объект ретінде қарастырылады, яғни дыбыс биіктігі, ұзақтығы, әріптердің пішіні, таңбалардың түстері және т.б. сияқты сипаттамалары кездесетін дыбыстар немесе жазбаша белгілер жиынтығы ретінде. Сөйлеуді сипаттайтын келесі бір деңгей – оның құрылымында синтаксистік қатынастарды анықтау, яғни фразалар мен сөйлемдердегі сөздермен байланысты грамматикалық ережелер. Әрі қарай сөйлеудің семантикалық құрылымы сөйлеу таңбалары мен шындық объектілері арасында семантикалық қатынастар орнатуды қамтиды. Көптеген тілдердегі сөйлеудің синтаксистік және семантикалық құрылымдары салыстырмалы түрде тәуелсіз болып келеді. Тілдік құрылымдарды қолдану тәсілдерін әртүрлі тілдік жағдайларда сөйлеудің прагматикалық деңгейі сипаттайды: сөздер, сөз тіркестері, өрнектер мен сөйлемдер. Белгілі бір ұғымда тілдік құрылымдардың семантикасы оларды қолдану тәсілдері мен мақсаттарымен анықталады. Нақтырақ айтқанда, сөйлеудің прагматикалық деңгейі дискурстың контекстін және семантикалық позицияларын алдын ала анықтайды [4, 183].

Бүгінгі күнгі нейролингвистикаға байланысты структурализм сөйлеу стимулдарын өңдеу кезінде пайда болатын ми процестерінің құрылымымен қабылданатын сөйлеу құрылымын салыстыруға бағытталған бірқатар зерттеулер жүргізуге негіз болды. Сөйлеуді өңдеуге қатысатын ми бөлімдерін анықтаудың негізгі әдісі қазіргі уақытта жоғары кеңістіктік ажыратымдылығы бар белсенділік аймағын оқшаулауға мүмкіндік беретін функционалды магниттік-резонаторлық томография (МРТ) болып табылады [5, 32]. Алайда, ми процестерінің құрылымы олардың кортексін немесе субкортикалық бөлімдердің белгілі бір бөліктерінде локализациясын ғана емес, сонымен қатар олардың уақытша динамикасын, реакциялардың жиілік компоненттерін және әртүрлі ми бөлімдеріндегі реакциялар арасындағы қатынасты да білдіреді.

Ми қызметінің локализациясының бес өлшемді моделін Е. Басар ұсынды, оған үш ерекше өлшеу және тербелістің уақыты мен жиілігі бір-біріне тәуелді емес өлшемдер ретінде кіреді [6,2]. МРТ-ның тексеруді қамту кеңістігі жоғары болса да, ми тербелістерінің жиілігін ескеруге мүмкіндік бермейді. Сондықтан «Ақсақ пен зағиптың одағы» әдетте МРТ және электроэнцефалография (ЭЭГ) зерттеулерінде қолданылады, бұл ми процесінің барлық белгілерін бір уақытта анықтауға мүмкіндік береді.

МРТ және ЭЭГ зерттеулерінде сөйлеуді тану бірнеше сатыда жүретіні көрсетілген-кортекстің сенсорлық аймақтарында ерте тану, P120 және N170 шыңдарында көрінетін потенциалдар, сонымен қатар N400 және P600 шыңдарымен байланысты уақытша кортекстегі семантикалық және синтаксистік кодтау [7, 662]. Бұл нәтижелер сөйлеуді танудың әртүрлі кезеңдерінің тәуелсіздігін көрсететін құрылымдық лингвистиканы зерттеу нәтижелеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар сөз бен сөйлемнің мағынасы оны қабылдаудың алғашқы кезеңдерінде танылуы мүмкін екендігі туралы мәліметтер алынды. Сондықтан балама гипотеза-сөйлеуді ми өңдеудің үш кезеңінің болуы - тез тану, баяу синтаксистік және баяу семантикалық тану [8, 884]. Қазіргі уақытта екі балама гипотеза қызу талқыланып, эксперименталды түрде тексеріледі. Олардың қайсысы қабылданады, қайсысы қабылданбайды болашақта белгілі болады.

XX ғасырдың екінші жартысында ынталандыруды жарты шарда өңдеудегі айырмашылықтарды анықтауға бағытталған зерттеулер үлкен танымалдыққа ие болды [9, 500]. Сол жарты шар сөйлеу функцияларын орындайды және ақпаратты өңдеудің аналитикалық стратегиясымен байланысты, ал оң жақ жарты шар сөйлемдеуді ынталандыруды қабылдауға жауап береді және холистикалық стратегиямен байланысты. Сондай-ақ адамдарды танымдық ерекшелігімен ажыратылатын екі түрге сол жақ және оң жақ жарты әлемге бөлуге талпыныс жасалды. Алайда кейінгі зерттеулер екі жарты шардың да ынталандырудың барлық түрлерін өңдеуге қатысатынын көрсетті [10, 300]. Жарты шарлар шынымен функционалды түрде ерекшеленсе де, сөйлеу және сөйлемдеу сигналдарын өңдеу екі жарты шарда бір уақытта жүреді. Сондай-ақ әр адамның өмір бойы жарты шарлардың бірі басым екендігі туралы идеялар күмән тудырады.

Сөйлеуді өңдеудегі жарты шардағы үстемдік идеясы гендерлік зерттеулерде қолданылды. Ер адамдарда сөйлеу сигналдарын өңдеу көбінесе сол жақ жарты шардың тар локализацияланған құрылымдарында жүретіні көрсетілді, ал әйелдерде екі жарты шар да бұл процеске бірден қатысады. Алайда мұндай жыныстық айырмашылықтар сөйлеуді ынталандыруды өңдеуде ғана емес, сонымен қатар сөйлемдеу визуалды ынталандыру жағдайында ми динамикасын талдауда да анықталды. Сондықтан жыныстық

айырмашылықтар сөйлеуді қабылдаумен байланысты емес, бірақ ми функцияларының кең спектріне жатады деп болжауға болады.

Жақында субкортикалық түзілімдердің сөйлеуді талдаудағы рөлін мұқият зерттеу жүргізілді. Соңғы уақытқа дейін адамдарда субкортикалық құрылымдардың сөйлеу белсенділігін зерттеу бірнеше адаммен шектелді және ашық ми операциялары кезінде клиникалық науқастарды бақылау мүмкіндігі шектеулі болды. Мұндай зерттеулерде церебральды сияқты терең құрылымның рөлі мүлдем әсер етпеді. Бұл бөлім тек қозғалтқышты реттеумен байланысты деп саналды және жоғары танымдық функциялардың орындалуына қатысты болмады. Алайда, сау субъектілер мен клиникалық пациенттерде МРТ көмегімен церебральды соңғы зерттеулер оның есте сақтау, эмоциялар және сөйлеуді өңдеу процестеріне белсенді қатысатынын көрсетті. Шын мәнінде, мидың сөйлеу функцияларын заманауи зерттеу кортекстен тыс. Қазіргі уақытта бүкіл ми сөйлеу әрекетін реттеуге қатысады деп саналады.

«Генеративті лингвистика» деп аталатын құрылымдық лингвистикадағы ең маңызды бағыттардың бірі 50-ші жылдары ұсынылды. Жиырмасыншы ғасырда американдық зерттеуші Ноам Хомскийдің еңбектерінде «Генеративті грамматика» ұғымын енгізді. Ол осы тілдің барлық грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдерін тудыратын ішкі ережелердің жиынтығын енгізді. Бұл тұжырымдаманың семантика саласына тікелей қатысы жоқ екендігі маңызды, өйткені сөйлемнің грамматикалық дұрыстығы тұжырымның міндетті семантикалық дұрыстығын білдірмейді. Сонымен бірге Н. Хомский сөйлемнің терең және үстірт құрылымы туралы түсінік енгізді. Терең құрылым дегеніміз – сөздің әртүрлі бөліктеріндегі мағыналар арасындағы қатынас, ал үстірт құрылым дегеніміз – сөйлемдегі сөздер арасындағы синтаксистік қатынастарды айтады. Н. Хомскийдің пікірінше, бірнеше терең құрылым бір терең құрылымға сәйкес келуі мүмкін, ал үстірт құрылым болса, бірнеше түрлі терең құрылымдарға ие болуы мүмкін. Теорияның бір бөлігін Н. Хомский «Трансформациялық грамматика» деп атады: терең құрылымды өзгертпестен жоғарғы құрылымды өзгерту әдістерінің жиынтығы.

Трансформациялық грамматиканың үздік жұмыстарының бірі – лингвист мамандарға, сөйлеу құрылымымен жұмыс істеуге көмектесетін арнайы математикалық әдісті – лингвистикалық ағаштардың құрылымын қолдану әдісін алып келді. Генеративті лингвистика аударма теориясының дамуына үлкен үлесін қосты, атап айтсақ, компьютерлердің көмегімен бір тілден екінші тілге машиналық аударма әдістерінің пайда болуына әкелді. Сонымен бірге, Н. Хомский ресми тілдердің өзіндік жіктелуін және бір ресми тілден екінші тілге аудару әдісін ұсынды.

Когнитивті лингвистикада бұл идеялар бірнеше тілдерді қабылдау, әртүрлі жастағы тілдерді оқыту және тілден тілге аудару тетіктерін зерттеуге әкелді. Бұл зерттеулерді екі топқа бөліп қарауға болады.

Өз кезегінде, қызмет тәсілінің негізгі проблемасы – адамның сана-сезімі бар екенін анықтау. Сана құбылысының не екенін анықтауға көптеген талпыныстарға қарамастан, зерттеушілер арасында бұл құбылыстың мәнін түсінуге әлі де ортақ нәрсе жоқ. Біз сана туралы жеке адамның өзінің өмірлік тәжірибесінің кез келген бөлігіне өз бетінше бағыттай алатын қабілеті немесе қайтадан белгіленген мақсаттарға жету үшін сыртқы шындық объектілеріне назар аударуға алатын қабілеті туралы идеядан бастаймыз. Тиісінше, сана ұғымы білімнің мақсаттылығы және жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау ұғымымен байланысты. Осы анықтама аясында адамның мақсаттарына, уәждеріне және жеке өзін-өзі анықтау әдісіне байланысты сөйлеу ынталандыруларына әртүрлі реакциялар туралы айтуға болады. Мүмкін, мұндай анықтама қазіргі заманғы нейролингвистиканың әдіснамасын жасау үшін жаңа болуы мүмкін.

Қорытындылар

Қорытындылай келе, мынаны айтуға болады: бірлескен когнитивті нейролингвистика біртұтас, әдіснамалық тұрғыдан байланысты ғылымды білдірмейді, керісінше, әрқайсысы өз бағытында дамитын біршама әлсіз өзара әрекеттесетін тәсілдер. Біздің көзқарасымыз бойынша, когнитивтік нейролингвистиканың әдіснамасын дамытуға белсенді көзқарас қазіргі уақытта ең өзекті болып табылады, өйткені ол бірлескен қоғамның сын-қатерлеріне жауап беретін зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Савастьянов, А. Н.** Психофизиологическая проблема в русской науке. – Новосибирск: Ин-т философии и права СО РАН, 2000. – 126 с.
- 2 **Апресян, Ю. Д.** Идеи и методы современной структурной лингвистики. – М.: Просвещение, 1966. – 304 с.
- 3 Соссюр Фердинанд де. Курс общей лингвистики. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 43 с.
- 4 **Grice, H. P.** Presupposition and Conversational Implicature //P. Cole (ed.). Radical Pragmatics. – N. Y.: Academic Press, 1981. – P. 198
- 5 **Kristensen, L. B., Wang, L., Petersson, K. M., Hagoort, P.** The Interface Between Language and Attention: Prosodic Focus Marking Recruits a General Attention Network in Spoken Language Comprehension. Cereb Cortex. – L.: Oxford University, 2012. – P. 56.
- 6 **Basar, E.** (Ed.) Brain Functions and Oscillations. II. Integrative Brain Function. Neurophysiology and Cognitive Processes. Springer. – B.: Heidelberg, 1999. – P.50

7 **Friedrich, M., Herold, B., Friederici, A. D.** ERP correlates of processing native and non-native language word stress in infants with different language outcomes // Cortex. – L.: Wiley, 2009. – P. 662

8 **Hagoort, P.** Interplay between syntax and semantics during sentence comprehension: ERP effects of combining syntactic and semantic violations // J Cogn Neurosci, 2003. – № 15(6). – P. 883–899.

9 **Черниговская, Т. В., Деглин, В. Л., Меншуткин, В. В.** Функциональная специализация полушарий мозга человека и нейрофизиологические механизмы языковой компетенции // Доклады АН СССР. – Т.: Труды по знаковым системам, 1982. – № 2. – С. 84.

10 **Леутин, В. П., Николаева, Е. И.** Функциональная асимметрия мозга. Мифы и действительность. – СПб.: Речь, 2008. – С. 368.

References

- 1 **Savastyanov, A. N.** Psihofiziologicheskaya problema v russkoi nauke [Psychophysiological problem in Russian science]. – Novosibirsk_ In_ t filosofii i prava SO RAN_ 2000. – 126 p.
- 2 **Apresyan, Yu. D.** Idei i metodi sovremennoi strukturnoi lingvistiki [Ideas and methods of modern structural Linguistics] – M._ Prosveschenie_ 1966. – 304s.
- 3 Sossyur Ferdinand de. Kurs obschei lingvistiki [Course of general linguistics] – M.: Editorial URSS_ 2004. – 43 p.
- 4 **Grice, H. P.** Presupposition and Conversational Implicature //P. Cole (ed.). Radical Pragmatics. – N. Y.: Academic Press, 1981. – P. 198
- 5 **Kristensen, L. B., Wang, L., Petersson, K. M., Hagoort, P.** The Interface Between Language and Attention: Prosodic Focus Marking Recruits a General Attention Network in Spoken Language Comprehension. Cereb Cortex. – L.: Oxford University, 2012. – P. 56.
- 6 **Basar, E.** (Ed.) Brain Functions and Oscillations. II. Integrative Brain Function. Neurophysiology and Cognitive Processes. Springer. – B.: Heidelberg, 1999. – P. 50
- 7 **Friedrich, M., Herold, B., Friederici, A. D.** ERP correlates of processing native and non-native language word stress in infants with different language outcomes // Cortex. – L.: Wiley, 2009. – P. 662
- 8 **Hagoort, P.** Interplay between syntax and semantics during sentence comprehension: ERP effects of combining syntactic and semantic violations // J Cogn Neurosci, 2003. – № 15(6). – P. 883–899.
- 9 **Chernigovskaya, T. V., Deglin, V. L., Menshútkin, V. V.** Fýnktsionalnaia spetsializatsiia polýshariu mozga cheloveka i neurofiziologicheskie mehanizmy iazykovoi kompetentsii [Functional specialization of human brain hemispheres and

neurophysiological mechanisms of language competence] // Doklady AN SSSR. – Т. Trýdy po znakovym sistemam, 1982. – № 2. – P. 84

10 Leýtn, V. P., Nikolaeva, E. I. Fýnktsionalnaya asimetriya mozga. Mify i deistvitelnost [Functional asymmetry of the brain. Myths and reality] – SPb.: Rech, 2008. – P. 368.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*З. С. Маширапова¹, А. К. Копеева², А. К. Трушев³

¹²³Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

РАЗВИТИЕ КОГНИТИВНОЙ НЕЙРОЛИНГВИСТИКИ

Когнитивная нейролингвистика – это научная дисциплина, изучающая мозговые процессы, лежащие в основе распознавания и построения речи, овладения языком и языковой символики. Эта наука рассматривает речь в ее отношениях с человеческим познанием. Она представлена в качестве одного из основных средств накопления, систематизации, обработки и применения знаний о мире. Данная статья посвящена историко-научному методологическому анализу когнитивной нейролингвистики. Исследуется связь нейролингвистики с философией языка и общей лингвистикой. Выделяются три основных подхода к философии, которые оказали влияние на современную нейролингвистику – структурализм, формализм и философия деятельности. Нейролингвистика широко используется в теоретической и практической медицине, что позволяет выявить влияние различных изменений в деятельности мозга, возникающих в результате неврологических или психиатрических патологий, на особенности речевого поведения пациентов. Когнитивная нейролингвистика фокусируется на участии речевых функций в процессах мозга, связанных с накоплением, хранением, переработкой и использованием знаний. Помимо медицинского применения, большое значение для педагогической психологии имеет когнитивная нейролингвистика. Целью данной статьи является составление краткого историко-научного эскиза основных этапов развития когнитивной нейролингвистики с момента ее возникновения в первой половине XX века до настоящего времени. Кроме того, в работе анализируются основные методы и значимые с нашей точки зрения результаты последних десяти лет развития нейролингвистики.

В статье рассматриваются перспективы дальнейшего развития нейролингвистики.

Ключевые слова: язык, речь, нейролингвистика, когнитивные исследования, философия языка, деятельностный подход.

*Z. S. Mashrapova¹, A. K. Kopaeva², A. K. Trushev³

¹²³Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.22.

DEVELOPMENT OF COGNITIVE NEURO-LINGUISTICS

Cognitive neuro-linguistics is a scientific discipline that studies the brain processes that form the basis of speech recognition and construction, language acquisition, and language symbolism. This science considers speech in its relationship with human cognition. It is presented as one of the main tools for accumulating, systematizing, processing and applying knowledge about the world. This article is devoted to the historical, scientific and methodological analysis of cognitive neuro-linguistics. The relationship of neuro-linguistics with the philosophy of language and Linguistics in general is being studied. There are three main approaches to philosophy that have influenced modern neuro – linguistics-structuralism, formalism, and philosophy of activity. Neurolinguistics is widely used in theoretical and practical medicine allows us to determine the influence of various changes in brain activity that occur as a result of neurological or psychiatric pathologies on the peculiarities of speech behavior of patients. Cognitive neuro-linguistics focuses on the involvement of speech functions in brain processes associated with the accumulation, storage, processing and application of knowledge. In addition to its medical application, cognitive neuro-linguistics is of great importance for pedagogical psychology. The purpose of this article is to make a brief historical and scientific sketch of the main stages of the development of cognitive neuro – linguistics from the moment of its emergence in the first half of the XX century to the present. In addition, the paper analyzes the main methods and significant results of the last ten years of the development of neuro-linguistics from our point of view and considers possible directions for its further development. The article discusses prospects for further development of neuro-linguistics.

Keywords: language, speech, neuro-linguistics, cognitive research, language philosophy, activity approach.

<https://doi.org/10.48081/EXYE2859>

А. Н. Муратова¹, Ш. Мажитаева¹

^{1,2}Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

ҚҰПИЯ ТІЛДЕСІМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӨРНЕК

Мақалада автор ою-өрнектің зерттелу тарихына тоқталады, олардың мағынасына ұлттық таным тұрғысынан талдау жасайды. Қазақ халқының тұрмысында қолданылған және қолданылып жүрген оюлардың беретін мағынасын саралайды. Оюлардың берілу жолдары мен жасалуын өнертанушы ғалымдардың пікірлері негізінде көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы түсіндіріп, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Әр ұлттың танымы мен мәдениеті, тарихы мен салтына байланысты қолданылатын оюлардың түрлеріне семантикалық тұрғыда талдау жасайды. Коммуникация барысында қолданылатын оюлардың астарында сөз немесе тұтас сөйлемнің жатқандығын дәлелдейді.

Қазақ халқының өмірінде айрықша орынға ие қолөнер туындысы оюдың тұтас елдің, жеке адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда құпияны жеткізуші құрал ретінде қолданылғанын ертегі желісінде баяндалған оқиғаларды мысал ретінде ала отырып, жан-жақты зерделеген. Түскііз, киімге кестелеп салынған оюлардың беретін мағынасына тоқталған. Оларды орнына сай дұрыс қолдану үшін әр оюдың символдық мәнін білу керек деген тұжырымға келеді.

Мақала авторы алғаш рет жасырын мәнді беруде ою-өрнектерді қолданғандығын нақты мысалдар арқылы дәлелдеп, олардың жалпыхалықтық қолданыстағы мағынасынан басқа, жекелеген адамдардың немесе арнайы топ мүшелерінің өзара келісімі бойынша жұмсалатын қосымша мағынасы болатынын анықтайды.

Кілтті сөздер: ою, коммуникация, құпия тілдесім, символдық мән, ұлттық таным, халық санасы.

Кіріспе

Адамдар арасындағы негізгі әрі басты қарым-қатынас құралы – тіл, дегенмен тілден тыс көмекші құралдар да жиі қолданылады. Соның бірі – таңбалар.

Ою-өрнек – халқымыздың асыл қазынасы, бай мәдени мұрасы. Қазақ халқының даналығын, көрегендігін, шеберлігін, ішкі рухтың кеңдігін сипаттайтын төл туындылары. Жазу дамымаған уақыттың өзінде ел мен ел арасындағы коммуникативтік байланыс осы ою-өрнектер арқылы жүзеге асып отырғандығын тарихтан білеміз, себебі әр оюдың астарында сөз не тұтастай сөйлем жатады. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды.

Ою-өрнекті көзбен көріп, ондағы бейнеленген кестелерге сүйсініп қана қоймай, әр өрнекте жасырылған халықтың дүниетанымын, арман-мақсатын, тіршілігін, тұтас бір кезеңдегі тарихи оқиғалар туралы ақпаратты алуға болады, себебі ою-өрнек тілімен бейнеленген көріністерде уақыт, заман тынысы сезіледі. Шеберлер қолөнердегі құнды дүниелерді оюмен бейнелей отырып, өзі өмір сүріп отырған заманның көрінісін өрнек тілімен халыққа жеткізіп отырған. Демек, ою-өрнек астарындағы тұспалды ойды түсіну үшін оның символдық мәнін білуіміз қажет, себебі кез келген оюды ойлап тапқан шеберлер оған жай өрнек ретінде қарамаған. Әр оюдың пайда болуы халықтың өмірімен тығыз байланысты. Мысалы: мал шаруашылығымен айналысқан халқымыз үшін қошқардың мүйізіне, малдың омыртқасына, табанына ұқсатып, қошқармүйіз, омыртқа, түйетабан сияқты өрнектерді ойлап тауып, оны молшылықтың, бірліктің, берекенің символы деп сырмақтың орта тұсына салған. Халқымыздың мәдени шежіресі, өрнекпен берілген тарихты танып-білу үшін оның астарындағы тұспалды мағынаны анықтағанымыз жөн. Бұл тұрасында Американдық зерттеушісі Р. Арнхейм: «Ешбір мағына бермейтін өрнек болмайды. Кез келген өрнек немесе түс белгілі мағына жүгін көтереді: олар қандай да болмасын көңіл күйден хабар береді, күштердің ара салмағын көрсетеді. Және өзінің даралығымен әлдебір орталықты бейнелейді» [1, 65].

Біздің мақсатымыз – халқымыздың төл туындысының шығу тарихы мен оның астарындағы тұспалды ойды жеткізе отырып, адамдардың арасындағы, кейде тұтас бір елдің ішінде сақталған жасырын, құпия сырды жеткізуші құрал болғанын дәлелдеу.

Материалдар мен әдістер

Ұлттың киелі өнер туындысы оюдың астарындағы жасырын мағынаны ашу үшін талдау әдісін, әрі ұлттың танымы тұрғысынан дәлелдеу және қолдану аясын айқындау мақсатында сипаттама әдісін қолдана отырып, жекелеген оюдың мағынасына семантикалық талдау жасадық. Зерттеу қорытындысы бойынша оюдың астарындағы жеке ұлттың танымына

байланысты берілген астарлы мағынаны түсіну үшін сол ұлттың тарихы мен мәдениетінен, салты мен дәстүрінен хабардар болуы керек.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ ою-өрнектерінің тарихын ғалымдар ғылыми тұрғыда саралады. Төл өнерімізді зерттеуге В. Вансалов, А. Хедона, Р. Карутц, С. Дудин, В. Радлов, В. Бартольд, М. В. Ронин т.б. сол сияқты көптеген орыс және Еуропа ғалымдары үлес қосты. Олар қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыда талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен, ою-өрнектің символдық мәніне қатысты мәселені қарастырған емес.

Ғалымдардың пайымдауынша, ою-өрнектің пайда болуының бірнеше себебі бар. Адамзат ғасырлар бойы әсемдікке, сұлулыққа ұмтылған, сондықтан сол әсем бейнені тұрмыстық заттарды безендіру үшін пайдаланған. Ою-өрнек өнерінде белгілі бір халыққа ғана тән негізгі көркемдік ерекшеліктер сақталады, сондықтан ол халықтың бейнелеу, сұлулықты қабылдау мәдениетінің жоғарылығымен, ұлттық қолтаңбамен сабақтасып жатады.

Елімізге белгілі этнограф С. Қасиманов қазақ ою-өрнектері үш түрлі ұғымды білдіреді дейді: біріншіден, мал шаруашылығын, аңшылықты; екіншіден, жер, су, көшіп-қону көріністерін; үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесі [2, 24]. Халқымыз ою-өрнекке жай әшекей ретінде қарамағанын бұған дейін де айттық, себебі әр оюдың астарында үлкен мән жатады, сол себепті заттарға оюды орынсыз салмаған. Әр оюдың символдық мәніне терең үңіліп орнымен қолданған. Үйдің төріне ілінетін кілем, текеметке, киімге, басқа да заттарға салынған ою арқылы көп нәрседен хабардар болып отырған. Мәселен, қазақ халқының ерекше қасиет тұтар заттарының бірі – шапан. Шапанды өзі ерекше құрметтейтін адамның иығына жауып, оған салынатын оюға жоғары мән беретінін айта келіп, қазіргі уақытта ыдыс-аяқтың бетіне бедерлене салынатын өрнектерді, шапанға салып жүргенін айтқан М. Жолдасбеков ою-өрнектің символдық мәні қазіргі күні ескеріле бермейтіндігіне қынжылады [3, 4]. Кей жағдайда осындай қателіктердің жіберілуі оюдың астарындағы мағынаға дұрыс көңіл бөлмеуден де болып отырғаны шындық.

Қазақ халқының тұрмыстық заттарының бетіне кестеленіп салынған оюлардың ішінде жиі кездесетіні: қошқармүйіз, арқармүйіз, қырықмүйіз, сыңармүйіз. Мүйіз сөзіне түсіндірме сөздікте мынадай анықтама береді: кейбір жабайы жануарлар мен малдың бас сүйегіндегі қатты өсінді [4, 245]. Халқымыз малға ішсе ас, жүрсе көлік деп қарап мал байлықтың, молшылықтың символы, қошқармүйіз, арқармүйіз, қырықмүйіз өрнектерін текеметке, кілемге, сырмаққа басқа да тұрмыстық заттарға салуы шаңырағымызда молшылық, қуаныш болсын деген мақсаттан туған.

Қошқармүйіз оюы туралы академик Ә. Х. Марғұлан: «Қошқармүйіз» оюы – қошқардың мүйізі тәріздес ою. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты туған. Осы ою байлық пен молшылықтың символы. Мәселен, текеметтің ортасына «қошқармүйіз», шет-шетіне «тұмар», «шаршы» немесе «су» оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман-тілегі. Сондай-ақ «қошқармүйіз» оюы малдың көбеюін, бақыт-берекені түспалдайды. «Қошқармүйіз» оюы негізінде «сыңармүйіз», «қосмүйіз», «тікмүйіз», «сынықмүйіз», «төртмүйіз», «қырықмүйіз» оюлары қалыптасқан. «Төртмүйіз» – кейде «төртқұлақ» деп те аталады. «Төртқұлақ» оюы-өрнегінің төрт тармағы зооморфты немесе өсімдік оюларынан құралған, ортасы крест бейнесін жасайды. Ортасына крест төрт тармағына мүйіз элементі қондырылған, бұл өрнек ең көне оюларға жатады. Дүниенің төрт торабының белгісі ретінде салынған. Алғашқыда «төртқұлақ» ою-өрнегі Пазырық және Ноин-Ұлы қорғандарынан табылған [5, 27]. Ғалымның пікірінше, қошқармүйіз оюының тарихы тым тереңде жатыр.

Мүйіз оюына байланысты өнертанушы Ұ. М. Әбдіғабарова еңбегінен кездестіреміз. «Мүйіз ою» – мүйіз тәрізді өрнектелгендіктен мүйіз ою аталуы сөзсіз. Көбінесе тұскиіздің шетіне өрнектеледі. Жерге төселетін текеметке ұдайы осы ою салынып «қолтық» деп аталады. Мұнысы, қош келдіңіз, өз үйіңіздей көріп, жантая отырып дем алыңыз деген қонақжайлық белгісі. «Қай үйге кірсем де жердегі киіздің бетінен оюдың бір ғана түрін көремін. Сөйтсем, мен қазақтың киіз кітабының үстінде дем алып отырған екем. Қазақ халқының адамгершілігін күннің мейірімділігімен теңеуге болады екен», - деп Александр Македонский айтқан деген аңыз да бар [6, 15].

Мүйіз оюлар		
		
Мүйіз	Арқармүйіз	Сынықмүйіз
		
Қошқармүйіз		Сыңармүйіз

1 – сурет

Қазақ өнерін зерттеушілердің бірқатары ою-өрнектің символдық мәніне, оның астарындағы құпия сырларына тоқталады. Мәселен, Ж. Акимиевтің пікірінше, «...оюлар жүйесі таңбалар жиынтығынан құралады. Әрбір ою бүтіндей сөзді білдіреді немесе белгілі бір ойды, идеяны нұсқайды. Әрбір оюдың графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады [7, 22 б.]. Кейбір өнер зерттеушілері ою-өрнектердің де өз тілі бар. Өз сыры бар. Ерте заманда ою-өрнек хаттың орнын алмастырған деген пікірді айтады. Кез келген ою белгілі бір тұспалды ойды, мағынаны береді [8, 78]. Байқап қарасақ, халқымыз айтатынын тура айтпай тұспалдап жеткізуге шебер болған. Мысалы, қыздар өз ғашығына сезімін жеткізерде ақ орамалдың шетіне аққу бейнесіндегі оюды кестелеп салып, жігіттің қолына ұсынған. Аққу бейнесі – қазақ танымында тазалықтың, адалдықтың, кіршіксіз сезімнің символы, сондықтан да сезімді білдіру үшін аққу оюын қолданған.

Суретші өзі жасаған туындысы арқылы замана келбетін, табиғаттың тылсым күшін, өзін селт еткізген оқиғаны немесе өзінің ішкі жан толғанысын көрсететін болса, ою арқылы да біз шебердің дүниетанымын, ішкі толғаныстарын, қоғамдағы орын алған кейбір оқиғалар жайлы ұғына аламыз. Халқымыздың бізге жеткен туындылары арқылы оюдың жай ғана қағаздың, матаның, киіздің бетіне кестеленген өрнек емес екенін, оның ел басына күн туған замандарда тілдесімнің аса маңызды құралы болғандығын байқаймыз. Мәселен, өнерді, ақыл-парасатты дәріптейтін «Өнердің күші» ертегісінде ақылды қыз Дүрия өзіне үйленгісі келген Ыдырысқа бас киім тігуді үйретеді және қыз жігітке бас киімге өрнек салуды үйрете отырып, әрбір ою белгілі бір әріпті, сөзді білдіретінін түсіндіріп, бұл өнердің бір күндері қажет болатынын айтады. Ыдырыс бірде қарақшылардың қолына түсіп қалып қатты қиналғанда: «Мені өлтірмеңдер, мен сендерге бас киім тігіп берем, соны ханшаға апарсаңдар, мың ділдә береді» –деп жалынады. Олар көнгеннен соң, Ыдырыс бас киім тігіп, өзінің басынан өткен жағдайды толығымен ою арқылы баяндайды. Өрнектен барлық жайды түсінген Дүрия Ыдырысты өлімнен құтқарып алады (Ақылды қыз ертегісі, 166–168–6 б). Адамдар арасындағы коммуникативті қарым-қатынас тек вербалды амалдар арқылы беріле бермейді, кей жағдайда тілден тыс көмекші таңбалар арқылы беріледі. Бұл туралы зерттеуші Б. Байжігітов таңба мәселелерін қарастыра отырып, ою-өрнектің таңбалық қасиетіне жан-жақты сипаттама береді: «Таңба белгілері күрделене, өзгере келе, оның көркемдік белгілері де күшейе түсті, астарлы рәміздік дүниетанымдық белгілер халқымыздың рухани бастауларының тағы бір көзі ою-өрнекті дамытты», – дейді [8, 80]. Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас бас киімге салынған ою арқылы толық жүзеге асқандығын ертегі желісінен байқауға болады. Ыдырыс өзі тап болған жағдайды оюмен кестелеп салды, ал адресант сол хабардың

кілтін тауып шешіп отыр. Нәтижесінде коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас еш кедергісіз толық орындалды, бірақ екі адам арасындағы тілдесім ашық түрде емес, жасырын, құпия түрде жүзеге асты, себебі осы оқиғадағы бас киімді жеткізуші қарақшылар үшін оның астарындағы жұмбақ сол құпия күйінде қалды. Бұл тілдесімнің үнемі ашық түрде бола бермейтінін, ел басына, жеке адам өміріне қауіп төнген уақыттарда осы сынды құралдарды қолданғанын байқаймыз. Осы ертегіден алынған үзіндіден оюдың қарым-қатынас құралы екенін айқын аңғаруға болады. Әрбір ою-өрнектің сөйлей білетінін, оның бейнесінде белгілі бір сөздер жасырынып тұратынын, яғни әр өрнекте символдық мән жататынын ұғынған жөн. Демек, ою-өрнек өнерін тек қана әшекейлеу өнері деп қарауымызға болмайтынын, оның белгілі бір ойды жеткізу мақсатында қолданылғанын түсінеміз.

Халқымыздың тұрмысына тереңірек зер салсақ адамның жеке басына қатысты мәселелер вербалды амалдарға қарағанда бейвербалды амалдардармен беріліп отырған. Мысалы, қыздың қолындағы жүзігіне салынған оюға қарап оның тұрмыс құрмағанын, әйел адамның білезігінде бейнеленген өрнекке қарап құдандалы екенін байқаған.

Халқымыздың салтында жат жұртқа ұзатылған қыз төркініне жиі келмеген. Ол өзінің екінші отбасына үйреніп, сол шаңырақтың береке-бірлігін, дәстүрлерін құрметтеп, өзі келін болып түскен ортасына үйренсін деген ниеттен туған, бұдан қазақ халқының отбасылық құндылықтарды жоғары бағалағанын да байқаймыз. Сол себепті де қыз ұзату салтында бөтен жерге, алыс елге ұзатылған қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағына сәлемдеме жіберу салты болған. Сәлемдемеге жас келіншек өзінің тұрмысқа шыққаннан кейінгі жағдайын ою-өрнекпен кестеленген орамал арқылы жеткізген. Осы салт бойынша қыздың үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетіне бойы сарайған ұзын және өте жіңішке, әрі арық адамның бейнесіне ұқсаған ою кестеленсе, бұл сәлемдемеден қыздың ата-анасы жат-жұртқа, ұзатылған баласының «отырса опак, тұрса сопак» болған мүшкіл халін түсінген [5, 23].

Ал, егер ұзатылған қыздан «құсмұрын» бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде құстай ерікті, басы бостандықта жағдайы жақсы екенін ұғатын болған [5, 25]. Бұған себеп болған да құс сөзінің астарындағы мағынасы негіз болған, қазақ танымында құс – еркіндіктің символы. Сол себепті ұзатылған қыздан сәлемдемеге құстұмсық жүзік келсе немесе құстұмсық ою-өрнек түскііз, басқұр сияқты зат келсе, ата-анасы ауыл-аймағын жинап, қуанып той жасаған. Демек, ата-бабаларымыз оюға жай өрнек ретінде қарамаған. Оны тілдесім құралы ретінде пайдаланған.

Өнер зерттеушілері бойжеткен мен ерлердің киімдеріне екі бөлек оюлар бедерленетінін айтады. Мысалы, қыз балалардың бешпетіне, көйлегіне

гүл тәрізді немесе қанатты қарлығаш секілді өрнектер бейнеленген. Ал ер баланың киміне найзаның ұшы, бүркіт, қошқар мүйіз секілді өрнектер батыр, алғыр болсын деген ырыммен салған.

Ою тарихын зерттеушілер өрнек бейнесімен қатар оның бояуына да ерекше мән берген. Ою бояуының да өз сыры болатынын айтады. Ашық, анық емес түспен боялған өрнектерде жасырын сыр болатынын жеткізеді. Ою бейнесінде сай көк – аспан түсі; ақ – шындық символы; сары – даналық, адамгершілік, мұң белгісі; жасыл – жастық пен көктемнің белгісі [2, 20]. Ою-өрнектерді салған кезде түстердің бір-біріне сәйкес келуі жіті қадағаланады. В казахском прикладном искусстве используются традиционные цвета, которые применяются мастерами в течение многих веков: красные, синие, желтые, зеленые, белые и черные. Эти цвета имеют только им одним присущую символику. Синий – цвет неба; белый – символ истины; желтый – цвет мудрости, нравственности, печали; зеленый – молодости, весны и т.д. Соответствие цветов друг другу, их гармоничное сочетание называют колоритом [10, 75]. Демек, оюдың символдық, семантикалық мәнін түсінгенде ғана ою арқылы берілген жасырын ойларды оқуға болады. Мысалы, шешендердің киетін шапанына «кұстандай» өрнегінің салынуының өзіндік сыры бар. Оның мәні тілдің құстың сайрауындай ашық та құлаққа жағымды, көңілінді сергітіп, жан жұбатарлық болсын дегенін білдіреді.

Өнердің қарым-қатынас құралы екенін дәлелдей түсетін «Ою хан мен Жою хан» ертегісінен үзінді келтірсек. Жою хан өзінің жоғалған баласын іздеуге шығатын адамдарды жинап жатқанын естіген Ою хан баланы іздеуге өзінің барғысы келетінін айтады. Ою ханды зынданнан шығарып баласын іздеуге жібереді. Ою хан жолда болған жайға қанық болып келгеннен кейін, оқиғаның желісін сырмақ бетіне түсіреді де әлгі сырмақты Жою ханға алып келеді...

Жою хан сырмақтың оюына қарап, ойланып ұзақ отырып, ондағы оқиғаны іштей былайша таратады:

- Балам биік-биік тауларды асып, терең-терең сулардан өтіп, қалың жыныс орманды... аралап күндіз де, түнде де талмай жортқан екен...

Жүрген... жолында бұғы кездесіпті... Алдынан қодас көрінеді. Тау тағысы арқар да жолығыпты... сорлы балам... жолбарыспен де арпалысыпты... Ұшқан құстармен де беттесіпті... Суда жүзген балыққа да ұшырасыпты... Жорғалаған тышқандар да қарсы келгенге ұқсайды.

Қайран ұлым... алып күштің иесі екенінді аңдарға көрсеткенше, ел ішіндегі дұшпандарына неге көрсетпедің! Тірімісің, өлімісің? Токта, мына ою не деп тұр? Балаң екіге бөлінді! Жаны рухқа, тәні аруаққа айналды деп тұр ма? («Ою хан мен Жою хан ертегісі», 5–9 б.).

Ертегі желісіндегі Ою ханның шеберлігіне, тапқырлығына аса бір сүйіспеншілікпен қарай отырып, хан баласының жүріп өткен жолын түскііз бетіне ою арқылы кестелеп салып, болған оқиғаны тек қана өрнекпен баяндауы оның басынан өткізген оқиғасын тек ханның өзі білсін, халық алдында хан ұлының әлсіздігін көрсетпейін деген ниетінен болса керек. Бұл жерде де оюдың құпия тілдесім құралы болғанын дәлелдей түседі. Екі адам арасындағы әңгіме бөгде адамдарға жария болмай, тек жасырын түрде жүзеге асқан.

Қорытынды

Халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы – ою-өрнек. Бұл өнер туындысының тарихы тым тереңде. Қолөнершілердің шеберлігі ғана емес, халықтың дүниетанымынан хабар беретін оюлардың коммуникативтік қызметін жан-жақты зерттеу қажет. Осы мақала көлемінде оюдың жай ғана өрнек қызметін атқармайтындығын, ел арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрі екенін дәлелдеуге тырыстық.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Арнхейм, Р.** Искусство и визуальное восприятие. – М., 1974. – С. 392
- 2 **Касиманов, С.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1995. – 30 б.
- 3 **Жолдасбеков, М.** Шапан сыры. – Алматы, 2017. – 30 б.
- 4 **Қалиев, Б.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
- 5 **Маргулан, А. Х.** Казахское народное прикладное искусство. Т. 1. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – С. 85.
- 6 **Әбдігапбарова, Ұ. М.** Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. – Алматы: Өнер, 1999. – 28-30 б.
- 7 **Акимешева, Ж. А.** Түркітану метатілінің құрастырылуы мен түсініктемесі. Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, – 2022. – №1. – 60–69 б.
- 8 **Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев** – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 545 б.
- 9 **Байжігітов, Б. К.** Қазақтың қолөнері тарихы: Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік. – Алматы, 2012. – 265 б.
- 10 **Канаева, Т. К.** Орнаментальное искусство казахского народа. // Культурное наследие Сибири. – Барнаул: Алтайский государственный университет, – 2014. – № 16 – С. 74–79.

References

- 1 **Arnheim, R.** Iskustvo I vizhualnoe vospriatie [Art and visual perception]. – М., 1974. – 392 p. [in Russian]

2 **Kasimanov, S.** Qazaq halqynyń qolóneri [Kazakh folk crafts]. – Almaty, 1995. – 30 p. [in Kazakh]

3 **Joldasbekov, M.** Shapan syry [The secret of the robe.] – Almaty, 2017. – 30 p. [in Kazakh]

4 **Qahev, B.** Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty, 2014. – 728 p.

5 **Marǵulan, A. H.** Qazaq halyqtyq qoldanbaly óneri [Kazakh folk applied art.]. T 1. – Almaty: Óner, 1986. – 85 p. [in Russian]

6 **Ábdigapparova, U. M.** Qazaqtyń ulttyq oıy-órnekteri [Kazakh National ornaments.]. – Almaty: Óner, 1999. – P. 28–30. [in Kazakh]

7 **Akımshева, J. A.** Túrkitanıń metatilińiń qurastyrylyı men túsinińtemesi [Compilation and explanation of the Turkological meta-system]. Almaty: Ál-Farabi atyndaǵy Qazıy, 2022. №1. 60–69 p. [in Kazakh]

8 Qazaqstan: Ulttyq ensklopedia [National Encyclopedia]/Bas redaktor Á. Nysanbaev – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1998. – 545 p. [in Kazakh]

9 **Bajigitov, B. K.** Qazaqtyń qolóneri tarihy: Sándik qoldanbaly óner jáne halyqtyq kásipshilik [The history of Kazakh craft: decorative and applied arts and crafts]. – Almaty, 2012. – 265 p. [in Kazakh]

10 **Qanaeva T. K.** Qazaq halqynyń oıy-órnek óneri [Ornamental art of the Kazakh people.] // Sibirdiń mádeni murasy. – Barnaı: Altaı memlekettik ýniversiteti. 2014. № 16. – P. 74–79. [in Kazakh]

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

О. Сүлейменов «Жырдағы» «Всеслав изъ Киева дороскаше до куръ Тматороканя» яғни жырдың көшірмешісі Мусин-Пушкин «кінәз Курскіден Тматороканяға дейін шапқан», сондықтан «Куръ» сөзін бас әріппен жазған деп санайды деген сөзін жоққа шығарады. Жазушының айтуынша, бүгінге дейін ғылым Д. С. Лихачевтың «таңғы қораздың шақыруы» туралы айтып, «док куръ-қоразға дейін» деген аударманы қабылдайды. Бұл жерде әңгіме қораз туралы емес, тауық туралы «до куръ». О. Сүлейменов бұл сөзді басқа қырынан ұсынады. Түркі тілдерінде «кура» деген сөз бар (татарша-құра, қазақша-қора). Оның көне сөз екенін X-XI ғасырдағы түркі ескерткіштері дәлелдейді. Оның түбірі «кұр» сөзі (кұру, тұрғызу, қамал, құрама, қорған. Осылайша, О. Сүлейменов «Всеслав досакал до стен Тматороканя» деп аударады. Көшірмеші бұл сөздің көне мағынасын білмегендіктен, талдамай сол қалпында қолданғаны туралы жазушы оқырмандарға түсіндіреді [8].

Бұл туралы А. Мещерский «Слова, пришедшие из тюркских языков, попадали в древнерусский язык преимущественно изустным путем, но иногда отражались и в письменных памятниках собственно литературного жанра. Так, например, особенно замечен этот лексический пласт заимствований в «Слове о полку Игореве», встречаются слова тюркского происхождения и в летописях. Слова тюркского происхождения в древнейший период заимствовались русскими из языков многочисленных народностей, последовательно сменявших друг друга в качестве ближайших соседей восточного славянства с юго-востока» деп толықтыра түседі [11]. Шығыс халықтарының рухын көтерген «Аз и Я» кітабын қазір бүкіл ғылым әлемі мойындап отыр, тіпті кейбір көне тарихи сөздеріне берген түсініктемелерін ғылыми айналымға енгізгенін мақтанышпен айтуға болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, түркі сөздерін үндіевропалық сөздермен салыстырсақ, көптеген сөздердің түркі сөздеріне ұқсас екенін, бірақ алғашқы бейнесін жоғалтып өзгергенін байқауға болады. Мысалы, дат тілі грамматикасындағы

зат есімге дауысты дыбысқа бітсе –г, ал дауыссыз дыбысқа бітсе – ег жалғануы түркі тілдеріндегі зат есімнің көпше түріне өте ұқсас екені әлі зерттеуді қажет етеді. Кірме сөз ретінде түркі лексикасы генетикалық, географиялық тұрғыдан еш байланысы жоқ тілдерде де, саяси-мәдени, экономикалық байланыстары уақыт сынына төтеп берген көрші халықтардың тілінде де кездеседі. Әрине, екі топтағы тілдердегі түркі кірме сөздерінің саны мен қолданылу жиілігі бірдей емес әрі тұлғасы өзгеріске ұшырағаны заңды жайт, сондықтан олардың танылуы қиын, дегенмен тілдік түйсігі айрықша билингв немесе полилингв зерттеушілер мұндай сөздерді бірден байқап, этимологиясына назар аударатыны сөзсіз. Ал бұл кез келген тілдегі кірме сөздер қабатын нақтылауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Фромкин, В. В., Родман, Р., Хайамс, Н.** Тіл біліміне кіріспе [Мәтін]. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 586 б.
- 2 **Янсон, Т.** Тіл тарихы [Мәтін]. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 223 б.
- 3 **Ахметов, Ә.** Англо-саксондар кімдер? – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://egemen.kz/article/13334-anglo-saksondar-kimder>
- 4 Online Etymology Dictionary. – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://www.etymonline.com>
- 5 National Corpus. – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://www.english-corpora.org/bnc/>
- 6 **Адилова, А. С.** Жаңа әліпби және тіл мүддесі [Мәтін] // ҚарМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – №2. – Б. 20–26.
- 7 **Кенесбаева, Ү.** Ағылшын тіліндегі түркізмдер. – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/4385>
- 8 **Сүлейменов, О.** Аз и Я [Мәтін]. – Алматы: Жазушы, 1992. – 288 б.
- 9 **Воронцов, В. А.** Скрытые и явные тюркизмы в «Слове о полку Игореве». – Казань: Изд-во Института истории АН РТ, 2006. – 222 с.
- 10 **Қортабаева, Г.** Славян тілдері кеңістігіндегі түркізмдер. «Тамыр» журналы. – 2013. – № 37. – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://tamyr.org/>
- 11 **Мещерский, Н.А.** История русского литературного языка. – Л: Издательство Ленинградского университета, 1981. – С. 282.

References

- 1 **Fromkin, V. V., Rodman, R., Harams, N.** Til bilimine kirispe [Introduction to Linguistics] [Text]. – Astana: Ulttyq aýdarma býrosy, 2018. – 586 p.
- 2 **Ianson, T.** Til tarihy [Language history] [Text]. – Astana: Ulttyq aýdarma býrosy, 2019. – 223 p.
- 3 **Ahmetov, Á.** Anglo-saksondar kimder? [Who are the Anglo-Saxons?]. – [Electronic resource] – Access mode: <https://egemen.kz/article/13334-anglo-saksondar-kimder>.
- 4 Online Etymology Dictionary. – [Electronic resource] – Access mode: <https://www.etymonline.com>
- 5 National Corpus. – [Electronic resource] – Access mode: <https://www.english-corpora.org/bnc/>
- 6 **Adilova, A. S.** Jańa álipbı jáne til múddesi [The new alphabet and the interests of the language] [Text]. In Bulletin of the Karaganda university. Philology series. – 2018. – №2. – P. 20–26.
- 7 **Keńesbaeva, Ú.** Áýylshyn tilindegi túrkızmdar [Turkisms in English]. – [Electronic resource] – Access mode: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/4385-2010>
- 8 **Súleimenov, O.** Az ı Ia [Az and Ya] [Text]. – Almaty: Jazýshy, 1992. – 288 p.
- 9 **Voronzov, V. A.** Skry'ty'e i yavny'e tyurkizmy' v «Slove o polku Igoreve» [Hidden and explicit Turkisms “In the Word about Igor’s Army”]. – Kazan: Izd-vo Instituta istorii AN RT, 2006. – 222 p.
- 10 **Qortabaeva, G.** Slavian tilderi keńistigindegi túrkızmdar [Turkisms in the space of Slavic languages]. In Journal of Tamyr. – 2013. – №37. – [Electronic resource] – Access mode: <https://tamyr.org/>
- 11 **Meshhetskij, N. A.** Istoriya russkogo literaturnogo yazy'ka [The history of the Russian literary language]. Leningrad: Izdatel'stvo Leningradskogo universiteta, 1981. – 282 p.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*Н. С. Олизко¹, Ш. А. Хамитова², А. С. Адилова³, А. Г. Ибраева⁴

¹Челябинский государственный университет

Российская Федерация, г. Челябинск;

^{2,3}Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова, Республика Казахстан, г. Караганда;

⁴Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,

Республика Казахстан, г. Петропавловск

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

О ТЮРКСКИХ СЛОВАХ, ВСТРЕЧАЮЩИХСЯ В ИНДОЕВРОПЕЙСКИХ ЯЗЫКАХ МИРА

В этой статье рассматривается проблема заимствованных слов, встречающихся в английском и других языках. Языковые связи наблюдаются во взаимодействии лингвистических, культурно-исторических факторов и считаются важнейшим процессом межкультурной коммуникации. В статье говорится о том, что некоторые звуковые совпадения и звуковые обмены, происходящие в результате прохождения языка через различные исторические стадии и между различными языками, приводят к лингвистическим изменениям. Особого внимания требуют тюркские лексические элементы, активно используемые в различных языках как языковой механизм. По объективным причинам язык не может сохраняться в прежнем состоянии, он постоянно развивается, не может оставаться вне времени, в соответствии с требованиями времени и применения. Такое переплетение языков рождается в процессе общения между народами. Благодаря политико-экономическим, культурным связям, происходящим между странами, начинается обмен, общение между языками. В результате таких связей становится очевидным, что тюркские заимствованные слова распространены не только в английском, но и в восточнославянских языках. В статье на конкретных примерах показано, что заимствованные слова претерпевают множество фонетических, грамматических и даже семантических изменений под влиянием той или иной системы и тем самым приспособляются к фонетическим, грамматическим и семантическим законам данной системы. Процесс ассимиляции настолько глубок, что уточняется, что происхождение заимствованных слов не ощущается носителями тюркских языков и может быть определено только этимологическим анализом.

Ключевые слова: процесс заимствования, тюркизмы, английский язык, языковые связи, тюркизмы в славянских языках

*N. S. Olizko¹, Sh. A. Khamitova², A. S. Adilova³, A. G. Ibrayeva⁴

¹Chelyabinsk State University

Russian Federation, Chelyabinsk;

^{2,3}Academician E. A. Buketov Karaganda University, Republic of Kazakhstan, Karaganda;

⁴North Kazakhstan University named after M. Kozybayev

Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.

Material received on 08.09.22.

**ON TURKIC WORDS FOUND IN INDO-EUROPEAN
LANGUAGES OF THE WORLD**

This article discusses the problem of loanwords found in English and other languages. Language connections are observed in the interaction of linguistic, cultural and historical factors and are considered the most important process of intercultural communication. The article says that some sound coincidences and sound exchanges that occur as a result of the passage of a language through various historical stages and between different languages lead to linguistic changes. Turkic lexical elements, which are actively used in various languages as a language mechanism, require special attention. For objective reasons, the language cannot remain in the same state, it is constantly evolving, it cannot remain out of time, in accordance with the requirements of time and application. This interweaving of languages is born in the process of communication between peoples. Thanks to the political, economic, and cultural ties that take place between the country and the country, exchange and communication between languages begins. As a result of such connections, it becomes obvious that Turkic loanwords are common not only in English, but also in the East Slavic languages. The article shows by concrete examples that borrowed words undergo many phonetic, grammatical and even semantic changes under the influence of a particular system and thereby adapt to the phonetic, grammatical and semantic laws of this system. The process of assimilation is so deep that it is clarified that the origin of borrowed words is not felt by non-native speakers of Turkic languages and can only be determined by etymological analysis.

Keywords: the process of borrowing, Turkisms, English, language connections, Turkisms in Slavic languages

FTAMP 17.07.31

<https://doi.org/10.48081/DNNE9021>**М. С. Оразбек¹, *М. Аманғазықызы², Ж. Секей³**

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

²Еуразия гуманитарлық институты,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

³Alikhan Bokeikhan University,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

**ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «АБАЙ» АРХЕТИПІ**

Мақалада Абай Құнанбайұлының тұлғасы мен шығармашылығының негізінде «ақын архетипі» ұғымы айқындалып, сараланады. Жұмыста алғаш рет қазақ әдебиеттануында ақын архетипінің тууы мен қалыптасуы шынайы тұлғаның (әдеби емес) мысалында қарастырылады. «Ақын архетипі» ұғымы мәдени кеңістіктегі өзгермелі динамикалық модель ретінде түсіндіріледі. Бұл К. Г. Юнгтың анықтамасына да, қазіргі әдебиеттанудағы архетип түсініктемесіне де қайшы келмейді.

Ақын архетипі ұғымы аясында бойындағы дара қасиеттерімен бірге символдық, архетиптік қасиеттерге ие ақынның (кемеңгер) уақытқа бағынбайтын мәдениет парадигмасына сыйғызып тұрған танымал кемеңгер тұлғасы танылады. Осылайша, ақын архетипі өз табиғатының екіжақтылығына сәйкес екі позицияда қарастырылады, нақтырақ айтсақ, бастапқы, априорлы қасиеті бар ақын архетипі және белгілі бір тұлғаның өзі бұл архетипке жаңа ерекше қасиеттер үстегі мүмкін.

Осылайша, жұмыстың ғылыми-тәжірибелік мәні Абай Құнанбайұлының тұлғасы мен шығармашылығының негізінде «ақын архетипі» ұғымын айқындап, саралау. Зерттеу материалдары ұлы ақынның көркем мұрасының философиялық-эстетикалық сипатын талдауда пайдаланылады. Ұсынылған ақын архетипі концепциясы жоғары оқу орындарында арнаулы курстар мен семинарларда жазушылар шығармашылығының рецепциясын бағалау мәселесінде қолданылады.

Кілтті сөздер: архетип, ақын архетипі, ақын архетипі моделі, қазақ поэзиясы, Абай бейнесі.

Кіріспе

Кемеңгер ақын тұлғасы мәдениеттің біртекті семиотикалық кеңістігіндегі әдеби үдерісте үнемі жаңа мәнге ие. Әдеби үдеріс дамуы тарихи қозғалыстың болуына негізделеді, сонымен қатар қазіргі уақыт контекстінде өткенге көз жүгіртуді де талап етеді. Бұл өзара ықпалдастық жиынтығы белгілі бір семиотикалық мәдени кеңістікке енеді, сол кеңістікте кемеңгер ақын тұлғасы уақыт өте келе типтенеді, тарихи динамика заңдылығына орай архетиптік белгілерді иеленеді: ақын тұлғасы өзі тудырған туынды кейіпкерлері тәрізді символдық, мифологиялық, демифологиялық мәнге ие болады, кейін қайта ремифологиязацияланады.

Әдеби туынды кейіпкері және белгілі бір сюжеттік-типологиялық әмбебаптар XX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттануда жете зерттеле бастады. Ю. М. Лотман анықтамасы бойынша Дон Кихот, Фауст, Дон Жуан – «мәдениеттің мәңгі бейнелері». «Доктор Фауст» деп атайтын мәдени кешен үнемі біздің санамызда жаңғырып тұратын өздері кіріккен тарихи мәдени кешендермен бірге бірнеше мәдени дәуірлер алмасқан соң инварианттылығын сақтайды. Әрбір жеке дәуір үшін ол басқа уақыт тәрізді болып көрінеді. Егер «Фауст түрлі дәуірге ортақ бейне» деген мәселені алып қарасақ, оның инварианттылығы арта түседі, сөйтіп Фаусттың неміс халық кітаптарымен, Марло, Гете және Т. Манн туындыларымен үйлесімсіздігі айқын көріне бастайды. Бұл тұрғыдан қарағанда, синхронды мәдени кешеннің органикалық бөлігі ретінде оның мәдени белсенділігі артады» [1, 616]. Ғалымның айтуы бойынша мұндай бейнелер «мнемониялық қасиеттерге» ие: жазушы сомдаған әрбір келесі бейне өзіне дейінгінің «көшірмесі» іспетті. Шынайы тұлға да «өзіне дейінгі кешен туралы жады» бола алады, уақыт өте келе ақын немесе жазушы тұлғасы символдық мәнді иеленеді, Ю. М. Лотман Лев Толстой бейнесінің көзі тірісінде символдық мәнге ие болуын осылай түсіндіреді. А. Ф. Лосев «Миф диалектикасы» еңбегінде: «Кез келген тірі тұлға белгілі бір деңгейде миф» [2, 99]–деп тұжырымдайды, қоғамдық сана тұлғаны ұғыну мен рәсімдеу арқылы оған мифологиялық мән үстейтіндігін қадап айтады: «Тек бір нәрсеге баса мән беру керек, кез келген заттың мифтілігі оның таза заттық сапалығына қатысты емес, мифтік салаға қатыстылығына, мифтік рәсімделуі мен ұғынылуына байланысты. Сондықтан тұлға «тұлға» болғаны үшін миф емес, оның мифтік сана тұрғысынан ұғынылып, рәсімделуінде. Жансыз заттар, мәселен, қан, шаш, жүрек және басқа да ішкі ағзалар, қырыққұлақ және тағы с.с. мифке

айнала алады, тұлға болғаны үшін емес, тұлғалық-мифтік сана тұрғысынан ұғынылып, құрастырылғандықтан» [2, 99].

Бұл жұмыста алғаш рет қазақ әдебиеттануындағы ақын архетипінің тууы мен қалыптасуын шынайы (әдеби емес) тұлға мысалында қарастыру қолға алынды. Сондай-ақ «ақын архетипі» ұғымы мәдени кеңістіктегі динамикалық өзгермелі модель ретінде қарастырылады. Бұл К. Г. Юнгтың архетипке ұсынған анықтамасына да, қазіргі әдебиеттанудағы архетип түсініктемесіне де қайшы келмейді.

Ақын архетипі ұғымы аясында бойындағы дара қасиеттерімен бірге символдық, архетиптік қасиеттерге де ие ақын (кемеңгер) тұлғасын уақытқа бағынбайтын мәдениет парадигмасына сыйғызып тұрған танымал кемеңгер тұлға танылады. Осылайша, ақын архетипі өз табиғатының екіжақтылығына сәйкес екі позицияда қарастырылады, нақтырақ айтсақ, бастапқы, априорлы қасиеті бар ақын архетипі және белгілі бір тұлғаның өзі бұл архетипке жаңа ерекше қасиеттер үстеуі мүмкін.

Абай Құнанбайұлының (1845–1904) тұлғасы мен шығармашылығы бұл аспектіде ерекше қызығушылық туғызады, себебі, ақын ерте жастан-ақ өз тұлғасына да, тұрмыстық жағдаяттарға да өзі мифологиялық мән үстеген, бұл оның шығармашылығынан айқын көрінеді. Осы себепті оның жеке «мені» шығармаларында автомифтік сипатқа ие, ал оның кемеңгер ақын бейнесі типтеліп, архетиптік сипатты иеленген. Мұның бәріне Абайдың өзі зор үлес қосты.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі әдебиет тарихы, психология, семиотика салаларындағы классикалық еңбектерге сүйенген. Жұмыста ақын архетипі концепциясын түзуде семиотикалық тәсіл қолданылғандықтан көп жағдайда Ю. М. Лотман, В. Н. Топоров, Р. Барт еңбектеріне сілтеме жасалды. Зерттеу барысында әдеби шығармашылық «әлеуметтің ұжымдық генетикадан тыс жадысы» болып табылатын әмбебап жүйе ретінде қаралады, бұл тұрғыдан ол осы жұмыстың негізгі бөлігін құрайтын К. Г. Юнгтың идеяларымен үндес келеді.

Аналитикалық психологияның негізін қалаушы К. Г. Юнг, зерттеушілер М. Бодкин, Н. Фрай еңбектеріне жүгінген кезде олардың әдебиеттанудағы «архетип» және «ұжымдық бейсаналық» терминдерінің түсінігіне баса назар аудардық. Архетип ұғымының әдебиеттегі қолданысы жайлы сөз қозғағанда С. С. Аверинцев, Е. М. Мелетинский, В. Б. Мириманов, сондай-ақ А. Ю. Большакова мен В. Г. Зусманнның теориялық еңбектері негізге алынды.

Нәтижелер мен талқылау

1910 жылдары Юнг негізін қалаған архетиптер теориясы бастапқыда кесімді тұжырым болмады, бірақ оның қалыптасуының бірнеше кезеңдерін

атап өтуге болады. Швейцарлық психоаналитик бірнеше анықтама берді және олар терминологиялық тұрғыдан бірінен бірі тым алшақ жатыр. 1912 жылы ұжымдық бейсаналық теориясын ойлап таба отырып Юнг архетиптер дегеніміз науқастардың бейсаналық өмірінде пайда болатын ілкі (бастапқы) бейнелер деген болжам айтқан. 1917 жылы Юнг архетиптерді адамға әсер ететін басымдық мәнге ие, өзіндік ерекшелігі жоқ «конструкт» деп бағалайды. Ал 1919 жылы ол алғаш рет архетип термині туралы («Инстинкт және бейсаналық» мақаласы, 1919) оның мазмұны басты мәнге ие емес екенін (өзгеріске бейім және өзгеруі тиіс), басты мәнге ие оның бейсаналық бейнесі, сыртқы моделі екенін атап көрсетеді. Мұндай эмоциямен «қуаттанған» бейне киелі әрі психологиялық энергияға ие болады. Мұндай энергиясы бар ол кез келген адаммен эмоция арқылы өзара ықпалдастыққа, қозғалысқа түседі.

1934 жылы «Eranos Jahrbuch» альманахында Юнг «Ұжымдық бейсаналық архетиптері туралы» атты мақаласын жариялайды. Онда ол кешігіңкіреп болса да бұл терминдердің астарында қандай ұғым жатқанын, архетип түсінігінің тарихын, көптеген мистикалық-алхимиялық трактаттарда бұл сөзге ұқсас ұғымдар кездесетінін, дәлірек айтсақ, Гермес Трисмегисттің «Tractatus aureus», Вегенерустың «Tractatus de igne et sole» еңбектерінен табуға болатынын кеңірек сөз етеді. Осыған ұқсас ойды Филон Александрийскийден жолықтыруға болады. Ол архетип ұғымын адамдағы құдайлық негіздің сипаты туралы («*imago Dei*») айтқанда сөз етеді, сонымен қатар осыған жақын ой Дионисия Ареопагитте де бар. Юнгтың пікірінше, материалдық емес, бейнелілік архетиптерді туыс етеді, ол Платонның эйдос туралы іліміне сүйенеді: «архетип Платонның эйдосына түсінік беретін дүние» дейді ол. Эйдос дегеніміз толық түсінуге болмайтын мән, ол үнемі біздің санамызға ұғынықты бола бермейді.

«Персона» архетипіне баса назар аударған жөн, Юнг оған ерекше қасиеттер тән деп біледі, мұндай қасиеттерді атақты кемеңгер тұлғаның бойынан кездестіруге болады. Юнг бойынша тұлға идеал бейне; адам тұлға болып қалыптасу барысында ұжымдық, қоғамдық сипатты пайдаланады. Кез келген тұлғаның екі қыры болады: бейненің сыртқы болмысы (ұжымдық психика негізінде қалыптасқан) және ішкі әлем – даралық қасиет. Персона архетип ретінде ішкі мәнді ғана білдірмейді, сонымен қатар қоғаммен диалогта айырықша рөл атқарады, сөйтіп белгілі бір ойын үдерісіне де қатысады. Персона архетипі сөздің этимологиясы айтып тұрғандай «ұжымдық психиканың бетпердесі ғана» деп жазады Юнг [3, 183]. Тұлғаны талдай келе біз оның бетпердесін шешіп, даралық деп жүргеніміздің шын мәнісінде ұжымдық екеніне көз жеткіземіз. Осылайша, швейцарлық психоаналитик біршама күрделендірілген кейіпте болса да тұлға тек екітүрлі сипатта – дара және қоғамдық (бұл жайлы одан кейін де К. Г. Карустан

бастап Г. Олпортқа дейін де айтқан) ғана емес, сонымен қатар индивидуум мен әлеумет арасындағы ортақ мәміле екенін көрсетті.

Өзінің тұлға туралы пайымдауларында Юнг оны жиі «идеал бейне» деп атайды. Көне Грек заманынан бері тұлға адамзат жетістігінің ең шыңы саналады. Ал Юнг жеке тірі болмыстың табиғи дара қасиеттерінің көрінуін тұлға деп қарастырады. Кемеңгерлерден ерекше байқалатын бұл даралық ақын архетипі моделінің пайда болуына да себепкер бола алады, бұл жағдайда дара ерекшелік қоғамдық санаға әсер етеді; кемеңгердің шығармашылық және «мінез-құлық кодын» қабылдай отырып, көпшілік өз санасында осы тұлғаның архетипін модельдейді. Біртекті семиотикалық мәдениеттер кеңістігі моделінде ақын архетипі үнемі қозғалыста болады: кемеңгердің туа бітті қасиеттері, оның ішкі, дара сипаттары қоғамға әсер етеді, ал сол қоғам өз кезегінде осы әсерді қабылдай отырып, оның жаңа қырын танып, тұлғаны қабылдау үшін санасында өз «кодтарын» тудырады. Бара-бара тұлғаның ішкі дара дауысы әлеуметтің, қоғамның дауысынан ығысып шығады. Осылайша, тұлғаның даралану жолы екі түрлі өзгеріске ұшырайды: бастапқыда «өзіндік «өздің» қалыптасуы», тұлғаның өзіндік қалыптасуы болса, кейін жеке тұлғадан «қоғам дауысы», қоғам нені талап етсе соған сай тұлғаның сыртқы бейнесінің «өзіндік ыдырауы» орын алады. Мұнан шығар қорытынды, уақыт өте келе ақын архетипі моделінің ішкі мазмұны өзгеруі мүмкін, тіпті өзгеруі тиіс, ал сыртқы болмысы өзгеріссіз қала береді.

Юнг архетиптің қозғалыстағы бейне екеніне және ол ұжымдық бейсаналықтың бір бөлігі екеніне үнемі назар аударады. Сонымен қатар ғалым архетиптің «қалыптамалық», бастық қасиетіне назар аударған болатын. Архетип белгілі бір мазмұнға ие деген жалған пікірді қайта-қайта еститін болдық. Ал ақын архетипі моделінің ұжымдық бейсаналықпен байланысы барлығы ап-айқын. Міне осы жайт ақын архетипінің қалыптасуына және оның бейнесінің мифологиялануына ерекше әсер етеді.

Юнгтың арқасында «архетип» 1930 жылдан бастап ғылымның түрлі салаларына жол тартты және әдебиеттану, мифтік сында және семиотикада ойып тұрып орын алды.

Әдебиеттегі архетип мәселесіне семиотика тұрғысынан қарау Ю. Кристева, Ц. Тодоров пен Р. Барт еңбектерінде көрініс тапты. Барт қазіргі заманда кез келген зат немесе бейне бірден суггестивтік қасиетті иемдене алады дейді. Осылайша, «Мифологиядағы» Грета Гарбо бет бейнесі» (1957) очеркінде ол Грета бет-жүзі құпия сарынын жасырмайды, «бет-жүз сарыны – архетипті жасырады. Өз көрермендеріне Гарбо адамзаттық болмыстағы платон идеясын жеткізеді, оның жүзінің жыныстық белгісі айқын емес, бірақ мұның астарында екіұшты ой жатқан жоқ» дейді. Р. Барт алғашқылардың бірі болып шынайы тұлға туралы түсінікті көрсетті және енгізді, оның пікірінше

тұлға мифологияланып, архетип белгілерін иеленеді, сөйтіп архетиптік тұлға болып шығады.

Әдебиеттанушы А.Ю. Большакованың «Әдеби архетип» мақаласында [4] бұл терминнің XX-XXI ғғ. өзгеруі мен әдебиеттің екі категориясына басымдық беретіні анық көрсетілген. Олар: 1. Тұлға архетипі (Пушкин, Гете, Байрон), бұлардың қатарына әдеби кейіпкерлер архетипі де жатады (Дон Кихот, Гамлет); 2. Сарын, сюжет тіпті, «кеңістік архетипі» (Н. Фрай).

Осылайша, архетиптің теориялық және тәжірибелік мәніндегі бұл екі бағыт белгілі бір құрылым ретінде әдебиеттануда мойындалды және қазіргі ғылымда белсенді қолданыста.

Ғалым К. Г. Юнг пен оның ізбасарларының концепциясына сәйкес архетип ғайыптан пайда болмайды. Ол ең алдымен адамзаттың ұжымдық бейсанасында туады.

Ақын архетипі бір жағынан алып қарағанда (бұл оның басты ерекшелігі) архетип болып уақыт өте келе қалыптасады, тұлғаның көзі тірісінде архетип болуы сирек кездесетін құбылыс, көбінесе өлімінен соң жүзеге асады. Ақын тұлғасы архетипке тән барлық сатыдан өтуі тиіс: символдану, аңызға айналу («аңыз адам»), көпшіліктің санасында жатталып қалу, визуализацияға бейімділік, суггестивтік қасиеттерге ие болу. Шын мәнінде тұлғаның символдануы мен мифологиялануының бастапқы кезеңінде тұлғаның архетипке айналуына, дәлірек айтсақ, «ақын архетипінің» қозғалмалы моделін тудыруға себепкер болатын мынадай факторларды атап өтуге болады: 1. автобиографизм, кей жағдайда дара мифтік шығармашылық; 2. иконография – көзі тірісіндегі портреттер, мүсіндер, карикатуралар; 3. замандастарының куәлігі, сондай-ақ тұлғаның шығармашылығы мен мінез-құлқы туралы қоғамның қабылдауы мен түсіндіруі, яғни рецепциясы. Бұл кезеңде екі «бастапқы» архетип қалыптасады: вербалды және визуалды. Ақын тек өзінің өмірбаянын жасап қана қоймайды, сонымен қатар көркем туындыда өз өміріндегі оқиғаларды қайта жаңғыртып, жеке тәжірибесінен үстеп отырады. Сол арқылы дара және типтік дүниеге архетиптік және жалпылық сипат береді.

Ақын архетипінің қалыптасуының екінші аспектісі – бұл иконография, көбінше, көзі тірісіндегі суреттер. Бұл аталған критерийлердегі ақын архетипінің негізгі ерекшелігі: ол о баста бірден пайда болмайды, біртіндеп туындап, қоғам санасында беки түседі. Басқаша айтқанда, жеке мифтік шығармашылық көмегімен, бейнені көру арқылы, өз туындысы арқылы символдық мән үстеп, символдық тұлға архетипке айналады.

Ақын архетипінің ары қарай дамуы бір жағынан қоғамдық санада тұлғаның архетиптік образының бекіп қалуынан болса, екінші жағынан сол бейненің белгілі бір уақыт аралығында қоғамның қызығушылығын

тудыратын ішкі аспектілерінің өзгеруінен болады. Әлеуметтің идеологиялық ерекшеліктері ақын архетипінің ішкі белгілерін айқындайды, ал оның сыртқы құрылымы өзгеріссіз қалады. Әрбір маңызды жаңа зерттеу архетиптің ішкі құрылымының жаңа қырын ашады. Концепциялар саны артады, жаңа өмірбаяндар жазылады, пікірталастар туындайды – мұның бәрі ақын архетипінің ішкі болмысының кеңеюіне жол ашады. Сөйтіп, ол қайта қарауға, демифологиялануға, десакралдануға ұшырайды, ішкі «кодтар» ғана емес, қоғамның көзқарасы, ақын архетипінің суггестивтік қуаты өзгереді. Оның пішіні, шартты түрде айтқанда, оның «ойбағамдық», визуалды бейнесі өзгермейді.

Мәселен, қазақ қаламгерлері Абайға арналған туындыларында Абайды әр түрлі бейнеде суреттей бастады. Яғни әр ақынның танымында Абайдың өзіндік бейнесі қалыптасты.

Ахмет Байтұрсынұлы Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп таныса, Мағжан Жұмабаев «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» өлеңінде Абайды «Хакім» деп бағалайды:

«Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес» [5, 16].

«Ислам» энциклопедиялық анықтамалығында «хакім» сөзіне төмендегідей анықтама берілген: «Хакім – әртүрлі ғылымды меңгерген, сол ілімімен адамға ізгі қызмет қылуды мақсат еткен ғұлама. Орта ғасырларда хакім атауы даулы мәселені шешуші тәуелсіз төреші мағынасында қолданылады. Абай «38 кара сөзінде» хакім ұғымын жан-жақты талдағандықтан, қазақ философиясында хакім ізгілікті ғұлама адамның сипаты ретінде анықталады» [6, 517]. Мағжан Жұмабаев Пайғамбарларға, әулиелерге, хакімдерге тән әділеттілік, шапағаттылық, ғылымды сүю сияқты ізгі қасиеттердің Абайдың өз бойынан табылатындығын өз өлеңі арқылы танытып тұр.

Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Асыл сөз» өлеңінде «асыл сөзді іздесең, Абайды оқы» деп, Абайдың шығармашылығын тереңірек тануға шақырады:

«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе» [7, 131].

Ақын Абайды оқу арқылы тек асыл сөзді ғана емес, адам болуды да үйренесің деп Абай сөзінің құдіретіне бас иеді:

«Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге» [7, 131].

Ал, Жамбыл Жабаев «Абайдың суретіне» атты өлеңінде Абайды өлеңіменен мәңгі жасайтын «өр» тұлғаға теңейді:

«Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
 Өлең – сөздің ұқсаған құдіретіне.
 Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
 Өр Абайдың төтеген кім бетіне?
 Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
 Өлеңменен өлмейтін салған тұсқа» [8, 87].

Ақын архетипіне уақыт пен кеңістік факторларының да маңызды әсері бар. Бұл модель панхронды, оның әсері де қатаң уақыт межесіне бағынбайды. Семиотикалық мәдени үдерісте ақын архетипі «тыныш» қала алмайды, ол тарихи, рухани, мәдени, әлеуметтік және т.б. позицияларда үнемі талқылауда болады. Қоғамның реакциясына ұшыраған қандай да бір өзекті архетиптің өткені мен болашағы жайлы ой-пікірлер айтылады. Ақын архетипі моделінің өзгерістері оның мәдени кеңістіктегі өткені мен болашағында көрінеді. Бүгінгі күннің пікірлерінен ақын архетипінің болашақтағы бағасы айқындалады, бірақ мұны да тура түсінбеген абзал, ақын архетипінің ерекшеліктерін тануда келер ұрпақ қандай жолды таңдайды, өз уақытына сай нені өзекті, нені ескі деп таниды – ол беймәлім. Ақын архетипі моделі болмыстың экзистенциалды заңдарын бұзуға бейім екені күмәнсіз, себебі ол тек бүгіннен болашаққа ұмтылмайды, өткенге де оралады. Мәдениеттің семиотикалық кеңістігіндегі ақын архетипінің өткені де өзгермелі, бүгінгі күні зерттеушілер үшін ақын архетипі болмысының қай қыры қызықты әрі оған қандай түсінік беріледі, түрлі фактілер қалай «модельденеді» мұның бәрін болжап айту да мүмкін емес. Сондай-ақ қазіргі ақын архетипіне болашақтың тигізер әсерін де болжап айтуға болады, кеменгер адамдардың өз болашағын тек болжап қана қоймай, оны саналы түрде бағдарламалау оқиғалары да кездеседі. Шартты түрде айтқанда, өзінің болашағын «жақсы түсінген» ақын оны модельдеуге тырысады, сол арқылы болашақ ұрпаққа қуатты суггестивті нұсқау береді, мұның айқын мысалы Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі. Осы өлеңінде ақын:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
 Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
 Көкірегі сезімді, тілі орамды
 Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
 Бұл сөзді тақсыр ұқпас, талапты ұғар,
 Көңлінің көзі ашық, сергегі үшін.
 Түзу кел, қисық-қыңыр, қырып келмей,
 Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
 Шүу дегенде құлағың тосаңсиды,
 Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
 Таң қаламын, алдыңғы айтқанды ұқпай,

Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.
 Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,
 Мұнда жоқ алтын иек, сары ала қыз.
 Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
 Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
 Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз,

Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» [9, 93]. Осылайша, ақын өз өлеңінің болашақта қазақ халқының бойтұмарына айналатынын болжайды.

Болашақты болжау, профетизм – кейбір кеменгерлердің бойынан ғана кездесетін сирек қасиет: олар тек болашақты ғылыми немесе тарихи-көркемдік позициядан көріп қана қоймайды, сонымен қатар қоғамдағы рухани-әлеуметтік өзгерістерді болжай алады, міне, осындай қасиеттер оларды және олардың туындысын мәңгілік етеді.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келе, ақын архетипіне тән және оның мәдени кеңістіктегі уақытқа бағынбайтын, өзгермелі ғұмырын қамтамасыз ететін басты қасиеттерді атап көрсетуге болады. Ақын архетипі мынадай қасиеттерге ие:

1 Символизация. Символдық мән үстеген тұлға мифтік категорияға ауысады, уақыт өте келе аңызға айналады.

2 Мифогендік – символизацияның нәтижесі.

3 Көнелік, қайталанып отырады.

4 Динамикалық даму, өзгеріс. Ақын архетипі кристалл тәрізді ішкі мәні әрдайым құбылып, жаңа қырынан көрініп тұрады.

5 Ішкі өзгеріске бейім болғанымен сырты тұрақты.

6 Уақытпен шектелмейді. Болмыстың экзистенциалды заңдарын бұзуға бейім, панхронды.

7 Суггестивтік. Иландыру сипаты. Кеменгер тұлғалар нуминозды – қоғамға күшті рухани-эмоционалдық әсер береді.

Пассионарлық суггестивтіктің нәтижесі – қоғамдық сананы идеялармен игеріп, адамдарды соңынан ерте білу.

Ақын архетипінің аталған қасиеттері мен зерттеудің көрсетілген аспектілері мынадай тұжырымдар тудырады:

1 Ақын архетипі өзгермелі құрылым, оның ішкі мазмұны тарихи динамика заңдылығына бағынады, жоғарыда аталған қасиеттерге негізделген.

2 Абай тұлғасы көзі тірісінде-ақ жеке мифтік шығармашылық арқасында архетиптік қасиеттері бар автомиф белгілерін игеріп, символданған.

3 Мәдени кеңістікте ақын архетипі моделі семиотикалық тепе-теңдік әсері – қоғамның рецепциясы, сыни бағалау, кеменгер туындыларында суреттелген өмірбаяндық деректерден туындаған панхрондық өзгеріске бейім.

4 Абай өзіне «тарихи» тұрғыдан қарап, өзінің шығармашылығы мен автобиографиялық материалдарында көрініс тапқан кемеңгер ақынның өзгеруі-қалыптасуы туралы зерттеушілер үшін уақытқа бағынбайтын парадигма қалыптастырды.

5 Ақын архетипін визуализациялау Абай үшін келер ұрпаққа өз бейнесін модельдеуде маңызды рөл атқарды.

Осылайша, Абайдың тұлғасы мен шығармашылығының негізінде «ақын архетипі» ұғымы айқындалып, сараланды.

Қорытынды

Ақын архетипі уақыт аралығында өзгереді, адамзаттың ұжымдық жадысында сақталады. Жады белгілі бір деңгейде креативті, яғни ол қоғамдық санадағы ақын архетипінің негізгі аспектілерін тудырып, өзекті етеді. Өзектілігі артқан ақын бейнесі символдық мән иеленеді, анығын айтқанда, бұл үдеріс үздіксіз жүріп отырады, уақыт өте келе мифологиялану белгілері байқала бастайды.

Ақын архетипінің қалыптасуында миф маңызды рөл атқарады. Миф теориясының қазіргі зерттеушілерінің айтуы бойынша мифтік шығармашылық «... алуан міндеті бар мәдениеттегі түрлі инкарнацияларға, тарихи өрістеуге бейім рухтың ерекше арнайы қызметі. Мифтік шығармашылық адамның тіршілік амалының кейбір іргелі қарым-қатынастарынан үнемі көрініп отырады және мәдени әмбебаптық сипатқа ие. Сондықтан ежелгі мифтердің құпиясын тану үшін өткенге ғана емес, қазіргі уақытқа – қазіргі сананың ерекшеліктері мен мифологиялық емес құрылымына көңіл аударған жөн» [10, 27]. XX ғасырда миф шынайылық қасиетін иеленді. Ол «қиялдық», «ерекше» сипаттардан арылған, шынайы оқиғалар, шынайы тұлғалар адамзатқа оның ұжымдық санасында символданып, мифологиялануға болатынын көрсетті. Миф біздің болмысымызды көркем бейнелейді, мәдениеттің уақытқа бағынбайтын контекстінде өзінің дара қасиетін жоғалтып, рецепция көмегімен өзін-өзі мифологиялауға, типтеуге, суггетивтік пен басқа да архетиптік белгілерді иемденіп, ақынның тарихи тұлғасына символдық мән үстейді. Сонымен қатар, мифтік болмыстың поэтизациясы (нақтырақ айтсақ – символизациясы) ретінде «адамзат руханилығының көне пішіні» екенін жоққа шығара алмаймыз [10, 444]. Символдар астарында бастапқы бейне, идеал ілкі бейнелер, бейнелеулер жатады.

Уақыт, әдеби-тарихи әдістер, ақынның шығармашылық мұрасын зерттеу, оның өмірбаяны бізге оның болмысын тануға, ашуға көмектеседі. Көптеген бейнелеулер, символ-бейнелер арқылы біз кемеңгер ақын архетипін танып, біле аламыз.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Лотман Ю. М. Семиосфера. – СПб: «Искусство-СПб», 2000. – 704 с.
- 2 Лосев А. Ф. Диалектика мифа. – М.: Мысль, 2001. – 558 с.
- 3 Юнг К. Г. Психология бессознательного. – М.: «Когито-Центр», 2010. – 352 с.
- 4 Большакова А. Ю. Литературный архетип // Литературная учеба. – 2001. – №6. – С. 169–173.
- 5 Жұмабаев М. Шығармалары. 1-том: Өлеңдер, дастандар. – Алматы: «Жазушы», 2013. – 376 б.
- 6 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 592 б.
- 7 Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. – Алматы: «Жазушы», 1987. – 160 б.
- 8 Жабаев Ж. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы Press.kz», 2014. – 288 б.
- 9 Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жазушы», 1986. – 304 б.
- 10 Найдыш В. М. Философия мифологии. От античности до эпохи романтизма. – М.: Гардарики, 2002. – 554 с.

References

- 1 Lotman Yu. M. Semiosfera [Semiosphere]. – St. Petersburg: «Art-SPb», 2000. – P. 704.
- 2 Losev A. F. Dialektika mifa [Dialectics of myth]. – Moscow: Mysl, 2001. – P. 558.
- 3 Jung K. G. Psikhologiya bessoznatel'nogo [Psychology of the unconscious]. – M.: «Kogito-Center», 2010. – P. 352.
- 4 Bol'shakova A. Yu. Literaturnyy arkhetyip [Literary archetype] // Literary studies. – 2001. – № 6. – P. 169–173.
- 5 Jūmabaev M. Şyğarmalary. 1-tom: Öleñder, dastandar [Works. Volume 1: Poems, sagas]. – Almaty: «Jazuşy», 2013. – 376 p.
- 6 İslam. Ensiklopedialyq anyqtamalyq [Encyclopedic reference]. – Almaty: «Aruna Ltd.» JŞS, 2010. – 592 p.
- 7 Toraiğyrov S. Saryarqanyñ jañbyry [Rain of Saryarka]. – Almaty: «Jazuşy», 1987. – 160 p.
- 8 Jabaev J. Şyğarmalary [Works]. – Almaty: «Nūrly Press.kz», 2014. – 288 b.
- 9 Abai. Eki tomdyq şyğarmalar jinağy. Birinşi tom. Öleñder men poemalar [Collection of works in two volumes. The first volume. Poems and sagas]. – Almaty: «Jazuşy», 1986. – 304 p.

10 **Naydysh V. M.** *Filosofiya mifologii. Ot antichnosti do epokhi romantizma* [Philosophy of mythology. From antiquity to the era of Romanticism]. – М.: Gardariki, 2002. – P. 554.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*М. С. Оразбек¹, *М. Амангазықызы², Ж. Секей³*

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

²Евразийский гуманитарный институт, Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

³Alikhan Bokeikhan University, Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

АРХЕТИП «АБАЙ» В ТВОРЧЕСТВЕ КАЗАХСКИХ ПОЭТОВ

В данной статье уточняется и дифференцируется понятие «архетип поэта» на примере личности и творчества Абая Кунанбаева. В настоящей работе впервые рассмотрены зарождение и формирование архетипа поэта в казахском литературоведении на примере реальной (а не литературной) личности. Понятие «архетип поэта» понимается как некая динамическая изменяемая модель, существующая в культурном пространстве. Данное положение не противоречит определением К. Г. Юнга и современным трактовкам архетипа в литературоведении.

Под архетипом поэта понимается некая выдающаяся гениальная личность, которая, в силу присущих ей индивидуальных качеств, может обладать рядом символических, архетипических свойств, помещающих личность поэта (гения) во вневременную парадигму культуры. Архетип поэта, таким образом, рассматривается с двух позиций, обусловленных двойственностью его природы, а именно: наличием неких исходных, априорных свойств и качеств в архетипе поэта, и вместе с тем – возможностью привнесения самой личностью новых особенностей в этот архетип.

Таким образом научно-практическая значимость работы состоит в уточнении и дифференциации понятия «архетип поэта» на примере личности и творчества Абая Кунанбаева, в дальнейшем использовании материалов исследования для анализа философско-эстетических проблем художественного наследия великого поэта. Предложенная концепция архетипа поэта может использоваться в вузовских спецкурсах и семинарах при оценке рецепции творчества писателей.

Ключевые слова: архетип, архетип поэта, модель архетипа поэта, казахская поэзия, образ Абая.

*M. S. Orazbek¹, *M. Amangazykyzy², Zh. Sekey³*

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

²The Eurasian Humanities Institute, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

³Alikhan Bokeikhan University, Republic of Kazakhstan, Semey.

Material received on 08.09.22.

THE ARCHETYPE «ABAY» IN THE WORKS OF KAZAKH POETS

This article clarifies and differentiates the concepts of the «archetype of the poet» by the example of the personality and creativity of Abay Kunanbayev. In this paper, for the first time, the origin and formation of the archetype of the poet in Kazakh literary studies is considered on the example of a real (and not literary) personality. The concept of the «archetype of the poet» is understood as a kind of dynamic changeable model existing in the cultural space. This provision does not contradict the definition of C. G. Jung and modern interpretations of the archetype in literary studies.

The archetype of the poet is understood as a certain outstanding genius personality, which, due to its inherent individual qualities, may possess a number of symbolic, archetypal properties that place the personality of the poet (genius) in the timeless paradigm of culture. Thus, the archetype of the poet is considered from two positions due to the duality of his nature, namely, the presence of some initial, a priori properties and qualities in the archetype of the poet, and at the same time – the possibility of introducing new features into this archetype by the personality itself.

Thus, the scientific and practical significance of the work consists in clarifying and differentiating the concept of the «archetype of the poet» on the example of the personality and creativity of Abay Kunanbayev, in further using the research materials to analyze the philosophical and aesthetic problems of the artistic heritage of the great poet. The proposed concept of the archetype of the poet can be used in university special courses and seminars when evaluating the reception creativity of writers.

Keywords: archetype, archetype of the poet, model of the archetype of the poet, Kazakh poetry, image of Abay.

<https://doi.org/10.48081/VYLR5379>

***А. Н. Сарбасова**

КИМЭП университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

МЕДИАМӘТІНДІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ІЗДЕНІС ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ТАЛДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Мақалада іскерлік қазақ тілі курсына медиамәтінді шығармашылық-ізденіс технологиясымен талдаудың жолдары талқыланады. Қазақ тілді мектепті бітірген студенттердің өз ана тілінде пікірін жеткізе алмауының, мәтін талдап, мағынасын жете түсінбеуінің кейбір себептері анықталады. Студенттер арасында қазақ тілінің қарым-қатынас деңгейінің төмендігі сауалнама арқылы нақтыланып, ресми тілді дамыту мақсатында экономикалық, әлеуметтік тақырыптағы медиамәтінді талдау ұсынылады. Жоғары оқу орнындағы іскерлік қазақ тілі курсына сипаттама беріліп, мақсаты түсіндіріледі. Болашақта бәсекеге төтеп беретін көптілді маман дайындауда іскерлік қазақ тілі курсының маңызы бар екені дәлделденеді. Іскерік тілді жетілдірудің бір жолы – мәтінмен жұмыс екенін ескере отырып, курста қолданылатын медиамәтіндер таңдалынып алынады және медиамәтінді талдаудың өзіндік жүйесі ұсынылады. Мәтін талдау проблемасын шешудің жолын анықтау үшін мәтіннің түрлері мен түсіну кезеңдеріне тоқталамыз. Іскерлік қазақ тілінде оқытудың жаңартылған технологиясы ретінде шығармашылық-ізденіс технологиясының қолданысы талданады. Шығармашылық-ізденістің зерттелуі қысқаша баяндалып, технологияға сәйкес талаптары нақтыланады, бірнеше әдістеріне түсініктеме беріледі. Әдістердің медиамәтінді талдау барысындағы қолданысы практикалық тапсырмалармен дәлделденеді. Медиамәтінді талдау барысында студентте қалыптасатын іскерлік дағдылар мен құзіреттіліктерге қорытынды жасалады.

Кілтті сөздер: медиамәтін, іскерлік қазақ тілі, шығармашылық-ізденіс технологиясы, инверсия әдісі, лабиринт әдісі, функционалды оқылым

Кіріспе

Қазіргі ақпарат алмасудың қарқынды кезеңі жоғары оқу орындары студенттерінің ақпаратты қабылдау, түсіну, жеткізу әрекеттеріне өз әсерін тигізеді. Шет тілін меңгеріп, тәжірибе алмасып, алдыңғы қатарлы шетелдік оқу орындарында білім алу – болашақ мамандар үшін маңызды әрекет. Халықаралық деңгей тілін меңгеру арқылы әлемді танымыз, озық технологияны түсінеміз, дамыған елдермен еркін байланысамыз. Осындай мақсатты алға қойып елімізде үштілді білім алу үдерісі енгізілді және ол өз нәтижесін беріп келеді.

Шетелдік білім стандартына сай құрылған оқу орындарында студенттердің білім алу тілі – ағылшын тілі. Барлық сабақтың оқу тілі ағылшын болғандықтан, оқитын ақпарат көздері де ағылшынның ақпарат құралдары мен оқулықтары. Бұл студенттің ағылшын тілді маман болуына ықпал етіп, жұмысқа орналасуына көмегін тигізгенімен қазақ тілінде ресми қатынас жасауына әсер етеді.

Отандық студенттердің шетелдік студенттермен байланысу тілі – ағылшын немесе орыс тілдері болып, нәтижесінде қазақ тілінің қолданысы шектеледі.

Соңғы жылдары әлемде болып жатқан пандемия әсерінен қашықтан білім алу үрдісі жақсы дамыды. Қашықтан сапалы, қызықты білім алудың негізі – түрлі компьютерлік платформалардың ағылшын немесе орыс тілінде болуы. Қашықтан оқу платформаларын өзге тілде меңгерген студентке ағылшын, орыс тілінде қарым-қатынас жасау әлдеқайда оңайырақ. Аталған айғақтардың барлығы студенттің еріксіз өзге тілде қарым-қатынас жасауына әсер етеді.

Он бір жыл бойы елімізде қазақ тілінде білім алып, отбасында қазақша сөйлеп, қазақша ойлайтын студенттердің кейбір бөлігі қазақ тілінде өз ойын нақты жеткізе алмауының себебі неде деген мәселенің бірнеше жағы бар: біріншіден, жоғарыда аталған ағылшын тілді оқу орындарының әсері болса, екіншіден, аралас тілді коммуникативтік ортаның әсері, үшіншіден, қазіргі өзге тілді ақпарат құралдары мен технология әсері деп білеміз.

КИМЭП университетінің Білім беру және гуманитарлық ғылымдар факультеті қазақ тілді мектеп бітірушілерге іскерлік қазақ тілі курсын ұсынады. Курс ресми-іскерік, кәсіби тілді жетілдіруге құрылған. Кәсіби саладағы материалдармен тиімді жұмыс жасауға, өз бетінше жобалар мен презентациялар жасауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдауға, кәсіби пікірталас пен дебаттарға қатысуға, түрлі келіссөздер мен іскерлік қарым-қатынас тілін жүзеге асыруға бағытталған. Курстың мақсаты студенттердің кәсіби салада маман ретінде жатық сөйлей алуын, сауатты жазу мен өз ой-

пікірлерін дәлелді жеткізуге үйренуін көздеп, іскерлік қарым-қатынас тілін жан-жақты меңгерту болып келеді.

Сөйлесім әрекетінің ішінде аталмыш курста оқылым әрекетіне аса назар аударғымыз келеді. Себебі іскери сала бойынша түрлі күрделі мәтіндерді жете түсініп, талдау жасауды студенттер өз деңгейінде жүргізе алмайды. Мысалы, мақаланың мазмұнын, автордың идеясын түсіну; негізгі, қосымша ақпараттарды анықтай білу; мақалаға сыни көзқарас білдіру; өзіндік пікір, баға беру. Аталған проблемаларды шешу мақсатымен медиамәтінді түсініп, талдау жолдарының бірін – шығармашылық-ізденіс технологиясымен жүзеге асырғымыз келеді. Медиамәтінді шығармашылық-ізденіс технологиясы арқылы талдап, студентті оқылым әрекеті арқылы коммуникацияға шығару зерттеу жұмысымыздың мақсаты.

Материалдар мен әдістер

Іскери қазақ тілінде студенттің ойын жеткізе алмауының жоғарыда аталған себептерін нақтылау үшін үш нұсқаның бірін таңдауға бағытталған бес сұрақтан тұратын сауалнама жүргізіп көрдік. Сауалнамаға қазақ мектебін оқып келген 18-21 жас аралығындағы студенттер қатысты. Сауалнама нәтижесі шектеулі, себебі қатысушылар саны аз, сондықтан сауалнама нәтижесі аталған проблеманың нақты сипатын бере алмауы мүмкін. Дегенмен, студенттің іскери қазақ тіліндегі проблемасын анықтауға көмегін тигізді.

Іскерлік қазақ тілі курсына тақырыпқа сай медиамәтіндерді қалай талдауға болады? Талдау барысында шығармашылық-ізденіс технологиясын қалай пайдаланамыз? деген сұрақтар зерттеу жұмысымыздың нысаны болып келеді. Алдымен аталмыш технологияның мәнін ашып алуымыз қажет. Шығармашылық-ізденіс технологиясын оқу процесіне енгізген американдық ғалым Джон Дьюи [1]. Ол проблеманы шешу үшін ойлаудың кезеңдерін нақтылап, тәжірибеге негізделген оқыту идеясын ұсынған. Д. Дьюи «Жұмыс жасау мектебі» идеясын ұсынып, іс жүзінде жүзеге асырды, бұл мектепте оқу жағдайы оқушылар білімінің жасырын және айқын көрінісін бақылаудан және реттеуден басталып, пәнді меңгерудің жаңа тәсілдерін жүйелі түрде түсіндірумен жалғасқан. Ресей педагогикалық практикасында М. Махмутов [2], А. Матюшкин [3], И. Лернер [4], оқу процесіндегі проблемалық оқыту мәселесін дамытты. Проблемалық оқытуды студенттерге проблемалық жағдай туғызатын сұрақтарды қоя білу, пайда болған проблемаға болжамдар арқылы шешім шығару деп түсіндірді. Проблеманың негізінде шығармашылық ізденіс бар, сондықтан біз зерттеуіміздің бастамасын проблемалық оқытумен байланыстырамыз және басқа да шығармашылық жұмыстардың жүйесін тұжырымдай келе, қазақ тілінде «шығармашылық – ізденіс» деген терминді енгізуді дұрыс деп есептейміз. Шығармашылық – ізденістің оқу процесінде

технология ретінде қарастыруға негіз бар, себебі технология болудың концептуалдық, басқарушылық, тиімділік және қолданыстық талабына сәйкес келеді.

Кез келген ғылым өз бастауын философиядан алатыны белгілі. Тіл мен сананың байланысынан лингвистиканың философиялық негізі анықталады [5].

Лингвистиканың философиялық негізі сананың құрамдас бөлшектеріне жататын ой, эмоция сияқты танымдық көрсеткіштермен тығыз байланысты. Іздену, зерттеу әрекеттері тікелей ойлау процесімен жүзеге асатынын ескерсек, шығармашылық – ізденіс әдістері ойлауға негізделеді. Американдық ғалым, психолог Р. Солсоның «ой – ақпаратты өңдеу процесінің ең іргелі компонентін құрайтын жоғары деңгейдегі танымдық іс-әрекет» [6] деген тұжырымына сүйене келе, ой ақпаратты өңдеуге қызмет атқарса, өңделген ақпарат тіл арқылы жарыққа шығады. Ой арқылы өңделіп, тіл арқылы жарыққа шыққан ақпарат ұғымдарды қалыптастыруға, логиканы дамытуға, шешім қабылдауға, ізденуге, өзін-өзі дамытуға және адамзаттың бүкіл қабілетін, рухани күшін айқындауға мүмкіндік береді. Ой арқылы өңделіп, тіл арқылы жарыққа шыққан ақпараттар моделін білім беру ісімен байланыстырсақ, танымдық оқыту процесі қалыптасады. Сонда танымдық оқыту білім алушылардың ұғымын, ойлау қабілетін, шешім шығару қабілетін, өз бетімен іздену қабілетін, шығармашылық қабілетін дамытуға қызмет атқарады. Жоғарыда аталған шығармашылық ізденістің философиялық және психологиялық тұрғыда негізделуі, ізденудің өзіндік әдіс-тәсілдерінің болуы және оны оқыту процесінде қолдану – шығармашылық – ізденісті оқыту технологиясы ретінде тұжырымдай алады. Ал әдіс-тәсілдерінің болуы, практика жүзінде қолданысқа еніп, оқу процесінде нәтиже беруін нақты мысалдармен дәлелдей аламыз.

Оқытудың шығармашылық-ізденіс технологиясы оқытушының өзіндік, шығармашылық шешімін талап ететін танымдық және практикалық міндеттерді қою арқылы студенттердің ізденушілік, танымдық қызметін ұйымдастыру болып табылады. Шығармашылық-ізденіс технологиясының мәні – ізденісті және білімді қолдануды ұйымдастыру, ғылыми танымның әдістерін іздеу барысында оларды меңгеруді қамтамасыз ету, шығармашылық қызметке қызығушылықты, өздігінен білім алуға қажеттілікті қалыптастыру, ұсынылған тапсырмалардың проблемасын түсінуге көмектесу, проблеманы шешуге бағытталған әдіс-тәсілдерді құру, проблемалық жағдайларды түсінуге және талдауға, проблемалар мен тапсырмаларды жекелеп көрсетуге үйрету. Шығармашылық-ізденіс технологиясының мақсаты – оқытудың кез келген кезеңінде студенттің іздену, зерттеу, сыни ойлау, бағалау, пікір білдіру дағдыларын қалыптастыру. Іздеу, зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін

шығармашылық- ізденіс технологиясының міндеті – жұмыс мақсаттарын қою қабілетін дамыту; берілген жағдаяттың жағдайларын талдау қабілетін дамыту; гипотезаларды алға қою және негіздеу қабілетін қалыптастыру; проблеманы шешуді жоспарлау; нәтижені сыни тұрғыдан талдау; нәтиже мен процесті бағай алу; алгоритмдік талаптарды жасау; жобалау; логикалық жүйелілікке үйрету.

Кез келген технологияның әдіс, тәсілдері болады. Әдіс – оқыту процесінде оқытушының мақсатты оқу жұмысы мен студенттің танымдық іс-әрекетін байланыстырып, білім беру мақсатында негізгі ақпаратты түсіндіру әрекетін жүзеге асыру жолы. Төменде мәтін талдауда қолданылатын шығармашылық-ізденіс технологиясының бірнеше әдістеріне тоқталамыз.

Ассоциация әдісі. Сипаттамасы: қарастырылып отырған объектіге немесе проблемаға мүмкіндігінше жаңа байланыстар құру. Проблема мен ассоциативті объект (мағынасы, ұғымы, бейнесі, сезімі, құбылысы немесе процесі) арасындағы мағыналық байланыстарды құру шығармашылық идеяны қамтитын ұқсастықты табудың құралы болып табылады. Әдісті қолдану ескі байланыстарды үзуге, стереотиптерді жоюға, жаңа идеяларды көрсетуге мүмкіндік береді. *Қызметі:* проблеманың, зерттелетін объектінің барлық мүмкін белгілері мен қасиеттерін анықтау; мәселеге мүлдем жаңа көзқарас қалыптастыру; мәселенің мағыналық кеңістігін кеңейту, күтпеген бейнелер, ұғымдар мен мағыналар алу, жаңа мүмкіндіктерді бөліп көрсету; шығармашылық ойлауды жандандырып, қиялды ояту тәсілі ретінде әрекет етеді. *Құрылымы:* еркін ассоциациялар ұсынылған сөзге ешқандай мағыналық немесе грамматикалық шектеусіз жауап арқылы құрылады. Бұл жағдайда ассоциацияларды сөйлеудің кез-келген бөлігі білдіре алады: зат есім, сын есім, етістік, сонымен қатар тәжірибе, сурет, символ. Бағытталған немесе бақыланатын ассоциациялар белгілі бір шарттармен шектеледі. Мысалы ретінде қарама-қарсы ассоциацияларды құру, сөздердің белгілі бір сөз табынан болуы (зат есім немесе сын есім), белгілер, түстер, атақты адамдардың аттары және т.б. Ассоциация әдісін қолдану барысында ойын, юмор және шығармашылық атмосфераны құру қажет; сынға тыйым салынуы керек; ассоциациялардың өзгеруі тез, икемді және жылдам болуы керек; ойға келген идеялардың барлығы жазылуы керек. *Қолданысы:* ассоциативті әдісті сабақта ой шақыру кезеңінде, материалды жақсы есте сақтау үшін жұмыс процесінде қолдануға болады, мысалы, сабаққа, мәтінге кіріспе ретінде негізгі ойды анықтау үшін, жаңа лексиканы бекіту үшін қолдануға болады.

Инверсия әдісі. Сипаттамасы: (латын тілінен аударғанда *inversio* «аудару; ауыстыру») бағытталған мәселені қарама-қарсы жағынан қарастыру, оны қалаған нәтижеге қарама-қарсы қою арқылы шешу, шешімдерді дәстүрлі көзқарастар мен сенімдерге қарама-қарсы жаңа, күтпеген жолмен іздеу.

Жалпы мағынада инверсия дегеніміз – бұл заттардың қарама-қарсы жағын көру, мәселені соңынан шешу, іс-әрекеттің негізгі бағыттарын, параметрлерін, материалдарды, энергияны, ақпаратты, жұмыс процестерін, формасын, қасиеттерін, уақыт пен кеңістіктің, функциялар мен құрылымның өзгеруі, керісінше әрекет тәсілдерінің өзгеруі. Инверсия әдісі әлемнің құрылымы мен дамуының әмбебап заңдылықтарын бейнелейді, сондықтан оны көптеген философтар, ғалымдар мен өнертапқыштар түсініп, қолданды. «Төңкеріңіз, ішке айналыңыз, ауыстырыңыз – бұл сөздер жаңа идеяларды қалыптастыру үшін қолданылатын инверсия әдісінің мәнін сипаттайды» [7]. *Қолданысы:* проблемаға дәстүрлі көзқарасты өзгертіп, жаңа көзқарастарды табу. Тақырыпқа, проблемаға әрқашан қарсы идея таба білу. Инверсия - бұл қуатты ойлау құралы, өйткені ойлау процедуралары нәтижесіз болған кезде, күрделі мәселелерді шешуде тиімді. Әдісті қолдану проблеманың түпнұсқа шешімдерін табуға және шешімі жоқ жағдайлардан шығудың жолын табуға мүмкіндік береді. *Құрылымы:* мәселені нақты анықтау; оң пікірді теріске, теріс пікірді оңға ауыстыру арқылы немесе оңды негативке ауыстыру арқылы мәселені шешу, мысалы: егер сіз сатылым көлемін арттырғыңыз келсе, оны азайту туралы ойланыңыз. Мәселеге қарама-қарсы көзқараспен қарау арқылы, кері идеяларды беру арқылы өзекті мәселені шешудің жолдарына қадам жасалады. *Қолданысы:* мәселені талқылауда, сабақтың кіріспе, негізгі бөлімдерінде пайдалануға болады.

Лабиринт әдісі. Сипаттамасы: талқылау барысында проблеманың дұрыс, бұрыс шешімдері бірге ұсынылады да сол шешімнің шығу жолдарын іздестіреді. Шешімдер шын және жалған, келісу немесе келіспеу мағынасында да болуы мүмкін. Проблема мен шешімнің ортасында қажет жағдайда кілт сөздерді қоюға болады. Әр түрлі жолдармен, лабиринттермен жүріп, олар проблеманы, мәселені, жанжалды жағдайды шешудің бір немесе бірнеше дұрыс жолдарын анықтайды [8] *Қызметі:* ойды жинақтау, жалғастыру, толықтыру, ұғымдар арасын байланыстыру, мәселенің басқа қырынан қарау. Бұл әрекеттер студенттің белгілі бір мәселені жан-жақты бағалау әрекетін қалыптастырады. *Құрылымы:* тақырыпты талқылау үшін бір проблеманың екі жақты шешімі ұсынылады. Проблеманың көрсетілген шешімдерге жету жолдары талқылау, сызба, кесте арқылы ұсынылады. *Қолданысы:* әдіс бағдарлау жылдамдығын және мәселені шешуге білімді тартуды дамытады. Оны көп айнымалы жағдайларда жылдам және дұрыс бағытты көрсету қажет болған жағдайда, мәселені шешудің бірнеше әдісі мүмкін болған жағдайда қолдануға болады.

Екінші мәселе – іскерлік қазақ тілі курсына медиамәтінді оқыту және мәтінді талдау барысында шығармашылық-ізденіс технологиясы әдістерінің қолданысы. Іскерлік қазақ тілі курсына оқылым материалдарына

тақырыптарға сай медиамәтіндер таңдалынып алынады. Нақтырақ айтқанда «Айқын, Егеменді Қазақстан» газеттерінің мақалалары іріктеліп, кей жағдайда қысқартылып беріледі. Мәтінді толық түсіну үшін мағыналық талдауды пайдаланып, сұрақтармен мәтіннің мазмұнын ашу студентті шығармашылық әрекетке үйретеді. Кез келген оқылым әрекеті түсінудің кезеңдерімен тығыз байланысты. Себебі түсіну кезеңдерінің жүйесін сақтамай, медиамәтіннің мазмұнын түсіне алмаймыз. Ағылшын тілді әдебиеттерді қарау барысында оқылымды түсінудің алты кезеңі қайталанып, түрлендіріліп берілгенін байқауға болады [9]. Онда мына ақпараттарды алға тартады: детальді түсіну, контекстен тыс талдау, автор ойын қорытындылау, болжам, мәтінді қайта құру, бағалау және оқырманның мәтінге көзқарасы, көңіл күйін білдіру [10]. Оқылымды түсіну көрсетімдік, зерделік, танымдық, аналитикалық түрлерімен де байланысты. Аталған оқылым түрлері түсінуді жүйелерге жіктейді де, тапсырма түрлерімен ерекшеленеді. Барлық оқылымның түрлері функционалды оқылымға негізделеді. Функционалды оқылым функционалды сауаттылықпен байланысты, себебі адамның оқу мен жазу дағдыларын социумда (банкте счет ашу, нұсқаулық оқу, анкета толықтыра алу) пайдалана алу қабілетімен түсіндіріледі. Бұл сауаттылық адамға қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға және ортаға жылдам бейімделуге, әрекет етуге мүмкіндік береді. Функционалды оқылым дегеніміз нақты бір тапсырманы орындау барысында мәтіннен ақпаратты іздеу мақсатымен оқу. Бұл оқылым барысында үстірт қарау мен толық зерттеп оқу түрлері қамтылады. Функционалды оқылым дағдысы қалыптасқан студент мәтіннен қажетті ақпаратты бірден түсіне алады, мәтінді қысқартып, өзгерте алады. Искерлік қазақ тілінде медиамәтінді талдау барысында функционалды оқылымды кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

Медиамәтінге кіріспе. Аталған мақсат мәтіналды кезеңде орындалады. Мәтіналды кезеңде алдын ала бақылау, ситуациялық проблемаларды қалыптастыру әрекеттері жүзеге асады. Бұл танымдық проблемаларды анықтауға көмектеседі, мысалы тақырып бойынша медиамәтіннің мазмұнын анықтау, алдын ала қайталауды қажет ететін лексикалық тапсырмалар, медиамәтіннің мазмұны туралы гипотезаларды жазбаша, ауызша анықтау.

Детальді түсіну. Мәтінді толық түсініп, негізгі қосымша ақпараттарын анықтауға бағытталады. Медиамәтінде берілген терминдер, фактілер, уақыт, орын, пікір мәтіннің негізгі, қосымша ақпаратын анықтайтын деталь болып саналады.

Логикалық жүйені сақтау. Детальді түсіну негізінде құрылады. Әр абзацтағы ақпаратты байланыстыру, біріктіру арқылы қосымша түсінгенін толықтырады. Бұл кезең мәтін талдау үшін өте маңызды, себебі сұраққа жауап іздеу үшін студентке мәтінді толық зерттеуге үйретеді. Детальді түсіну,

логикалық жүйені сақтау және болжам – мәтіндік түсіну кезеңі барысында жүзеге асады. Мәтіндік түсіну кезеңде медиамәтіндегі ақпараттарды анықтау, оларды жүйелеу, біріктіру, байланысын анықтау әрекеттері жүзеге асады, мысалы белгілі және жаңа ақпаратты ажырату, түйін сөздерді, анықтамаларды, күрделі мәтіндік пайымдауларды, жаңа сөздерді анықтау, танымдық ақпарат пен иллюстративті ақпараттың айырмашылығын анықтау, мәтінге өз бетінше сұрақ құру, яғни аналитикалық дағды қалыптасады.

Мәтіннен кейінгі кезең түсінудің дұрыстығын анықтауға бағытталады. Реконструкциялық және продуктивтік дағдыға бағытталған бұл кезеңде ақпаратты кодтау әрекеті жүзеге асады. Реконструкциялық дағдыда мәтіндегі ақпарат формасы өзгереді де сол өзгеріске ұшыраған ақпараттар арқылы мәтінді түсіну тексеріледі. Ал продуктивтік дағдыға оқылған мәтіннің негізінде өзіндік туындының (пікір, қарсылық, салыстыру, жаңа ой) пайда болуымен нақтыланады. Бұл кезеңнің мақсаттары:

Автор ойын қорытындылау. Түсінудің күрделі кезеңі, себебі мәтіннің идеясы кейбір мәтіндерде нақты жазылмай, болжаммен тұспалдап беруі мүмкін. Сондықтан бұл кезеңге бағытталған сұрақтарға студент мәтінді толық, детальді оқымай жауап бере алмайды.

Бағалау–мәтіннің мазмұнына, құрылымына, автордың идеясына, кейбір бөліктеріне пікір білдіру, баға беру. Пікір білдіру немесе баға беру белгілі бір білімге немесе аргументтерге негізделуі қажет. Бірақ ой еркіндігін, жеке өзіндік бағалауды анықтау үшін жеке пікір мен бағалауды қолдануға болады.

Кез келген оқылым тапсырмасы коммуникативтік мақсатты алға тартады. Автор белгілі бір жағдайды хабардар етуді, үгіттеуді, нақтылы пікір қалыптастыруды, әрекетке, іске бастауды көздейді. Автордың алдына қойған мақсаты әр түрлі әлеуметтік, идеологиялық, экстралингвистикалық факторларға негізделеді. Мысалы, газет тілшісі белгілі бір идеяны оқырманға жеткізу керек. Оны жай хабарламай, ой елегінен өткізіп, тілдік құралдарды іріктеп, шебер жеткізуге тырысады. Солай автор оқырманның сана сезіміне әсер ету арқылы өзінің коммуникативтік мақсаттарына қол жеткізеді. Медиамәтінде берілген ақпаратты түсіну, талдау, саралау, болжау, өзіндік біліммен салыстыру әрекеттерінің барлығы – коммуникациямен жүзеге асады. Медиамәтінді талдау барысында коммуникативтік мақсатты негізге ала отырып, шығармашылық-ізденіс технологиясының әдістерін қолдануға болады.

Нәтижелер және талқылау

Сауалнама 2021 оқу жылының күзгі семестінде өтті. Қатысушылар саны – 53 студент. Сауалнама сұрақтары мен нәтижелерін төмендегі кестеден көруге болады.

#	Сұрақтар	Пайыздық көрсеткіш
1)	Сіз достарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?	
A	Достарым әр түрлі ұлт өкілдері болғандықтан орыс, ағылшын тілінде сөйлесемін.	70 %
B	Қазақ достарымның арасында қазақша сөйлесемін, бірақ орыс тілін араластырамын.	20 %
C	Үйде де, көшеде де, достарыммен де қазақша сөйлесуге тырысамын.	10 %
2)	Қазақ тілінің іскерлік коммуникациясы дегенді қалай түсінесіз?	
A	Кәсіби, ғылыми, коммерциялық және бизнес саласында қазақ тілінде қолданылатын байланыс түрі.	60 %
B	Оқу орнында, қоғамдық орындарда қазақша қарым-қатынас жасай алу.	20 %
C	Орыс, ағылшын тілінің іскери әдебін білетін адам кез келген жерде іскери коммуникация жасай алады.	20 %
3)	Іскерлік коммуникацияны жетілдіру үшін БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) материалдарын оқу маңызды ма?	
A	БАҚ материалдары маңызды, себебі онда айтылған ақпаратты талдау арқылы коммуникация жақсарады.	35 %
B	Арнайы газет, журнал оқу маңызды емес, себебі әлеуметтік желі жақсы дамыған. Әлеуметтік желідегі ақпаратпен іскерлік коммуникацияны дамытуға болады.	30 %
C	Жаңалық тыңдап, пікірлесу қажет.	35 %
4)	Қазақ тілінде іскерлік коммуникация жасай алу үшін не қажет деп ойлайсыз?	
A	Қазақша қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық мәтіндерді талдау; іскери сұхбаттарды жүргізу; жаңалықтарды тыңдау.	65 %
B	Қазақша оқыған студент ешбір білімсіз-ақ іскери коммуникация жасай алады.	10 %
C	Орыс, ағылшын тілдерінің тәжірибелерін пайдалану керек.	25 %
5)	Сіз қандай газет, журнал оқисыз?	
A)	«Айқын», «Егеменді Қазақстан» газеттері	5 %
B)	«Ақиқат», «Жұлдыз», «Парасат» журналдары	0 %
C)	Орыс, ағылшын тіліндегі газет, журналдарды оқимын.	95 %

Сауалнамадан студенттердің коммуникациялық тілі-орыс, ағылшын тілдері екенін нақты көреміз. Екінші сұрақтан іскерлік коммуникацияның қолданысын студент түсінеді және оны жетілдіру үшін БАҚ материалдары мен жаңалықтарды тыңдаудың көмегі болатынын түсінеді. Төртінші, бесінші сұрақтардан қазақ БАҚ құралдарын пайдаланбайтынын көре аламыз. Олай

болса, іскери қазақ тілінде медиамәтінді талдау болашақ мамандарға қажет екенін байқауға болады.

Медиамәтінді шығармашылық-ізденіс технологиясымен талдау үшін жоғарыда аталған мәтінді түсіну кезеңдерін сақтай отырып, мынадай тапсырма түрлері ұсынылады:

Сөздер тізбегін пайдаланып, мәтіннің мазмұнын болжау, Сөзді немесе сөз тіркесінің мәнін түсіндіру сияқты ассоциациялық, инверсиялық әдісті пайдалануға болады. Келесі мәтіннің мазмұнын түсіну үшін мәтіндегі ақпараттың перефразаланған формаларымен берілген бірнеше сөйлемдерді көрсетіп, *Мәтіннің мазмұнына сай келетін тұжырымды белгілеу* немесе керісінше, Берілген тұжырымдарды дәлелдей алатын сөз тіркестерін жазу сияқты детальді талдаудың лабиринт әдістерін пайдалануға болады. Логикалық жүйені сақтау кезеңінде абзац аралық тапсырмаларды, мәтіннің құрылымдық бөлімдерімен байланысты тапсырмалар, мысалы, *Әр абзацтың негізгі идеясын анықтайтын тірек сөздерді белгілеу* тапсырмасын беруге болады. Медиамәтіндегі негізгі, қосымша, астарлы идеяны түсіну үшін 100 пайыздық толық мазмұнды, 70 пайызды жартылай мазмұнды, 40 пайызды жартылай мазмұнды беретін ақпараттарды пайдалана отырып, үш түрлі аннотация үлгісін беріп, *Мәтін мазмұнына сай келетін аннотацияны табу* тапсырмасын ұсына аламыз. Келесі бөлімде *Автордың пікірімен келісесіз бе? Өз пікіріңізді аргументтермен дәлелдеңіз* сияқты сөйлесім тапсырмасымен талдауды аяқтаймыз.

Қорытынды

Студенттер арасында жүргізілген сауалнама арқылы студентке қажет ақпаратты анықтап, соған сай сабақ барысында материал дайындауға тырыстық. Ал медиамәтінді талдау барысында шығармашылық-ізденіс әдістерін пайдаланудың нәтижесі студентте іздену, зерттеу, креативті ойлау, шығармашылық дағдылары қалыптастыратыны тәжірибеден байқалды. Іздену және ізденіспен оқыту процесі тек білім алуға бағытталмайды. Оның барысында студенттер жеке құзыреттерді дамытады:

- гипотезаны ұсыну және негіздеу, білімді өздігінен іздеуге үйренеді;
- ақпаратты талдау, синтездеу, модельдеу, жалпылауға үйренеді;
- рефлексиялық ойлау мәдениетін қалыптастырады;
- қызмет бағытын таңдау және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;
- талқылау, пікірталас мәдениетін қалыптастырады;
- оқу әрекеті процесінде эмоционалды және тұлғалық дамиды.

Оқу, оқыту процесі әрқашан дамып, жаңарып отыратын әрекет. Әр оқытудың бір қырын ашып, оқытуды түрлендіру арқылы студентті сабаққа қызықтырып отыру кез келген әдіскердің міндеті. Сондықтан әлеуметтік,

қоғамдық, экономикалық мәтіндерді оқу арқылы студенттің ақпараттық білімін ғана жетілдірмей, шығармашылық, ізденіс әлеуетін де дамытуды қатар алып жүруді дұрыс деп санаймыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Левитес, Д. Г.** Теория проблемного обучения. Педагогические технологии / Д. Г. Левитес [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://studref.com/665004/pedagogika/pedagogicheskie_tehnologii

2 **Тузинец, А.** Две концепции проблемного обучения // Вестник МГЛУ. Образование и педагогические науки. – №3 (836). – 2020. –134 б.

3 **Матюшкин, А. М.** Проблемное обучение. Прошлое, настоящее, будущее: монография / А. М. Матюшкин – Н. : Нижневартовск, 2019. –10 с.

4 **Ситаров, В. А.** Проблемное обучение как одно из направлений современных технологий обучения // Знание.Понимание.Умение. – №1. 2009. –148–155 с.

5 **Уралбаева, Ш. Қ., Рақымжанова, С. Қ., Маликова, А. М.** Тілдің философиялық мәні // Адам әлемі. – № 4 (90). – 2021. – 79 б.

6 **Солсо, Р.** Когнитивная психология – Питер : Изд-во СПб.: Питер, 2006. 589 – 593 с.

7 **Марков, С.** Метод инверсии или обращения как метод творческого решения проблем / С. Марков. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://geniusrevive.com/metod-inversii-ili-obrashheniya-kak-metod-tvorcheskogo-resheniya-problem>

8 **Кузнецов, И. Н.** Настольная книга практикующего педагога: учебное пособие – Москва: РОСБУХ, ГроссМедиа, 2008. – 544 с.

9 **Carie, P., Shirley, Sh.** Types of reading questions . –2021. [Electronic resource]. –Access mode: <https://www.gallaudet.edu/tutorial-and-instructional-programs/english-center/reading-english-as-second language/types-of-questions-and-tests/types-of-reading-questions>

10 **Mike, M.,** Smart Reading Comprehension: Strategies for the 6 QuestionTypes.[Electronic resource]. – Access mode: <https://magoosh.com/gmat/strategies-for-the-6-reading-comprehension-question-types>

Referenses

1 **Levites, D. G.** Teoriya problemnogo obucheniya.[Problem-Based Learning Theory] – Pedagogicheskie tehnologii/D. G. Levites [Electronic resource]. – Access mode: https://studref.com/665004/pedagogika/pedagogicheskie_tehnologii

2 **Tuzinek, A.** Dve koncepcii problemnogo obucheniya [Two Concepts of Problem-Based Learning] – Vestnik MGLU. Obrazovanie i pedagogicheskie nauki. – №3 (836). – 2020. –134 p.

3 **Matyushkin, A. M.** Problemnoe obuchenie. Proshloe, nastoyashhee, budushhee [Problem learning. Past, present, future] – monografiya / A. M. Matyushkin – N. : Nizhnevartovsk, 2019. – 10 p.

4 **Sitarov, V. A.** Problemnoe obuchenie kak odno iz napravlenij sovremenny`x texnologij obucheniya [Problem-based learning as one of the areas of modern learning technologies]–Znanie.Ponimanie.Umenie. – №1. 2009. –148–155 p.

5 **Uralbaeva, Sh. Q., Raqymzhanova, S. Q., Malikova, A. M.** Tildin filosofiyalyq mani[Philosophical meaning of language]– Adam alemi. – № 4 (90). – 2021. – 79 p.

6 **Solso, R.** Kognitivnaya psixologiya [Cognitive psychology] – Piter : Izd-vo SPb.: Pi-ter, 2006. 589 – 593 p.

7 **Markov, S.** Metod inversii ili obrashheniya kak metod tvorche-skogo resheniya problem/ [Method of inversion or reversal as a method of creative problem solving]. [Electronic resource]. –Access mode: <https://geniusrevive.com/metod-inversii-ili-obrashheniya-kak-metod-tvorcheskogo-resheniya-problem>

8 **Kuznecov, I. N.** Nastol`naya kniga praktikuyushhego pedagoga: uchebnoe posobie [Handbook of a practicing teacher: textbook] – Moscow: ROSBUX, GrossMedia, 2008. – 544 p.

9 **Carie, P., Shirley, Sh.** Types of reading questions [in English]. [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.gallaudet.edu/tutorial-and-instructional-programs/english-center/reading-english-as-second language/types-of-questions-and-tests/types-of-reading-questions>

10 **Mike, M.,** Smart Reading Comprehension: Strategies for the 6 QuestionTypes [in English]. [Electronic resource]. –Access mode: <https://magoosh.com/gmat/strategies-for-the-6-reading-comprehension-question-types>

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*А. Н. Сарбасова

Университет КИМЭП,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

ПУТИ АНАЛИЗА МЕДИАТЕКСТА С ПОМОЩЬЮ ПОИСКОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ

В статье рассматриваются пути анализа медиатекста с помощью поисковой технологии при изучении курса делового казахского языка. В статье определен ряд причин не полного понимания содержания текста, отсутствия умения его анализа, и четкого формулирования своего мнения студентами, окончившими школу с казахским языком обучения. В статье дается характеристика и цель курса делового казахского языка в высшем учебном заведении. Учитывая, что основным из путей совершенствования делового языка – является работа с текстами, подробно рассмотрены медиатексты, применяемые в ходе изучения курса, в том числе предлагается оригинальная система анализа медиатекстов. С целью определения решения проблемы анализа текста автор останавливается на видах текстов и этапах их познания и понимания. Кратко останавливается на исследовании поисковой технологии. Уточняются требования, предъявляемые в соответствии с применяемой технологией. Дается пояснение нескольким другим методам. Представленные практические задания анализа медиатекстов доказывают применение таких методов. В статье дается вывод о формируемых у студентов деловых навыков в ходе анализа медиатекстов.

Ключевые слова: медиатекст, деловой казахский язык, поисковая технология, метод инверсия, метод лабиринт, функциональное чтение.

*A. N. Sarbassova

KIMEP University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 08.09.22.

METHODS OF MEDIA TEXT ANALYSIS BY CREATIVE SEARCH TECHNOLOGY

The article discusses the ways of analyzing media texts in the course of business Kazakh language with the help of creative search technology. Some reasons are revealed why students that graduated from a Kazakh-language school cannot express their opinion, analyze media texts and understand the meaning. The purpose of the Kazakh business language course at a higher educational institution is described and explained. Considering that one of the ways to improve the business language is to work with texts, media texts used in the course are selected and a proprietary system for analyzing them is proposed. The text stops at the types of text and the stages of understanding to determine how to solve the analysis problem. The creative search research is briefly outlined, the requirements specified in accordance with the technology, and several methods explained. The use of methods in the course of media text analysis is confirmed by practical tasks. A conclusion is made about the business skills and competencies formed by the student.

Keywords: media texts, business Kazakh language, creative search technology, inversion method, labyrinth method, functional reading.

<https://doi.org/10.48081/SFMH7356>

***Б. М. Сүйеркүл¹, М. А. Уайханова²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

«ТӘРЖУМАНДАҒЫ» СОМАТИЗМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫМЫЗДАҒЫ КӨРІНІСІ

Қоғам өмірінің ажырамас бір бөлігі саналатын тілді адамзат тарихының айнасы деуге болады. Себебі тілдік бірліктер этнос дамуының әр кезеңіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды тап басып таңбалап отырады. Уақыт ағымына сәйкес қолданыстан шығып қалған көптеген заттар мен құбылыстарға қатысты ақпаратты олардың тілде сақталып қалған атауларынан білеміз. Әсіресе, күллі тіршілік иелерінің ішінен адам баласын ерекшеліп, «Кім?» деген сұрақты еңілеп берген түркі халықтарының жазба мұраларына назар аударсақ, көптеген қызықты мағлұмат аларымыз даусыз. Онда қатталған тілдік деректер қазіргі ғылымда басымдық беріліп отырған антропоэлекті парадигмаға сәйкес тілді оны қолданушы адамның өзін тану бағытында зерделеу тұрғысынан алғанда маңызды рөл атқарады.

Сөздік құрамының негізгі бөлігіне жататын соматизмдерді зерттеу тіл мамандары үшін ғана емес, медицина, физиология, психология, антропология, археология саласындағы ізденушілер үшін де маңызды. Себебі соматизмдердің қатысуымен жасалған түрлі фразеологиялық, паремиологиялық бірліктерде белгілі бір дәрежеде ұлттық менталитетіміз, сан ғасырлық тарихы бар дүниетанымымыз да көрініс табады. Сондай-ақ соматизмдер арқылы жасалған тұрақты тіркестерді тіліміздің байлығын танытатын деректер ретінде қарастыру мақала тақырыбының өзектілігін көрсетеді. Осымен байланысты автор орта ғасыр жазба ескерткіші «Китаб Тарджумандағы» соматизмдерді қазіргі қазақ тілі материалымен салыстыра зерттеуді мақсат еткен.

Мақалада жазба ескерткіште кездесетін соматизмдерге лексика-семантикалық сипаттама беріледі, олардың қазіргі қазақ тіліндегі нұсқалары, олардың қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер салыстырыла талданады.

Кілтті сөздер: Тәржұман, жазба ескерткіш, соматизм, фразеологизм, тұрақты тіркес.

Кіріспе

Жазба мұрағаттар тілі қазіргі әдеби тіліміздің іргетасы, қайнар бастауы десек, қателеспейміз. Орта ғасырлық әдеби жазба ескерткіштер мен сөздіктердегі тілдік материал қазіргі ауызша және жазбаша сөзжұмсамнан ерекшеленгенімен, олардың арасында сабақтастықтың бары айқын.

Жазба жәдігерліктер тілі мен қазақ тілінің сөздік құрамында айырмашылықтан ұқсастық басым, оған тарихи көркем мәтіндердегі бейнелеуіш-көркемдеуіш тәсілдер арқылы жасалған түрлі сөз оралымдарын қазіргі фразеологиялық-паремиологиялық қорымыздағы баламаларымен салыстырғанда көз жеткіземіз. Бұл туралы қазақ ғалымдары былай дейді:

«Ұлттың тарихын, тілін зерттеуде мол мағлұмат беретін жазба ескерткіштер ғана. Тіл тарихын зерттеу – ұлт тарихын зерттеу. Қыпшақ тілдерін зерттеу саласы, әдетте шығыстану ғылымында медиовистикада (орта ғасыр дәуірін зерттеу ғылымында) «қыпшақтану» деп аталады. Қыпшақтанудың басты бұлағы – тіл. Бабалары қыпшақ тілінде сөйлеген бүгінгі қазақтардың, оның ішінде тіл мамандарының басты міндеті қыпшақтану саласын өркендету. Орта түркі тілін қазақ тілімен сабақтастыра тарих қойнауынан бүгінге қарай зерделегенде, өзінің үздіксіз өзгеруімен бірге тұрақтылығын да сақтап отыратын тілдің даму диалектикасы айқын көрінеді. Өйтпеген жағдайда тілдің коммуникативтік қызметі жүзеге аса алмас еді... Тіл – халықтың мәңгі ажырамайтын бөлінбес бөлшегі, өзіне тиесілі меншігі. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға беріле отырып сақталатын, өсіп-көркейетін, еш уақытта жұтамайтын, жоғалмайтын халық қазынасы тіл екендігі жазба мұрағаттарды бүгінгі тірі тілдермен салыстыра зерттегенде анық байқалады» [1, б. 216].

Сондықтан орта ғасыр жазба ескерткіші «Китаб Тарджумандағы» соматизмдерді онымен дәуірлес әдеби мұралардағы сөз өрнектерімен және қазіргі қазақ тіліндегі балама нұсқаларымен салыстырамыз.

Материалдар мен әдістері

Зерттеуде жинақтау, саралау әдісімен қатар тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық, этнолингвистикалық, прагмалингвистикалық талдау әдістері қолданылады.

Тіл білімінде дене мүшелері атауларына байланысты көптеген зерттеулер жүргізіліп, ғылыми еңбектер жарық көрген. Академик Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде адамның түр-тұлғасы, бой-тұрқына қатысты атауларды жеке, дене кемістіктерін білдіретін сөздерді бөлек [2, б. 196-207], сондай-ақ дене мүшелері мен одан өсіп шығатын және бөлінетін заттарға дейін атын атап, түсін түстеп, жан жақты сипаттама берген [2, б. 393-418]. Ондағы санамаланған атаулардың басым бөлігі қазіргі кезде сөздік қордың пассив бөлігінде екені мәлім, сондықтан олардың мән-мағынасын бүгінгі тілдік ұжым мүшелерінің бәрі бірдей біле бермейді. Алайда тіліміздің дамуы тұрғысынан алғанда мұндай тілдік деректерді тарихи салыстырмалы зерттеу барысында қолданудың маңызы зор. Сондықтан көрнекті ғалымның бұл еңбегін тіліміздің жеті-сегіз ғасыр бұрынғы күй-қалпын анықтау үшін ұтымды пайдалануға тиіспіз.

Сондай-ақ дене мүшелері атауларына байланысты салғастырмалы зерттеулердің көбірек жүргізілгендігі назар аудартады. З. М. Хамизова кабарды-черкес тіліндегі «жүрек», «бас» және «жан» соматизмдерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық бірліктерді олардың ағылшын тіліндегі баламаларымен салғастыру арқылы екі халықтың дүниетанымындағы кейбір ұқсастықтар мен көптеген айырмашылықтарды анықтаған [3]. Р. О. Шейхова авар тіліндегі «бас» және «жүрек» соматизмдерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық бірліктерді орыс тіліндегі нұсқаларымен салғастыра зерттеген [4]. А. Г. Абрамова жүйесі бөлек орыс және чуваш тілдеріндегі «жүрек» және «көз» соматизмдерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін және когнитивтік моделін арнайы қарастырған [5]. А. Б. Нұржанова «Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды» деген еңбегінде қазақ тіліндегі ғалам бейнесін фразеологизмдерде қатталған мағына арқылы ашуға талаптанған [6].

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі түркі халықтарына ортақ мұра саналатын «Китабу маджму' тарджуман турки уә а'джами уә муғули уә фарси» ескерткішінде дене мүшелері туралы мағлұмат едәуір қамтылған. Еңбектің жазылған уақытына қатысты 1245 жылы 28 қаңтарда (кейбір деректерде 1343 ж.) аяқталғаны жөнінде дерек бар. Сөздік Хажы Мәуләнә Кемал әд-Диннің кітапханасына арналып жазылған. Еңбектің түпнұсқасы Голландиядағы Лейден академиялық кітапханасында (№517) сақтаулы [7]. 1970 ж. қазақ ғалымы Ә. Құрышжанов «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде М. Т. Хоутсманың зерттеуін басшылыққа ала отырып, сөздікті кешенді түрде зерттеп, орыс тіліне аударған [8]. Аталмыш еңбекті белгілі қыпшақтанушы

А. Н. Гаркавец арнайы зерттеген [9]. Көрнекті ғалым Р. Топарлы «Китаб Тарджуманды» қазіргі түрік тіліне аударып, ғылыми жұртшылыққа кеңінен танылуына үлкен үлес қосты [10].

Орта ғасыр жазба ескерткіштерінде кездесетін сөздердің басым бөлігі бүгінде дамып, толысып, белгілі бір жүйеге түсіп қалыптасқан қазақ тілінің сөздік құрамына кіреді. Сондықтан оларды қазіргі лексикамызбен сабақтастықта қарастырудың маңызы зор. Профессор Б. Сағындықұлының жетекшілігімен жүргізілген зерттеу нәтижесінде жарық көрген ұжымдық монографияда V-XV ғасыр аралығындағы бірқатар түркі-қыпшақ ескерткіштерінен терілген мысалдар беріліп, олардың қай жазба мұраға тән екендігі көрсетілген. Авторлар «Қазақ тіліне ешқандай дыбыстық өзгеріске ұшырамай жеткен байырғы сөздерді өз ішінен екіге бөледі: а) қазақ тіліндегі сөздермен сыртқы пішіні де, мағынасы да сәйкес келетін сөздер; ә) сыртқы пішіні сәйкес келгенімен, ішкі мазмұн-мағынасы өзгеріске түскен сөздер [1, б. 124].

Ескерткіштерде ең көп қолданылған сөздер – зат есімдердің лексика-семантикалық өрісі өте кең. Қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда тұлғалық жағынан да, мағынасы жағынан да толық сәйкес келетін зат есімдердің көбірек сақталған түрінің бірі – *адамның дене мүшелеріне байланысты атаулар*. Мұндай атаулардың жалпы саны – 27. Бір ғана дене мүшелеріне қатысты осыншалық атаудың қазіргі қазақ тілімен толық сәйкес келуінің өзі сонау көне замандардың өзінде-ақ тіліміздің ірге тасы қаланғандығының, қалыптаса бастағандығының айғағы» деген тұжырымға келген [1, б. 126]. Сонымен көне дәуірлерден қазіргі заманға дейін ешбір өзгеріссіз жеткен соматизмдерге назар аударайық:

«Адамның дене мүшелеріне байланысты атаулар: *Айа* (алақан) МК; *айақ* Таф.І, ЫХ, Атт; *арқа* ДТД, Орх, МК, ХШ, НФ, Г, Таф.І; *бас/баиш* ДТД, СДЕ, Орх, Е,Т; *бармақ* ҚБ, МК, Г, НФ, ХШ, Таф.І; *бел* ДТД, Эл, МК, Таф.І, КК; *көз* ДТД, БҚ, ҚБ, МК, ЫХ, ХШ, Таф.І, НФ, Мн, Г; *қабак* НФ, КК; *қазы* МК; *қан* ДТД, Орх, Е, Т, МК, ҚБ, ЫХ, Атт, ХШ, НФ, Мн, Г, КК, Таф.І; *қар* ДТД, Т, МК, ЫХ; *қарақ* Мн, ХШ; *қарын* ҚБ, МК, Г, ХШ, НФ, Таф.І, Атт; *қол* ДТД, Е, ҚБ, МК, ЫХ, НФ, ХШ, Таф.І, Атт; *қолтық* МК; *мең* МК, ЫХ, Мн, ХШ, Таф.І; *өт* МК, НФ, ХШ; *сақал* ҚБ, Г, НФ, Таф.І; *сан* ЫХ; *сіңір* Таф.І; [1, б. 126].

Ұжымдық монографияда келтірілген бұл соматизмдер түгелге жуық «Китаб Тарджуман...» жазба ескерткішінде де кездеседі. Бұл жәдігерлікте орта ғасырлардағы қыпшақ тілінің лексикалық құрамы «есімдер/атаулар» және «етістіктер» деп үлкен екі топқа бөлінген. Сөздіктің есімдерге арналған бірінші бөлімі едәуір көлемді болып саналады және жоғарыда айтылғандай лексика-семантикалық мағынасына қарай 26 бөлімге жіктелген атаулардан тұрады. Екінші бөлім араб әліпбиінің ретімен берілген етістіктерден тұрады.

Сондықтан сөздіктің бірінші бөлімі *тақырыптық топтар* бойынша жүйеленген, ал екіншісі *әліпби ретімен* бөлінген деуге болады. Екі бөлімде де араб сөздері түркі тіліндегі нұсқасынан бұрын келеді. Тек жалқы есімдерге арналған 22-бөлімде ғана керісінше, түркі сөздері араб тіліндегі нұсқасынан бұрын жазылған.

Біз талдағалы отырған дене мүшелері атаулары сөздіктің он алтыншы бөлімінде ұсынылған. Іштей – *адамның сыртқы келбеті және ішкі, сыртқы мүшелері* туралы бөлімшелерге жіктеледі. Онда орта ғасырларда түркі тілдерінде белсенді қолданылған 89 соматизм берілген. Оның 69-ын автор сыртқы органдар, яғни көзге көрінетін дене мүшелерінің атаулары деп түсіндіреді:

Ағыз – زُغ – ауыз; *адсыз бармақ* – زُیْسُذَا قَحْرَب – атсыз /аты жоқ/ саусак; *адым* – مَدَا – адым. Нақтылай кетер болсақ, қазіргі сөзжұмсамда бұл лексема дене мүшесінің (аяқ) емес, ол арқылы жасалатын қимыл-әрекетке қатысты өлшем атауын білдіреді. Қазіргі тілімізде оның «қадам, қадым» деген нұсқалары да белсенді қолданылады; *Азығ* – اُغِيْزَا – азу тіс; *айа* – اَيَا – алақан. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде дербес жұмсалмайды, негізінен «алақанның аясы», «алақанына салып, аялап отыр» сияқты тұрақты тіркестердің құрамында қолданылады. Яғни лексеманың атау ретіндегі семантикалық шеңбері біршама тарылған, бірақ «-ла» жұрнағы арқылы одан жасалған етістік сөздік қорымызда белсенді жұмсалады. Тіпті осы түбірдің қатысуымен жасалған антропонимдердің де жиі кездесетіні назар аудартады: Аяжан, Аябек; *айақ* – اَيَا – аяқ /айақ/; *алын* – اَلَا – маңдай. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде қолданыста жоқ, орта ғасырларда ол білдірген мағына қазіргі әдеби тілімізде «маңдай» лексемасына артылған. Еліміздің кейбір аймақтарында оның «маңлай» деген фонетикалық варианты белсенді жұмсалады. Бұл нұсқаны да диахронды тіл білімі тұрғысынан жаңа сөздер қатарына жатқыза алмаймыз. Себебі ол «Тәржұманмен» дәуірлес «Кодекс Куманикус» пен «Китаб Ат-тухфада» да кездеседі:

Маңлай КК – маңдай. л~д. [11, б. 273]; **Маңлайы** Атт. – маңдай (Атт. 10612) л~д. [11, б. 318].

Аишақ – اِيْشَا – сіңір; *әйін* – اَيْنَا, әгін – اَيْنَا, *омуз* – زُوْمُ – иық / иін; *балтыр* – رَطْلَب – балтыр; *бармақ* – قَحْرَب – бармақ / саусак. Қазіргі қазақ тілінде бұл соматизмнің мағыналық шеңбері тарылған, ол қолдағы бес саусақтың біріншісін ғана білдіреді: *бас бармақ*. Ал орта ғасырларда оның жалпы «саусак» мағынасында жұмсалғанын «Түркіше Гүлістан», «Жұмаққа жол» және «Хұсрау мен Шырын» шығармаларынан көреміз:

Бармақ Г, НФ, ХШ – бармақ, саусак.

Тең әрмәз елдә он бармақ бил аны. Қолдағы он саусак бірдей емес, біл оны (ХШ 3669) [11, б. 257]. Бұл үзіндінің баламасын қазіргі паремиологиялық

қорымыздағы «Бес саусак бірдей емес» деген мәтелден көреміз. Осы тұста бала кезімізде естіген мына аңызға тоқтала кетуді жөн санадық:

Бес саусақ әуел баста бойлары бірдей бес адам болған деседі. Бір күні олардың басшысы «ұрлық қылайық» деп ұсыныс жасайды. «Қылсақ, қалайық!» деп екіншісі оны қостай кетеді. Иманы бар үшіншісі «Құдайды қайтеміз?» деп қорқынышын білдіреді. «Құдай бізді қайтер дейсің?» деп төртіншісі немқұрайдылық танытады... «Құдайдың ала танасын ұрлайық!» деп бесіншісі сып ете қалады. Мұның барлығын «естіп, біліп, көріп отырған» Жаратушы оларды бір сәтте тәубесіне түсіріпті, яғни әрқайсысының бойын ойына, ниетіне сай қысқартып тастапты...

Сөйтіп, қасындағы жолдастарын жаман әрекетке итермелеп, ұрлыққа бастамақ болған біріншісін ең қысқа қалыпқа түсіріп, өзгелерінен оқшаулапты. Бастаманың байыбына бармай, сабырсыздық танытып, оны қостай жөнелген екіншісінің бойын біршама қысқартыпты. Жасаған иесін ойлап, байыптылық танытқан үшіншісіне разы болғандықтан, бойына тиіспей, жан-жағындағыларды бақылап, бағдарлай алатындай етіп, ортаға орналастырыпты. Ұрлық жасаған күнде де Құдайдың мейіріміне үміт артып, күнәсі кешірілетініне сеніп тұрған төртіншісінің бойы да біршама қысқартылыпты. Ал бәрін естіп, біле тұра, Жаратушының қақысына кірмек болған сорақылығы үшін бесіншісінің бойын ең төмен қалыпқа түсіріпті. Осылайша бес адамның иманы мен пендешілігі бес түрлі деңгейде болатындығы туралы мифтік санамыздағы түсінік тілдік санамызда «Бес саусак бірдей емес» деген мәтелмен түйінделген екен.

Дана бабаларымыз оңы мен солын танып үлгермеген жас баланы жаман қылықтан, адамшылыққа жат әрекеттен тыю мақсатымен жоғарыдаа баяндалған аңызды сәбидің басынан сипап, қолынан ұстап, бес саусағын санай отырып айтып беретіні тіпті тамаша, дидактикалық мәні зор әдіс деуге болады. Міне, көрнекілік, міне, көрегендік!

Ілгеріде әжелеріміз бәрімізге етене таныс «Қуыр, қуыр, қуырмаш...» пен «Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек...» деп басталатын санамақтан кейінгі кезекте осы аңызды айтып, балаға жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажыратудың ең қарапайым тәсілін қолданған сыңайлы. Бұл жердегі ең маңызды нәрсе «қандай да бір әрекетті былай қойғанда, адам баласы жүзеге асырмаса да, әрбір ойы мен ниетіне сай, я сауабын, я жазасын алады» деген тұжырым болса керек.

«Тәржұманда» *бармақ* – قَحْرَب – *бармақ* лексемасы улу *бармақ* – اَلَا – *бас бармақ*, *суқ бармақ* – قَحْرَب قَس – *суқ саусак*, *орта бармақ* – اَنْتَرَا – *ортаңғы саусак*, *адсыз бармақ* – زُیْسُذَا قَحْرَب – *тіркестерінің құрамында кездеседі. Ал шынашақ* атауы *чықанақ* – قَانَا قِيْچ – *чычалақ* – قَالَا قِيْچ – нұсқаларында берілген екен.

баиш – شائب – бас; *боғаз* – زَاغَب – бұғақ; *боғун* – نُوْب – буын; *бойун* – نُوْب – мойын; *бойы* – يُوْب – бой, сұлба; *бурун* – نُوْب – мұрын; *бут* – طَب – бұт / бөксе; *быйық* – قِيْب – мұрт / мыйық; *білек* – كَلَب – қары; *қары* – يَرْق – қары / қолдың қары; дөс – شَوْد – төс; *дұдақ* – قُدُوْد – ерін; *ерін* – نَرَا – ерін; *ел* – لِيَا – қол; *емшек* – كُجْجَا – емшек / омырау; *еңсе* – اَسْكِنَا – еңсе, желке [10].

«Қазақ тілінің шығу тарихы» атты ұжымдық монографияда да «еңсе» сөзінің «Кодек Куманикуста» дәл осы «желке» мағынасында жұмсалатыны туралы дерек келтірілген:

Еңсе КК – еңсе, желке [11, б. 246].

Ал қазіргі тілімізде бұл сөздің «желке» деген мағынасы мүлдем ұмытылған, алайда «*еңсесіне мінді*» деген тұрақты тіркес құрамында бұл сөзді «желке» лексемасымен алмастыруға, яғни синоним ретінде қарастыруға болады деп ойлаймыз:

Еңсесіне мінді. *Мойындатты, жеңді.* Еңсең әлі-ақ бір күн *мінеді* – елу, Қазанның қара түнек бұлтындай-ақ (О. Шораяқов, Шайыр) [12, б. 321].

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «еңсе» сөзінің үш мағынасы берілген:

ЕҢСЕ зат есім. 1. *Тұла бойы, дене, тұлға*; 2. *Тұрық, бой*; 3. *Өңір, аймақ*. [12, б. 319].

Жалпы қазіргі сөзжұмсамда «еңсе» сөзі атау тұлғасында дербес лексема ретінде сирек, ал ақын-жазушылар шығармаларында біршама жиірек жұмсалатыны байқалады. Сөздікте «еңсе» сөзінің қатысуымен жасалған мынадай тұрақты қолданыстар қамтылған:

Ел еңсесі көтерілді. *Ел-жұрт есін жиды, қалпына келді, тұрмыс-тіршілігін түзеді; Еңсе бермеді. Жігерін жасытпады, ұнжырғасы түспеді, мойымады; Еңсе көтерді. Бой түзеді, іргесі қаланды; Еңсенді биік ұста. Мойыма, өзіңді өзің қолыңа ал, уайымға салынба; Еңсесі биік. Тұрқы жоғары, озық; Еңсесі биік боз орда. Ауыз әдебиетінде хан, сұлтанның үй-жайы (байтағы) туралы айтылады... т.б.* [12, б. 319-321].

Сонымен, қазіргі кезде «еңсе» сөзінің атау ретінде семантикалық шеңбері біршама тарылғаны, бірақ фразеологиялық қорымызда белсенді жұмсалатыны байқалады. Мұны БАҚ мәтіндерінен де көруге болады:

«Қалай айтсақ та, ерке Есілдің жағасынан орын тепкен елордамыздың бүгінгі кескін-келбеті мен әлем алдындағы атақ-абыройы кез келген қазақстандық үшін мақтан етерлік жайт. Бұрынғы ата-бабаларымыздың жырларындағы «Еңсесі биік Ақ Орда» теңеуі бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласына қай жағынан алып қарасақ та, әбден лайық...» дейді Е. Жүсіпов «Еңсесі биік Елорда – татулық бесігі» атты мақаласында [13]. Сайт материалының тақырыпаты батыр бабамыз Махамбеттің «*Еңсесі биік боз орда*, Еріксіз кірсем деп едім» деген өлең жолының үлгісімен перифразаланғанын көреміз.

«Китаб Тарджумандағы» соматизмдерге қайта оралайық: *йағрын* – نَرْغِي – жауырын; *йан* – نَانِي – жаны; *йаңақ* – قَاكِي – жақ; *йұжа* – اَجُوِي – арқа; *арқа* – اَقْرَا – арқа, жон арқа; *йүз* – زِي – жүз; *йурмақ* – قَمَزِي – жұдырық; *йүнчүк* – كُوچُنِي – аяқтың алдыңғы жағы; *көбек/гөбек* – كُتْبُوك – кіндік; *кіндік* – كُيْدُنْК – кіндік; *көз* – كُي – көз; *көз қапақы* – كُي_قِي_К – көз қабағы / қабақ; *кірпік* – كُي_П_К – кірпік; *кіші* – كُي_ش_К – кісі; *қарын* – نَرْق – қарын; *қарыш* – ش_ر_ق – қарыс; *қаш* – ش_اق – қас; *қол* – لُي – қол; *қолтуқ* – قُت_لُи – қолтық; *қулағ* – عُ_لُи – құлақ; *қулач* – قُч_л_и – құшақ / құлаш т.б. [10].

Сөздікте 20 сөз ішкі органдар атауы ретінде бөлек ұсынылған: *бағыр* – ر_غ_и – бауыр; *бағырсақ* – ق_اس_ر_غ_и – ішек, ішек-қарын; *бейн* – ن_ي_и – ми / мый; *бүрек* – ك_ر_ك_и – бүйрек; *сүмук* – ك_و_م_и – мұрын шырышы; *йар* – ر_и – сілекей; *йүрек* – ك_ر_و_и – жүрек (автор мұны адам сезінетін жүрек деп түсіндіреді); *кеуде* – ا_د_و_и – кеуде; *көкрек* – ك_ا_р_к_и – көкірек; *көңіл* – ل_و_к_и – көңіл (адам сезінбейтін жүрек / сезімдер); *қан* – ن_а_и – қан; *қарын* – ن_р_и – қарын; *өйкән* – ن_а_к_и_а, *өпкә* – ا_к_и_п_а – өкпе; *өк* – ل_о_и – ой; *өт* – ت_о_и – өт; *сұңуқ* – ك_о_л_и_о_и – сүйек; *сіңір* – ر_и_и_и – сіңір; *талақ* – ق_и_л_и – талақ; *тамар* – ر_а_м_и – тамыр; *тер* – ر_и – тер [10].

«Китаб Тарджуман...» ескерткішінде кездесетін соматизмдердің басым бөлігі, аздаған дыбыстық айырмашылықтарымен қазіргі түркі тілдерінде жұмсалады. Бұған Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі, сондай-ақ туыс түркі тілдерінің сөздіктеріндегі нұсқалары дәлел бола алады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің AP08855781 гранты есебінен қаржыландырылды.

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда айтылғандар негізінде мынадай тұжырым жасауға болады:

Тілдің сөздік қоры үнемі толығып, жаңарып отыратыны сияқты, кейбір атаулардың қолданыстан шығып, архаизмдер қатарына енуі де – даму заңдылығы. Заман ағымына сай көнерген сөздердің көпшілігі этнос жадынан мүлдем өшіп кетпейді, белгілі бір фразеологизмдер құрамында сақталады. Осындай тұрақты қолданыстар арқылы сандаған ғасыр бұрын өмір сүрген бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігін, жалпы өзін тануы мен айналасын зерделеу ерекшеліктерін болжамдап білуге, аялық білімін қалпына келтіруге болады. Ол үшін жазба ескерткіштер материалына жүгінудің маңызы зор.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика: Ұжымдық монография [Мәтін] / Жалпы ред. басқарған Б. Сағындықұлы. – 1-ші том, 1-ші кітап. – Алматы : «Алдонғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. – 236 б.
- 2 **Қайдар, Ә.** Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам [Мәтін]. – Т.1. – Алматы : Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.
- 3 **Хамизова, З. М.** Фразеологические единицы с компонентами «сердце», «голова», «душа» в кабардино-черкесском и английском языках (сопоставительный анализ): дис. на соиск. степ. канд. филол. наук: 10.02.02, 10.02.20 [Текст]. – М., 2007. – 147 с.
- 4 **Шейхова, Р. О.** Соматические фразеологические единицы с компонентами «голова» и «сердце» аварского языка в сопоставлении с русским (На материале бухнадинского говора анцухского диалекта): дис. на соиск. степ. канд. филол. наук: 10.02.20 [Текст]. – Махачкала, 2004. – 179 с.
- 5 **Абрамова, А. Г.** Фразеологические единицы с компонентами-соматизмами в разнотипных языках (На материале русского и чувашского языков): дис. на соиск. степ. канд. филол. наук: 10.02.20 [Текст]. – Чебоксары, 2005 – 181 с.
- 6 **Нұржанова, А. Б.** Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02 [Мәтін]. – Астана, 2010. – 25 б.
- 7 Houtsma, M. Th. Ein türkisch-arabisches Glossar [Text]. – Leiden : Brill, 1894. – 114 p.
- 8 **Курышжанов, А. К.** Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабский словарь» [Текст]. – Алма-Ата, 1970. – 234 с.
- 9 **Гаркавец, А. Н.** Kitab-i Madzhmu'-i Tardzhuman-i Turki va 'Adzhami va Mughali va Farsi. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О. О. Туякбаева [Текст]. – Алматы : Баур, 2019. – 600 с.
- 10 **Toparlı, R.** Kitāb-ı Mecmū'ı Tercümân-ı Türkî ve 'Acemî ve Muğalî [Text]. – Ankara : Türk Dil Kurumu, 2000. – 165 p.
- 11 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика: Ұжымдық монография [Мәтін] / Жалпы ред. басқарған Б. Сағындықұлы. – 1-ші том, 2-ші кітап. – Алматы : «Алдонғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. – 348 б.
- 12 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық [Мәтін]. – 5-ші том. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 13 **Жүсіпов, Е.** Еңсесі биік Елорда – татулық бесігі [Электронды ресурс]. – Қатынау режимі: <https://muslim.kz/article/ensesi-biik-elorda-tatulyq-besigi>

References

- 1 Qazaq tilinin shygu tarihy: Fonetika: Uzhyndyq monografia [History of the Kazakh language: Phonetics: Collective monograph] [Text] / B. Sagyndyquly. – Vol. 1, Issue 1. – Almaty : «Aldongar» Fund of Culture Development, 2013. – 236 p.
- 2 **Qaydar, A.** Qazaqtar ana tili aleminde (ethnolingvistikalıyq sozdik) Adam [Kazakhs in the world of the native language (ethnolinguistic dictionary). Human] [Text]. – Vol.1. – Almaty : Daik-Press, 2009. – 784 p.
- 3 **Khamizova, Z. M.** Frazеologicheskiye yedinitıy s komponentami «serdtse», «golova», «dusha» v kabardino-cherkesskom i angliyskom yazykakh (sopostavitel'nyy analiz): dis. na soisk. step. kand. filol. nauk: 10.02.02, 10.02.20 [Phraseological units with the components «heart», «head», «soul» in the Kabardino-Circassian and English languages (comparative analysis): dissertation for the degree of Cand. of Philol. Sci.: 10.02.02, 10.02.20] [Text]. – Moscow, 2007. – 147 p.
